

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 241-VI ҚРЗ.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж.,

№ 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 15, 55-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 50-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 42-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында мемлекеттік тіркелуге жатады.

Мемлекеттік тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

2) 50-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына не "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына, тіркелген жеріндегі мемлекеттік кіріс органына дереу жазбаша түрде немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, интернет-ресурс арқылы хабарлауға міндетті.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамына енгізілген кепілге салынған мүлікті жария сауда-саттықта сату кезінде кепілді кредиторлардың талаптары кепілге салынған мүлікті өткізуден алынған сома шегінде басқа кредиторлардың алдында артықшылықпен қанағаттандырылады.

Кепіл нысанын өткізуден түскен сома жеткіліксіз болған жағдайда, кепілді кредитор талаптарының қалған сомасы осы Кодекстің 51-бабында белгіленген кезектілік тәртібімен қанағаттандырылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тарату комиссиясы таратылатын заңды тұлғаның кредиторларына ақша төлеуді аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап, соған сәйкес, осы Кодекстің 51-бабында белгіленген кезектілік тәртібімен жүргізеді. Акционерлік қоғамдардың мүлкін бөлу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында белгіленеді.

Таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамында кепілге салынған мүлік болған кезде кепілді кредитор өз талаптарын кепілге салынған мүлікті заттай қабылдау арқылы қанағаттандыруға құқылы.

Тарату комиссиясы кепілді кредитордан кепілге салынған мүлікті заттай қабылдайтыны туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мүлікке бағалау жүргізеді.

Кепілге салынған мүлікті кепілді кредиторға беру осы тармақтың бесінші және алтыншы бөліктерінде көзделген талаптар ескеріле отырып, бағалау жүргізілгеннен кейін жүргізіледі.

Егер кепілге салынған мүліктің кепіл нысанасын бағалауға жұмсалған шығыстар шегерілгендегі бағалау құны кепілді кредитордың талаптарынан көп болған жағдайда, онда кепілді кредитор осы айырманы таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамына қайтарады.

Егер кепілге салынған мүліктің кепіл нысанасын бағалауға жұмсалған шығыстар шегерілгендегі бағалау құны кепілді кредитордың талаптарынан аз болған жағдайда, кепілді кредитордың айырма мөлшеріндегі талаптары осы Кодекстің 51-бабында белгіленген кезектілік тәртібімен қанағаттандырылуға жатады.";

3) 51-баптың 1-тармағының 3) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) үшінші кезекте – ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқықтарының кепілімен (ипотекалық куәліктер кепілін қоса алғанда) қамтамасыз етілген ипотекалық облигацияларды ұстаушыларда оларға меншік құқығы туындаған немесе оларға мәмілелер бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша ауысқан жағдайларда, кредиторлардың – көрсетілген облигацияларды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын ұстаушылардың талаптарын, сондай-ақ кредиторлардың осы Кодекстің 50-бабы 5-тармағының екінші бөлігіне немесе 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес қанағаттандырылған талаптарын қоспағанда, кредиторлардың таратылатын банкрот мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелері жөніндегі талаптары қамтамасыз ету сомасы шегінде қанағаттандырылады;"

"5) бесінші кезекте – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес басқа кредиторлармен, сондай-ақ осы Кодекстің 50-бабы 5-тармағының үшінші бөлігінде және 6-тармағының алтыншы бөлігінде көзделген жағдайларда кепілді кредиторлармен есеп айырысу жүргізіледі.";

4) 327-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тараптардың келісімі бойынша кепіл туралы шартта айналымдағы тауарлардың жалпы құны кепіл туралы шартта көрсетілген құннан кем болмауға тиіс деген талап көзделуі мүмкін.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, айналымдағы кепілге салынған тауарлар құнын кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің орындалған бөлігіне мөлшерлес кемітуге жол беріледі."

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж.,

№ 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117, 119-құжаттар; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-I, 49-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 483-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Абонентте Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен энергия беруші ұйымның желілеріне жалғанған қажетті жабдық болған кезде энергиямен жабдықтаушы ұйым онымен энергиямен жабдықтау шартын жасасады.

2. Абонент жалғанған желіге алғаш рет іс жүзінде белгіленген тәртіппен қосылған кезден бастап шарт жасалған болып есептеледі.

Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, мұндай шарт белгіленбеген мерзімге жасалды деп есептеледі және осы Кодекстің 490-бабында көзделген негіздер бойынша өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.";

2) 940-баптың 3-тармағындағы "елу сегіз жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастан асқан ер адамдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған адамдарға" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; №

17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115, 117-құжаттар; № 21-I, 124, 126-құжаттар; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 56-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 10, 79-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 4, 7-құжат; № 12, 34-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат):

1) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-9) және 2-10) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-9) жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға берудің) үлгілік шартын әзірлеу және бекіту;

2-10) жер учаскесін сатып алудың-сатудың үлгілік шартын әзірлеу және бекіту;"

2) 48-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

5-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) осы Кодекстің 71-бабына сәйкес құрылыс салу мақсаты үшін бұрын жеке және заңды тұлғалар іздестіру жұмыстарын жүргізген аумақта ғимараттар (құрылыстар, құрылысжайлар) және олардың инженерлік-коммуникациялық желілерін салу үшін, егер олар егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес жоспарланатын құрылыс шеңберінде бұрын үшінші тұлғаларға тиесілі болған жер учаскелеріне құқықтарды сатып алған жағдайда жеке және заңды тұлғаларға;"

мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

"5-2) өздеріне меншік және жер пайдалану құқығымен тиесілі жер учаскелеріне инженерлік-коммуникациялық желілер мен жүйелерді салу үшін жеке және заңды тұлғаларға;"

3) 92-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Жер учаскесі еңсерілмейтін күштің салдарынан мақсаты бойынша пайдаланыла алмайтын уақыт жер учаскесі мақсаты бойынша пайдаланылмайтын, осы баптың 2 және 3-тармақтарында көзделген кезеңдерге кірмейді."

4. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84

-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-I, 141-құжат; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 56, 57-құжаттар; № 8-II, 71, 72-құжаттар; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 7, 14-құжат; № 9, 17-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат):

1) 17-бап мынадай мазмұндағы 26-3) тармақшамен толықтырылсын:

"26-3) эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін, оның ішінде атмосфераға ластаушы заттарды шығарудың жылжымалы көздері үшін әзірлейді және бекітеді,";

2) 26-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді және ол кешенді экологиялық рұқсаттардың негізі болып табылады.

3. Атмосфераға ластаушы заттарды шығарудың жылжымалы көздері үшін эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

3) 40-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоршаған ортаға әсерін бағалау жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызмет бағалаудың маңыздылығы мен толымдылығы бойынша I, II, III, IV болып – 4 санатқа бөлінеді.

I санатқа өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 1 және 2-сыныптарына жататын қызмет түрлері, жоғарыда көрсетілген қауіптілік сыныптарының қызмет түрлерінен сарқынды суларды (су объектілеріне, жергілікті жердің рельефіне, жинақтауыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға, тазарту құрылысжайларына) ағызу, сондай-ақ кең таралғандарынан басқа, пайдалы қазбаларды барлау және өндіру жатады.

II санатқа өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 3-сыныбына жататын қызмет түрлері, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жатады.

III санатқа өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 4-сыныбына жататын қызмет түрлері жатады.

IV санатқа өндірістік объектілерді санитариялық сыныптауға сәйкес қауіптіліктің 5-сыныбына жататын қызмет түрлері жатады."

5. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; № 19-I, 100-құжат; № 19-II, 106-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 121, 124-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-II, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 119-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 6, 11-құжат; № 9, 18-құжат; № 10, 23-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51-құжат; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 1, 2-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 12, 39-құжат; № 14, 42-құжат; № 15, 47, 50-құжаттар; № 16, 55-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 22-баптың 2-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацы ", жер қойнауын пайдалануға баламалы салық" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 51-баптың 1-тармағының 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;"

3) 52-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және

филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;"

4) 53-баптың 1-тармағы 8) тармақшасының жиырма тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;"

5) 89-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет ақшаларын есепке жатқызу және оларды шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеуге пайдалану үшін сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға екінші деңгейдегі банкте валюталар түрлері бойынша ашылатын шетел валютасындағы шот."

6. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-I, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 141, 143-құжаттар; № 22-II, 144, 145, 148-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 152, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-I, 166, 169-құжаттар; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 9-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-I, 49, 50-құжаттар; № 7-II, 53, 57-құжаттар; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 66, 67, 68, 70, 72-құжаттар; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126, 131-құжаттар; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 9, 17, 18, 21, 22-құжаттар; № 12, 34-құжат; № 14, 49, 50, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 114, 115-құжаттар; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 9, 27-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 36, 37-құжаттар; № 12, 39-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 16, 53-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

22-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"22-тарау. Өсімдіктерді қорғау мен өсімдіктер карантині, астық нарығы мен астықты сақтау, мақта саласы, тұқым шаруашылығы және мемлекеттік

ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау, асыл тұқымды мал шаруашылығы, органикалық өнім өндіру, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар";

405-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"405-бап. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру кезінде шекті сауда үстемесін сақтамау";

2) 202-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"202-бап. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына жол берілетін шекті бөлшек сауда бағаларын мөлшерінен асыру

1. Ішкі сауда субъектілерінің Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына жол берілетін шекті бөлшек сауда бағаларын мөлшерінен асыруы –

бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет –

екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

3) 230-баптың жетінші бөлігі алып тасталсын;

4) 268-бапта:

төртінші бөлік алып тасталсын;

он бірінші бөліктегі "есептіліктің күнделікті" деген сөздер "есептілік" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 284-бап мынадай мазмұндағы он тоғызыншы және жиырмамыншы бөліктермен толықтырылсын:

"19. Фискальдық деректер операторының деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарынан тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді қабылдау, сақтау, сондай-ақ оларды мемлекеттік кіріс органдарына беру тәртібін бұзуы –

ескерту жасауға алып келеді.

20. Осы баптың он тоғызыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет –

фискальдық деректер операторына бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

6) 22-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"22-тарау. Өсімдіктерді қорғау мен өсімдіктер карантині, астық нарығы мен астықты сақтау, мақта саласы, тұқым шаруашылығы және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау, асыл тұқымды мал шаруашылығы, органикалық өнім өндіру, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік

тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар";

7) 405-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"405-бап. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру кезінде шекті сауда үстемесін сақтамау

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру кезінде шекті сауда үстемесін сақтамау –

заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.";

8) 684-баптың бірінші бөлігіндегі "405 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

9) 724-баптың бірінші бөлігіндегі "230 (бірінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде)" деген сөздер "230 (бірінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 729-баптың бірінші бөлігіндегі "405 (екінші бөлігінде)" деген сөздер "405" деген цифрлармен ауыстырылсын;

11) 804-баптың бірінші бөлігінің 47) тармақшасындағы "405 (бірінші бөлігі)," деген сөздер алып тасталсын.

7. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-II, 20-III, 112-құжат; 2016 ж., № 1, 4-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 62, 65-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; № 24, 124, 126-құжаттар; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 14, 50, 51-құжаттар; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 46, 49, 50-құжаттар; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында 238-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"238-бап. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру";

2) 52-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (тіркеуші орган) жүзеге асырады.";

3) 102-баптың 2-тармағының 1), 3), 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері бойынша тергеп-тексеру жүргізетін органмен өзара іс-қимыл жасайды;"

"3) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жұмысын үйлестіреді;

4) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері бойынша ұсыныстарды қалыптастырады және Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен келіседі;

5) арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлейді;"

4) 112-1-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы тараудың ережелері салық, кеден, қаржы саясаты, статистикалық қызмет саласында бар, сондай-ақ бір реттеу субъектісіне қолданылатын ақпараттық құралдарға қолданылмайды.";

5) 124-5-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган баға белгілеу тәртібінің және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі міндеттерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасасады.";

6) 124-6-бап мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды:

шекті бағаларда ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының орындалмауына;

шекті бағаларда ескерілген, электр энергиясын, тауарлық газды сатып алуға және (немесе) беруге арналған қаражаттың пайдаланылмауына;

шекті бағаларда ескерілген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), оның ішінде жекелеген тұтынушылар топтарының тұтыну көлемдерінің асып кетуіне;

табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісілген, тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағадан асып кетуге байланысты алынған кіріс мөлшерінде төмендетеді;"

7) 124-7-баптың 3-тармағы "осы Кодексте" деген сөздерден кейін "және қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларында" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 124-8-бапта:

1) тармақшада:

төртінші және бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"жарты жылдың, жылдың қорытындылары бойынша, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша, шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның орындалғаны не орындалмағаны туралы ақпаратты ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 тамызынан және келесі күнтізбелік жылдың 1 мамырынан кешіктірмей;

бағаларға сараптама жүргізу үшін қажетті ақпаратты табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган белгілеген, қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі тиісті талапты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімдерде электрондық нысанда;"

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"осы Кодекстің 124-5-бабы 1-тармағының 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қоғамдық маңызы бар нарықтардың субъектілерін қоспағанда, шекті бағада ескерілген, электр энергиясын, тауарлық газды сатып алу және (немесе) беру жөніндегі қаражатты пайдалану туралы жартыжылдық ақпаратты растайтын материалдарын қоса бере отырып, есепті жарты жылдан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей ұсынуға;"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға алдағы уақытта тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың шекті бағадан жоғары өсетіні және өсу себептерін растайтын негіздеуші материалдарды ұсына отырып, олардың өсу себептері туралы ақпаратты кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын электрондық нысанда беруге;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында мыналарды:

осы Кодекстің 124-5-бабы 1-тармағының 2), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерін қоспағанда, шекті бағада ескерілген, электр энергиясын, тауарлық газды сатып алу және (немесе) беру жөніндегі қаражатты пайдалану туралы жартыжылдық ақпаратты есепті жарты жылдан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей;

шекті бағада ескерілген, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), оның ішінде жекелеген тұтынушылар топтарының тұтыну көлемдерінің асып кетуі нәтижесінде алынған кіріс туралы жартыжылдық ақпаратты есепті жарты жылдан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей;

шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның орындалғаны не орындалмағаны туралы жартыжылдық ақпаратты есепті жарты жылдан кейінгі айдың жиырма бесінен кешіктірмей;

тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды асыру туралы ақпаратты және негіздеуші материалдарды олар табиғи монополиялар салаларында

басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға келісу үшін жіберілген күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей орналастыруға";

9) 137-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі "саласындағы" деген сөзден кейін ", табиғи монополиялар салаларындағы, осы Кодексте белгіленген баға белгілеу тәртібінің және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі міндеттерінің сақталуына" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 138-бап 114) тармақшасындағы "сақталуына жүзеге асырылады." деген сөздер " сақталуына;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 115) тармақшамен толықтырылсын:

"115) таңбалауға және қадағалануға жататын тауарларға қатысты өндіріс пен айналым саласында жүзеге асырылады.";

11) 141-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "1), 2) және 4) тармақшаларына" деген сөздер "1), 2), 4) және 7) тармақшаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың он бірінші бөлігі 6) тармақшасындағы "жүзеге асырылған жағдайларда , бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге қолданылмайды." деген сөздер "жүзеге асырылған; " деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) табиғи монополиялар салаларындағы, осы Кодексте белгіленген баға белгілеу тәртібінің және қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі міндеттерінің сақталуына бақылау жүзеге асырылған жағдайларда, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізуге қолданылмайды.";

12) 144-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін тізбеленген негіздер мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне, бейрезидент-заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне, қызметті әділет органдарында немесе тіркеуші органда тіркелместен жүзеге асыратын бейрезидент-заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.";

13) 175-бапта:

4-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Биржалық тауарлардың тауар биржаларында және электрондық сауда алаңдарында тиісінше өткізілген сауда-саттық барысында қалыптасқан бағасы, егер мұндай баға осы Кодексте шектелген монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде белгіленбеген жағдайда, монополияға қарсы орган айқындайтын тәртіппен монополиялық жоғары (төмен) деп танылмайды.

Егер биржалық тауардың бағасы қаралып отырған кезеңде тауар биржаларында және электрондық сауда алаңдарында тиісінше өткізілген сауда-саттық барысында

қалыптасқан бағадан аспаған жағдайда, ол монополияға қарсы орган айқындайтын тәртіппен монополиялық жоғары деп танылмайды.

Монополиялық жоғары (төмен) бағаны белгілеу фактісі Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеп-тексеру арқылы анықталады.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Осы баптың 1-тармағына сәйкес тауардың монополиялық жоғары бағасын айқындау кезінде ұқсас тауардың әлемдік және қазақстандық нарықтарында белгіленген бағалардың биржа және биржадан тыс индикаторлары ескеріледі.";

14) 200-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, нарық субъектілерін, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді монополияға қарсы органның келісуімен "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады.";

15) 238-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"238-бап. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру

1. Азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында мемлекет әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырады.

2. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес іске асырылады.

3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

16) 292-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) заңды тұлға басшысының қолтаңбасымен және мөрімен куәландырылған заңды тұлға жарғысының көшірмесі болған кезде инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қабылданады және тіркеледі.

Егер заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда, құжаттарды мөрмен бекемдеу талап етілмейді;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер инвестициялық преференциялар беруге арналған өтінімде салықтар бойынша преференциялар және (немесе) инвестициялық субсидия беру көзделген жағдайда, инвестор Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жобалау алдындағы құжаттамаға және (немесе) жобалау құжаттамасына басшының қолтаңбасымен куәландырылған мемлекеттік сараптаманың қорытындысын ұсынады.".

8. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 20-V, 20-VI, 114-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 8, 16-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 98-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 16, 53-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) мазмұнында:

39-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"39-бап. Прокурорға, сарапшыға, маманға, аудармашыға, консультантқа, сот отырысының хатшысына қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) үшін негіздер";

мынадай мазмұндағы 5-1-тараудың, 56-1, 56-2-баптардың, 11-1-тараудың, 133-1, 133-2 және 133-3-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"5-1-тарау. Істі қарауға қатысатын өзге адамдар

56-1-бап. Консультант

56-2-бап. Сот отырысының хатшысы";

"11-1-тарау. Электрондық сот ісін жүргізу ерекшеліктері

133-1-бап. Азаматтық сот ісін жүргізу форматы

133-2-бап. Электрондық құжаттар

133-3-бап. Техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы сот отырысына қатысу";

2) 31-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы "босату туралы" деген сөздерден кейін ", кепілге салынған жылжымайтын мүлікке өндіріп алуды қолдану, жылжымайтын мүлік кепілінің шартын тоқтату не жарамсыз деп тану туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 39-баптың тақырыбы, бірінші және үшінші бөліктері "аудармашыға,", "аудармашының,", "аудармашы," деген сөздерден кейін тиісінше "консультантқа,", "консультанттың,", "консультант," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 46-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Іске қатысу осы Кодексте белгіленген жағдайларда және тәртіппен техникалық байланыс құралдары пайдаланыла отырып қамтамасыз етілуі мүмкін.";

5) 56-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз бастамасы бойынша, іске қатысатын адамдардың өтінішхаты бойынша, сондай-ақ соттың бастамасы бойынша іс бойынша жазбаша қорытынды беру үшін процеске кірісе алады.";

6) мынадай мазмұндағы 5-1-тараумен толықтырылсын:

"5-1 тарау. Істі қарауға қатысатын өзге адамдар

56-1-бап. Консультант

1. Істі қалыптастыруды қамтамасыз ететін, судьяның сот процесін дайындауға және ұйымдастыруға бағытталған заңды тапсырмаларын орындайтын мемлекеттік қызметші консультант болып табылады.

2. Консультант:

1) азаматтық іс материалдарының жүргізілуін және тиісінше ресімделуін қамтамасыз етуге;

2) істі мәні бойынша шешетін сот актілерін қоспағанда, судьяның тапсырмасы бойынша процестік құжаттардың жобаларын дайындауға;

3) соттың ұйғарымдарын орындау бойынша сұрау салуларды жіберуге және басқа да әрекеттерді жасауға;

4) іске қатысатын адамдарды істің материалдарымен таныстыруға, осы Кодексте көзделген жағдайларда оларға сот актілерінің және басқа да құжаттардың көшірмелерін жіберуге;

5) осы Кодексте белгіленген талаптарды сақтай отырып, істі апелляциялық сатыға жіберуге;

6) істі архивке беруді қамтамасыз етуге;

7) судьяның тапсырмасы бойынша сот процесін дайындауға және ұйымдастыруға бағытталған өзге де әрекеттерді жасауға міндетті.

3. Консультант өз өкілеттіктерін іске асыру кезінде сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі функцияны орындауға, іске қатысатын адамдардың құқықтары мен міндеттерінің туындауына, өзгеруіне не тоқтатылуына әкеп соғатын әрекеттерді жасауға, процестік құжаттардың жобаларын дайындаумен, жабық сот отырысына қатысумен байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кез келген мәліметтерді жария етуге құқылы емес.

Консультант судьяның тапсырмасы бойынша сот отырысы хатшысының өкілеттігін жүзеге асыра алады.

56-2-бап. Сот отырысының хатшысы

1. Сот отырысының хаттамасын жүргізетін, сондай-ақ сот отырысын аудио-, бейнетіркеуді жүргізетін мемлекеттік қызметші сот отырысының хатшысы болып табылады.

2. Сот отырысының хатшысы:

1) оның хаттама жасауды қамтамасыз етуі қажет болатын барлық уақытта сот отырысының залында болуға және төрағалық етушінің рұқсатынсыз сот отырысынан шығып кетпеуге;

2) соттың әрекеттері мен шешімдерінің, сот отырысына қатысатын барлық адамның өтінішхаттарының, қарсылықтарының, түсініктемелерінің, сондай-ақ сот отырысының хаттамасында көрсетілуге жататын басқа да мән-жайлардың хаттамаға толық және анық бекітілуін қамтамасыз етуге;

3) сот отырысының хаттамасын осы Кодексте көзделген мерзімдерде және қағидалар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда жасауға;

4) төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға;

5) өзінің жабық сот отырысына қатысуына байланысты белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын кез келген мәліметтерді жария етпеуге;

6) сот приставы болмаған кезде сот залында тәртіпті қамтамасыз етуге;

7) осы Кодексте белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.";

7) 59-баптың үшінші бөлігінің 3) тармақшасы "прокурормен," деген сөзден кейін " консультантпен," деген сөзбен толықтырылсын;

8) 77-баптың екінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Маманды тағайындау туралы – істі сот талқылауына дайындау туралы ұйғарымда, ал сот отырысы барысында сот отырысының хаттамасында көрсетіледі.";

"4. Маман болып тағайындалған адам: соттың шақыруы бойынша келуге; арнайы білімін, дағдылары мен ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, процестік әрекеттерді жүргізуге және сот талқылауына қатысуға; консультациялар беруге; өзі орындайтын әрекеттер бойынша, оның ішінде техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып түсініктер беруге міндетті. Барлық туындаған мәселелер бойынша маманның қорытындысы сотқа жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында ұсынылуға тиіс.";

9) 79-баптың екінші бөлігі "жазбаша арызда" деген сөздерден кейін "не электрондық құжат нысанында" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 1-бөлім мынадай мазмұндағы 11-1-тараумен толықтырылсын:

"11-1 тарау. Электрондық сот ісін жүргізу ерекшеліктері

133-1 бап. Азаматтық сот ісін жүргізу форматы

1. Азаматтық сот ісін жүргізу талап қоюшы таңдаған сотқа жүгіну тәсіліне қарай қағаз немесе электрондық форматта жүргізіледі.

2. Сот тараптардың пікірін және процесті жүргізудің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, сот ісін жүргізу форматын өзгерте алады, бұл туралы уәжді ұйғарым шығарады.

3. Сот ісін электрондық форматта жүргізу кезінде электрондық азаматтық іс қалыптастырылады.

Бұл ретте соттың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде орналастырылған электрондық сот актісі сот актісінің төлнұсқасы болып табылады.

4. Сот ісін жүргізу форматы өзгертілген кезде, іс материалдары тиісті форматқа өзгертіледі және оларды судья куәландырады.

133-2-бап. Электрондық құжаттар

1. Соттың, іске қатысатын адамдардың процестік актілері мен әрекеттері электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында

ресімделуі мүмкін. Көрсетілген құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында электрондық құжатты пайдалануға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, жазбаша нысандағы құжаттармен бірдей мәнге ие.

2. Электрондық құжатқа қойылатын техникалық талаптарды және оның соттың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде айналыс тәртібін соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып айқындайды.

133-3-бап. Техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы сот отырысына қатысу

1. Іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар, аудармашылар сот отырысына өздері мәлімдеген өтінішхат бойынша немесе соттың бастамасы бойынша техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы қатыса алады.

2. Сот отырысына қатысу үшін пайдаланылатын техникалық байланыс құралдары төрағалық етушінің іске қатысатын адамның жеке басын анықтау, сондай-ақ өкілдің өкілеттіктерін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

Мұндай техникалық мүмкіндік болмаған кезде сот отырысына қатысу құқығын іске асыруды іске қатысатын адамның тұрғылықты жері бойынша сот қамтамасыз етеді.

3. Егер әскери қызметшілердің, емдеу мекемелеріндегі, халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріндегі, сондай-ақ күзетпен ұстау немесе бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың іске қатысуын қамтамасыз ету үшін осы мекемелердің техникалық байланыс құралдары пайдаланылатын жағдайда, онда жеке басты анықтау, істі қарайтын соттың оларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіргені және оларды бұзғаны үшін жауаптылық туралы ескертілгені жөнінде қолхат алу осы мекемелер әкімшілігінің жәрдемімен жүзеге асырылады.

Сот отырысына қатысатын адамның жеке басын куәландыратын құжаттардың, сондай-ақ оның қолхатының куәландырылған көшірмелері алынған күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей, іс материалдарына қосып тігу үшін істі қарайтын сотқа жіберіледі.

4. Сот отырысына қатысуды қамтамасыз ететін техникалық байланыс құралдарын қолдану тәртібін, оларға қойылатын талаптарды соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын орган осы Кодекстің талаптарын ескере отырып айқындайды.";

11) 151-баптың бірінші бөлігі 3) тармақшасындағы "белгілі болса, судья талап қою арызын қабылдаудан бас тартады." деген сөздер "белгілі болса;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) сол тараптар арасында, сол нысана бойынша және сол негіздер бойынша жасалған атқарушылық жазба болса, судья талап қою арызын қабылдаудан бас тартады .";

12) 202-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сот іске қатысатын адамдардың түсініктемелерін техникалық байланыс құралдарының көмегімен алуы, ал дәлелдемелерді зерттеуі мүмкін.

Сот тапсырмасы бойынша дәлелдемелерді зерттеуді осы адамдардың немесе дәлелдемелердің тұрған жері бойынша сот жүзеге асырады.";

13) 219-баптағы "жазбаша" деген сөз алып тасталсын;

14) 249-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацы "ұсынуын" деген сөзден кейін " борышкердің тұрғылықты (тұрған) жері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 414-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Істі апелляциялық шағыммен, прокурордың өтінішхатымен бірге алған апелляциялық сатыдағы соттың судьясы бірінші сатыдағы соттың осы Кодекстің 405-бабының талаптарын орындағанын тексереді. Бірінші сатыдағы сот осы Кодекстің 405-бабының талаптарын орындамаған жағдайда, кемшіліктерді апелляциялық сатыдағы сот жоя алатын жағдайларды қоспағанда, іс кемшіліктерді жою үшін бірінші сатыдағы сотқа қайтарылуы мүмкін.

2. Судья іс сотқа келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың өтінішхаты бойынша, істі қарауға дайындау тәртібімен осы Кодекстің 165-бабында көзделген әрекеттерді жүргізуге құқылы.";

16) 416-бап мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"3. Егер бірінші сатыдағы сотта электрондық формат қолданылған болса, апелляциялық сатыдағы сот іс бойынша іс жүргізуді осындай форматта жүргізеді.

4. Электрондық форматты пайдалану мүмкін болмаған жағдайда, апелляциялық сатыдағы сот қағаз форматқа көшеді, бұл туралы уәжді ұйғарым шығарылады.".

9. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-I, 22-II, 107-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82, 83-құжаттар; № 24, 93, 94-құжаттар; 2019 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында:

26-баптың тақырыбындағы "органдар" деген сөз "органдардың, ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

410-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"410-бап. Тұрғын ғимаратты (тұрғын ғимараттың бір бөлігін) салуды немесе казино, ойын автоматтары залы, тотализатор және букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеушілердің есепке жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілген қосылған құн салығының сомаларын айқындау тәртібі";

2) 1-баптың 1-тармағында:

49) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"49) өндіру – минералды шикізатты бастапқы қайта өңдеу мен уақытша сақтауды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды жер қойнауынан жер бетіне, оның ішінде жерасты суларын ала отырып, сондай-ақ техногендік минералды түзілімдерден шығарып алуға байланысты жұмыстардың (операциялардың) бүкіл кешені;"

мынадай мазмұндағы 67-1) және 72-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"67-1) тіркеуші органдар – мәліметтерді тіркеуді және сәйкестендіру нөмірі бар құжаттарды беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы;"

"72-1) үш құрамдасты интеграцияланған жүйе – деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасынан, қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдауға арналған жүйеден (құрылғыдан), сондай-ақ сауданы басқаруды, қызметтер көрсетуді, жұмыстар орындауды және тауарлардың есепке алынуын автоматтандыру жүйесімен жарақтандырылған жабдыктан (құрылғыдан) немесе интеграцияланған жүйенің барлық үш құрамдасын алмастыратын бағдарламалық-аппараттық кешеннен тұратын интеграцияланған жүйе.

Үш құрамдасты интеграцияланған жүйеге және оны есепке алуға қойылатын талаптарды, оны орнату және қолдану тәртібін уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау саласындағы орталық мемлекеттік органмен, байланыс саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша белгілейді;"

3) 24-баптың бірінші бөлігінде:

15) тармақшаның екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақшаның бірінші бөлігінің ережелері:

бас банк Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес екінші деңгейдегі банктердің активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде беру жөніндегі операциялардың шеңберінде екінші деңгейдегі банк берген банктік шоттардың орнына банктік шоттарды және оларды қайта ұйымдастыру шеңберінде оны біріктірген жағдайда екінші деңгейдегі банк берген банктік шоттардың орнына құқық мирасқоры – банк ашатын банктік шоттарды ашқан кезде;

салық төлеуші банктік шотты ашу үшін екінші деңгейдегі банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға өтініш жасаған күні

осы тармақшаның бірінші бөлігінің төртінші абзацында көзделген берешек сомасын төлеген кезде қолданылмайды;"

17) тармақшадағы "ұсынуға міндетті" деген сөздер "ұсынуға" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 18) және 19) тармақшалармен толықтырылсын:

"18) қосылған құн салығын есепке алу үшін ағымдағы шоттардың ашылғаны және жабылғаны туралы, сондай-ақ осындай шоттар бойынша ақшаның қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді уәкілетті органға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде беруге;

19) уәкілетті органның сұрау салуы бойынша салық төлеушілер – тіркеу есебінде дара кәсіпкер немесе жеке практикамен айналысатын адам ретінде тұрған жеке тұлға, заңды тұлға бойынша, төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықты (құрылғыны) қолдану арқылы ағымдағы шотқа келіп түскен, күнтізбелік жыл үшін төлемдердің қорытынды сомалары жөнінде мәліметтер беруге міндетті.

Салық төлеушілердің санаттары мен тізімін, мәліметтерді ұсыну тәртібін, нысаны мен мерзімдерін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша белгілейді.";

4) 26-бапта:

тақырыптағы "органдар" деген сөз "органдардың, ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 24-тармақпен толықтырылсын:

"24. Сумен жабдықтау, су бұру, кәріз, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, қалдықтарды жинау (қоқысты жою), лифтілерге қызмет ету қызметтерін және (немесе) тасымалдар саласындағы қызметтерді көрсететін ұйымдар үшінші тұлғаларға ұсынылған көрсетілетін қызметтер туралы мәліметтерді салық органдарына ұсынады.

Салық органдары бұл мәліметтерді осы Кодексте көзделген жағдайларда салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру үшін пайдаланады.

Мәліметтерді ұсыну тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

5) 30-бапта:

1-тармақтың 11) тармақшасы мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"қызмет түрі;"

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) осы Кодексте және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау, мемлекеттік статистика, сауда қызметін реттеу, сыртқы сауда қызметі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық мемлекеттік

органдарына, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау уәкілетті органына, монополияға қарсы органға және үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Қазақстан Республикасының осы тармақшада көрсетілген мемлекеттік органдары салықтық құпияны құрайтын мәліметтерге қолжетімділігі бар лауазымды адамдардың тізбесін бекітеді.

Салықтық құпияны құрайтын, ұсынылатын мәліметтердің тәртібі мен тізбесі уәкілетті органмен бірлескен актілерде белгіленеді;"

6) 43-баптың 5-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша арнаулы салық режимін қолдануға құқылы емес;"

7) 52-баптың бірінші абзацындағы "1." деген цифр алып тасталып, 4) тармақшасындағы "тиісті тіркеуші органда" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 59-баптың 14-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Осы баптың 12-тармағында көрсетілген тарату балансы ұсынылғаннан және осы баптың 13-тармағында белгіленген ережелер орындалғаннан кейін салық органы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, құрылымдық бөлімшелерді есептік тіркеуді, қайта тіркеуді, есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын тіркеуші органға осы Кодекстің 100-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, таратылатын заңды тұлға бойынша есебі салық органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді жібереді.";

9) 60-баптың 10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Осы баптың 9-тармағында белгіленген ережелер орындалғаннан кейін салық органы заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, құрылымдық бөлімшелерді есептік тіркеуді, қайта тіркеуді, есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыратын тіркеуші органға осы Кодекстің 100-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде, таратылатын заңды тұлға бойынша есебі салық органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді жібереді.";

10) 68-бап бірінші абзацы "Салықтық" деген сөздің алдынан "1." деген цифрмен толықтырылып, мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Салықтың әкімшілендіруді жаңғырту және жетілдіру мақсатында салық органдары салықтық әкімшілендірудің және салық төлеушілердің салықтық міндеттемелерді орындауының өзге тәртібін көздейтін пилоттық жобаларды іске асыруды (ендіруді) жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте пилоттық жоба қолданылатын салық төлеушілердің санаттарын, салық төлеушілердің, салық органдары мен өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың,

сондай-ақ ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін, пилоттық жобаларды іске асыру (ендіру) жүзеге асырылатын аумақты (учаскені) және (немесе) өңірді, пилоттық жобаларды іске асыру (ендіру) қағидалары мен мерзімдерін уәкілетті орган айқындайды.";

11) 69-баптың 3-тармағы 7) тармақшасындағы "бақылау жүзеге асырылады." деген сөздер "бақылау;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) құзыреттер шегінде таңбалауға және қадағалануға жататын тауарлардың айналымын бақылау жүзеге асырылады.";

12) 76-баптың 15, 16 және 19-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Осы баптың 1 – 14-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға сәйкестендіру нөмірі мен тіркеу куәлігін қалыптастыру мақсатында салық органы тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтері алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тіркеуші органға электрондық хабарлама жібереді

16. Тіркеуші орган салық органдарының электрондық хабарламасы алынған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, салық органдарына осы баптың 1 – 14-тармақтарында көрсетілген бейрезиденттерге сәйкестендіру нөмірінің берілгені туралы электрондық хабарлама жібереді.";

"19. Осы баптың 1 – 14-тармақтарында көрсетілген, сәйкестендіру нөмірлері бар бейрезиденттерге қатысты уәкілетті мемлекеттік органнан мәліметтер, тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтініш алынған жағдайда, салық органының сәйкестендіру нөмірі мен тіркеу куәлігін қалыптастыру мақсатында тіркеуші органға электрондық хабарлама жіберуі жүргізілмейді. Бұл ретте осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды тіркеу есебіне қою олардың тәуелді агенттерінің тұрған жері бойынша жүзеге асырылады.";

13) 78-бапта:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салық органы осы Кодекстің 75-бабы 2-тармағының 3) – 11) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорынан алып тастау мақсатында тіркеуші органға және ішкі істер органына:";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салық органдары осы баптың 2-тармағында көрсетілген бейрезиденттер туралы мәліметтер көрсетілген электрондық хабарламаны тіркеуші органға уәкілетті мемлекеттік органдардан мәліметтер, банк хабарламасы, тіркеу есебінен шығару туралы салықтық өтініш алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынады.";

14) 82-бапта:

2-тармақтың төртінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жаңадан құрылған резидент-заңды тұлғалар, бейрезидент Қазақстан Республикасында қызметін солар арқылы жүзеге асыратын филиалдар, өкілдіктер – тіркеуші органда мемлекеттік (есептік) тіркелген күннен бастап,";

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою мақсаттары үшін айналым мөлшері осы Кодекстің 369-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген айналымдардың сомасы ретінде айқындалады.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген ең төмен айналымға оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 114 184 еселенген мөлшері шегіндегі, үш құрамдасты интеграцияланған ақпараттық жүйе міндетті түрде қолданыла отырып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысанында жасалған айналымдары қосылмайды.";

15) 84-баптың 1-тармағындағы "тіркеуші органның" деген сөздер "салық органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 93-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) субъектілердің қалыптастырылған тізбесі бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылғаннан кейін 1 мамырдан кешіктірмей, мәліметтер алу үшін:

екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға – осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында айқындалған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы;

уәкілетті мемлекеттік органдарға – мүліктің, көлік құралдарының, жер учаскелерінің бар-жоғы туралы;

тіркеуші органға – Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде мәліметтердің болуы (болмауы) туралы сұрау салулар жібереді.";

17) 96-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Хабарлама орындалмаған деп танылған жағдайда, салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешім шығарады және оны салық төлеушіге мынадай тәсілдерінің бірімен:

1) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы;

2) электрондық тәсілмен веб-қосымшаға немесе пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне жібереді;

3) оны салық төлеушіге қолын қойдыра отырып табыс етеді.

Бұл ретте төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген шешім салық төлеушіге (салық агентіне) мынадай жағдайларда:

1) пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілгенде – салық төлеуші (салық агенті) пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасына белгі қойған күннен бастап табыс етілді деп есептеледі. Бұл ретте пошта немесе өзге де байланыс ұйымы мұндай шешімді пошта немесе өзге де байланыс ұйымының қабылдағаны туралы белгі қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізуге тиіс;

2) электрондық тәсілмен жіберілгенде:

салық органы шешімді веб-қосымшаға жеткізген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бұл тәсіл осы Кодекстің 86-бабында белгіленген тәртіппен электрондық салық төлеуші ретінде тіркелген салық төлеушіге қолданылады;

шешім пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне жеткізілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

Бұл тәсіл "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген салық төлеушіге қолданылады;

3) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы жіберілгенде – оны келу тәртібімен алған күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.";

мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2 және 4-3-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешім табыс етілген (алынған) күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салық төлеушінің (салық агентінің) оған жоғары тұрған салық органына және (немесе) уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасауы жүргізіледі.

Бұл ретте салық төлеуші (салық агенті) шағымның көшірмесін осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешімді жіберген салық органына жіберуге тиіс.

4-2. Осы баптың 4-1-тармағында белгіленген мерзім дәлелді себеппен өткізіп алынған жағдайда, шағымды қарайтын салық органы және (немесе) уәкілетті орган бұл мерзімді шағым беретін салық төлеушінің (салық агентінің) өтінішхаты бойынша қалпына келтіреді.

Шағымды қарайтын салық органы шағым берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіру мақсатында осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешім жіберілген жеке тұлғаның, сондай-ақ салық төлеуші (салық агенті) басшысының және (немесе) бас бухгалтерінің (ол болған кезде) еңбекке уақытша қабілетсіздігін дәлелді себеп ретінде таниды.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешім жіберілген жеке тұлғаларға, сондай-ақ ұйымдық құрылымы жоғарыда көрсетілген адамдар болмаған уақытта оларды алмастыратын адамдардың болуын көздемейтін салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қолданылады.

Бұл ретте салық төлеуші (салық агенті) шағым берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхатқа осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың еңбекке уақытша қабілетсіздігін растайтын құжатты және осындай салық төлеушінің (салық агентінің) ұйымдық құрылымын белгілейтін құжатты қоса беруге тиіс.

Салық төлеуші (салық агенті) шағым мен өтінішхатты осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың еңбекке уақытша қабілетсіздік кезеңі аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей берген жағдайда, шағымды қарайтын салық органы және (немесе) уәкілетті орган салық төлеушінің (салық агентінің) шағым берудің өткізіп алынған мерзімін қалпына келтіру туралы өтінішхатын қанағаттандырады.

4-3. Салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру ол осы баптың 4-тармағында көрсетілген шешімге шағым берген кезде:

1) жоғары тұрған салық органы және (немесе) уәкілетті орган шағымды қабылдаған күннен бастап жоғары тұрған салық органының және (немесе) уәкілетті органның жазбаша шешімі шығарылғанға дейін;

2) сот шағымды (арызды) іс жүргізуге қабылдаған күннен бастап сот актісі заңды күшіне енгенге дейін жүзеге асырылмайды.";

18) 100-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тіркеуші органға – сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей;"

19) 118-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы "жағдайда –" деген сөзден кейін "осы Кодекстің 96-бабының 4-3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

20) 120-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың мақсаттары үшін тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету объектілері деп пайдаланылуын тоқтату немесе тоқтата тұру елді мекендер мен аумақтардың инженерлік инфрақұрылымы қызметінің бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін газбен жабдықтау, энергиямен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және су бұру ұйымдарының құрылысжайлары, технологиялық қондырғылары мен агрегаттары түсініледі.";

21) 130-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган және жер қойнауын пайдаланушы арасында жасалған және міндетті салықтық сараптамадан өткен өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта)

көрсетілген, осы Кодекстің 241-бабында көзделген түзетуді есепке алмағанда ең көп жылдық жиынтық кірісі бар және (немесе) көрсетілген келісімдерге (келісімшарттарға) сәйкес мұнай-газ конденсаты немесе теңіз кен орнында қызметін жүзеге асыратын сенім білдірілген тұлға (оператор) және (немесе) жер қойнауын пайдаланушы (жер қойнауын пайдаланушылар);";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) жыл сайынғы төленген салықтар сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесі бекітілуге тиісті жылдың соңына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 2 000 000 еселенген мөлшерін құрайтын салық төлеушілер жатады.

Бұл ретте жыл сайынғы төленген салықтар сомасы ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің тізбесі бекітілуге тиісті жылдың алдындағы күнтізбелік үш жылдың әрқайсысы үшін айқындалады;"

3-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ірі салық төлеушілер мониторингіне жататын салық төлеушілердің бекітілген тізбесі бекітілген жылынан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан кейін қолданысқа енгізіледі және қолданысқа енгізілген күнінен бастап екі жыл бойы қолданыста болады. Бұл тізбе осы баптың 1-тармағына сәйкес салық төлеушілер ірі салық төлеушілердің мониторингіне жататын шарттар өзгерген жағдайларды қоспағанда, оның қолданылу кезеңі ішінде қайта қаралуға жатпайды.";

22) 142-баптың 1-тармағы 24) тармақшасындағы "орындамау мәселелері бойынша жүргізетін тексеру болып табылады." деген сөздер "орындамау;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 25) тармақшамен толықтырылсын:

"25) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және (немесе) заңнамасына сәйкес міндетті таңбалауға жататын тауарлар бойынша тауарда сәйкестендіру құралының болуы және оның төлнұсқалылығы мәселелері бойынша жүргізетін тексеру болып табылады.";

23) 145-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) салық төлеуші (салық агенті) осы Кодекстің 96-бабында айқындалған тәртіппен салық органдарының камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламасын орындамаған жағдайда;

Осы тармақшаның ережесі осы Кодекстің 96-бабының 4-1-тармағында көрсетілген кезеңде және жоғары тұрған салық органы және (немесе) уәкілетті орган немесе сот осы Кодекстің 96-бабының 4-тармағында көрсетілген шешімге шағымды қараған кезеңде қолданылмайды.";

24) 152-бапта:

4-тармақ алып тасталсын;

7-тармақтың сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық төлеушінің Қазақстан Республикасы аумағындағы екінші деңгейдегі банктердегі банктік шоттарына валюталық түсімнің түсуі жөніндегі осы тармақтың талаптары:

осы Кодекстің 393-бабының 2-тармағында көрсетілген;

осы Кодекстің 433-бабына сәйкес бақылау шоттарын пайдаланатын;

осы Кодекстің 722-бабының 1-тармағында көрсетілген өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде теңізде көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Салықтық тексеру аяқталған күнге:

1) өнім берушімен өзара есеп айырысулардың анықтығын растау үшін қарсы тексерулер жүргізуге берілген сұрау салуларға жауаптар алынбаған;

2) тексерілетін салық төлеушінің өнім берушілері бойынша "Пирамида" талдамалық есебін талдау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған;

3) қосылған құн салығы сомаларының анықтығы расталмаған;

4) қарсы тексеру жүргізудің, оның ішінде:

өнім берушінің тұрған жері бойынша болмауы;

өнім берушінің есепке алу құжаттамасының жоғалуы себебінен мүмкін болмауына байланысты қосылған құн салығы сомаларының анықтығы расталмаған сомалар шегінде қосылған құн салығын қайтару жүргізілмейді.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережелері мынадай:

қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін республикалық индустрияландыру картасы шеңберінде, құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде 150 000 000 еселенген мөлшерін құрайтын инвестициялық жобаны іске асыратын;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт шеңберінде қызметін жүзеге асыратын және қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талап қойылған салықтық кезеңнің алдындағы соңғы 5 жылға есептелген салықтық жүктеменің 20 пайыздан кем емес орташа коэффициентіне ие;

осы Кодекстің 722-бабының 1-тармағында көрсетілген өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде теңізде көмірсутектерді барлауды және (немесе) өндіруді жүзеге асыратын тексерілетін салық төлеушілердің тікелей өнім берушілері "Пирамида" талдамалық есебінің нәтижелері бойынша анықтаған бұзушылықтарды жойған жағдайда қолданылмайды.

Салықтық тексеру актісінде қосылған құн салығын қайтармау негізі көрсетіледі.";

17-тармақтағы "қайтарудың оңайтылған тәртібі қолданылған," деген сөздер "осы Кодекстің 433 және (немесе) 434-баптарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 166-баптың 6-тармағында:

бірінші бөлікте:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін бағасын;"

9) тармақшадағы "деректемелерін қамтуға тиіс." деген сөздер "деректемелерін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13), 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауын;

11) сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің санын, олардың өлшем бірлігін;

12) тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасын;

13) егер салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші болып табылса – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді өткізу бойынша, қосылған құн салығы салынатын айналымдар жөніндегі мөлшерлемені көрсете отырып, қосылған құн салығының сомасын;

14) бақылау-касса машинасы пайдаланылатын жердің мекенжайын;

15) бақылау-касса машинасының чегі туралы ақпаратты кодталған түрде қамтитын штрих кодты қамтуға тиіс.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 9) және 15) тармақшаларының ережелері деректер беру функциясы жоқ бақылау-касса машиналарының чектеріне қолданылмайды.";

26) 171-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Бұл ретте уәкілетті орган фискалдық деректер операторын тізбеге (тізбеден) қосу (алып тастау) арқылы фискальдық деректер операторларының тізбесін жүргізеді.

Фискалдық деректер операторын тізбеге (тізбеден) қосу (алып тастау) тәртібін, сондай-ақ фискальдық деректердің әлеуетті операторына қойылатын біліктілік талаптарын уәкілетті орган ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.";

27) 208-бапта:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Салық салу объектілері болмаған кезде:

мүлік салығы;

жер салығы;

көлік құралдары салығы;

экспортқа рента салығы;

қол қойылған бонус;

тарихи шығындарды өтеу жөніндегі төлем;

бюджетке төленетін төлемдер бойынша салықтық есептілік ұсынылмайды.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Осы баптың 9-тармағында көрсетілмеген жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары бойынша салықтық есептілікті жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшарт бойынша ұсынады.";

28) 220-баптың 9-тармағының бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруға алып келетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бейрезидент осы Кодекстің 76-бабында айқындалған тәртіппен салық органында салық төлеуші ретінде тіркелуге міндетті.

Бейрезиденттің салық органдарында салық төлеуші ретінде тіркелуінің немесе тіркеуші органда есептік тіркелуінің болмауына қарамастан, бейрезиденттің Қазақстан Республикасында қызметті жүзеге асыруы басталған күннен бастап бейрезиденттің қызметі осы баптың ережелеріне сәйкес тұрақты мекеме құрады.";

29) 232-баптың 5-тармағының 8) тармақшасындағы "1-тармағына" деген сөздер "1 және 7-тармақтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 243-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнында қосылған құн салығы бойынша мынадай шығындар:

осы Кодекстің 402-бабының 1-тармағына сәйкес есепке жатқызуға жатқызылмайтын қосылған құн салығының сомасы;

осы Кодекстің 409-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және 410-бабына сәйкес есепке жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілмеген қосылған құн салығының сомасы;

осы Кодекстің 404-бабы 2-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығын азайту жағына қарай түзету сомасы есепке алынады.

Қосылған құн салығын төлеуші:

1) егер осы Кодекстің 408-бабына және 409-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес есепке жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілмеген қосылған құн салығы бухгалтерлік есепке алуда сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнында есепке алынбаған болса, осындай салық;

2) осы Кодекстің 404-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, кіріс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланылған тіркелген активтер, запастар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығын азайту жағына қарай түзету;

3) амортизацияға жатпайтын активтерді жарғылық капиталға салым ретінде беруді қоспағанда, осы Кодекстің 404-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген

жағдайда, есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығын азайту сомасын шегерімге жатқызуға құқылы.

Осы тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген шегерім есепке жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілмеген қосылған құн салығы туындайтын салықтық кезеңде жүргізіледі.

Осы Кодекстің 404-бабы 2-тармағының 1) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайда, амортизацияға жатпайтын активтер бойынша есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығын азайту жағына қарай түзету сомасы осы Кодекстің 228-бабының 6-тармағына сәйкес есепке алынады.

Егер корпоративтік табыс салығын төлеуші жай серіктестік (консорциум) құрамында өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы болып табылған және қосылған құн салығы бойынша салықтық міндеттемелерді орындау осы Кодекстің 426-бабының 3-тармағына сәйкес операторға жүктелген жағдайда, осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген қосылған құн салығы оператордың қосылған құн салығы бойынша декларациясының деректері бойынша көрсетілген жер қойнауын пайдаланушының үлесіне тура келетін мөлшерде шегерімге жатады.

Осы баптың ережелері құны осы Кодекстің 258-бабының 3-тармағына сәйкес шегерімге жатқызылуға жататын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығы бойынша қолданылмайды.";

31) 248-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы баптың 7-тармағында өзгеше белгіленбесе:";

32) 257-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Кодекстің 272-бабының 2-тармағына сәйкес келесі шығыстар деп танылатындарды қоспағанда, жұмыскердің осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағында көрсетілген, салық салынуға жататын кірістері бойынша шығыстары (оның ішінде жұмыскердің осы Кодекстің 644-бабы 1-тармағының 20), 22), 23) және 24) тармақшаларында көрсетілген кірістері бойынша жұмыс берушінің шығыстары) шегерімге жатады.";

33) 268-баптың 16-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Лизинг шартынан басқа, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша алынған мүлікке қатысты салық төлеуші шеккен жөндеу, реконструкциялау, жаңғырту, күтіп-ұстау жөніндегі шығындар және басқа да шығындар осы Кодекстің 266-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген тіркелген активтің бастапқы құны болып табылады. Осы тармаққа сәйкес бухгалтерлік есепке алуда ұзақ мерзімді актив ретінде танылған күнге дейін шегілген, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес оның құнын ұлғайтатын шығындар есепке алынады."

34) 272-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Лизинг шартынан басқа, мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша алынған мүлікке қатысты шегілген және бухгалтерлік есепке алуда ұзақ мерзімді актив ретінде танылған келесі шығыстар сомасы осы Кодекстің 266-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тіркелген актив ретінде есепке алынады.";

35) 275-баптың 5-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) преференциялар объектілерін беру қайта ұйымдастырылу нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғалар тіркеуші органда мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жыл ішінде жүзеге асырылса, қолданылады.";

36) 290-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктегі "және депозиттер бойынша сыйақылар" деген сөздер ", депозиттер бойынша сыйақылар, сондай-ақ осындай кірістер бойынша туындаған оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) білім беру қызметін жүргізу құқығына арналған тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ қосымша білім беру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша қызметтер көрсету.

Осы тармақшада көрсетілген кірістерге қоғамдық қор нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымның:

құрылтайшысы қоғамдық қор нысанында құрылған, осы тармақшада көрсетілген әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын осындай коммерциялық емес ұйым болып табылатын әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымнан алынған дивидендтер;

құрылтайшысы қоғамдық қор нысанында құрылған, осы тармақшада көрсетілген әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын осындай коммерциялық емес ұйым болып табылатын әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда акцияларды және (немесе) қатысу үлестерін өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер түріндегі кірістері де жатады.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қоғамдық қор нысанында құрылған, осы тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымның кірістері де мұндай кірістерді әлеуметтік саладағы

қызметті жүзеге асыратын ұйымды құруға бағыттаған және оған қайтарымды пайызсыз қаржылық көмек (қарыз) көрсеткен кезде салық салынуға жатпайды.";

37) 299-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мыналар:

1) борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда, бағалы қағаздар бойынша – өткізу құны мен бастапқы құн арасындағы теріс айырма;

2) борыштық бағалы қағаздар бойынша – өткізу күніндегі дисконт амортизациясын және (немесе) сыйлықақыны ескергенде, өткізу құны мен сатып алу құны арасындағы теріс айырма;

3) қатысу үлестері бойынша – қатысу үлесінің өткізу құны мен бастапқы құны арасындағы теріс айырма бағалы қағаздарды және қатысу үлестерін өткізуден шегілетін залал болып табылады.";

38) 302-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлікте:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасында дивидендтер түріндегі кірістерден төлем көзінен ұстап қалынған корпоративтік табыс салығы сомасын қоспағанда, бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған, осы Кодекстің 297-бабына сәйкес бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде салық салынуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына қосылған кірісінен немесе салық салынатын кірісінен салықтық кезеңде Қазақстан Республикасында төлем көзінен, резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне тікелей, жанама, конструктивті қатысу немесе тікелей, жанама, конструктивті бақылау үлесіне мөлшерлес ұстап қалынған корпоративтік табыс салығы сомасы. Осы тармақшаның ережесі 20 пайыздан азды құрайтын мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген, төлем көзінен ұстап қалынған корпоративтік табыс салығының сомасына және егер резидент осы Кодекстің 303-бабы 4-тармағының ережелерін қолданбаған жағдайда қолданылады;"

2) тармақшада:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

$C_{ш} = K \times K_{ф} \times (M_k - M_t) / 100\%$, мұнда:";

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

" $K_{ф}$ - резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне тікелей, жанама, конструктивті қатысу немесе тікелей, жанама, конструктивті бақылау коэффициенті;"

үшінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) немесе 2) тармақшасының ережесі жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелмеген бақыланатын шетелдік компанияға және (

немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне және резидентте мынадай:";

39) 303-баптың 4-тармағында:

бірінші бөліктің алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мт – осы Кодекстің 297-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) – 6) тармақшаларында көрсетілген кірістерден Қазақстан Республикасында төлем көзінен ұстап қалынған табыс салығы есепке алынбай, осы Кодекстің 294-бабы 4-тармағының 12) тармақшасына сәйкес айқындалатын тиімді мөлшерлеме.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың ережелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелген бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне қолданылмайды.";

40) 305-бапта:

2-тармақтың 2) тармақшасында:

"3-тармағында" деген сөздер "4-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"әділет органында" деген сөздер "тіркеуші органда" деген сөздермен ауыстырылсын

;

5-тармақта:

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған салықтық кезеңде, сондай-ақ кейінгі екі салықтық кезең ішінде – осы баптың 4-тармағында көрсетілген салық төлеушілер ағымдағы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығының болжамды сомасы негізге алына отырып есептейді;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) декларациядан кейін, осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Кодекстің 302-бабының 1-тармағына және 652-бабына сәйкес алдыңғы салықтық кезең үшін есептелген корпоративтік табыс салығы сомасының төрттен үш бөлігі мөлшерінде есептеледі. Аванстық төлемдерді есептеу мақсаттарында алдыңғы салықтық кезең үшін есептелген корпоративтік табыс салығының сомасына корпоративтік табыс салығының осы Кодекстің 297-бабына сәйкес бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасынан есептелген сомасы қосылмайды;"

4) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бөліну немесе бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастыру жүзеге асырылған салықтық кезеңде, сондай-ақ кейінгі екі салықтық кезең ішінде – осы баптың 4-тармағында көрсетілген;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Салық төлеушілер есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанынан кешіктірмей, ағымдағы салықтық кезең үшін корпоративтік табыс салығының болжамды сомасын

негізге ала отырып, декларациядан кейінгі аванстық төлемдердің қосымша есеп-қисабын ұсынуға құқылы.

Декларациядан кейінгі аванстық төлемдердің қосымша есеп-қисаптарында көрсетілген түзетулер есепке алынған, декларациядан кейінгі аванстық төлемдердің сомасы теріс мәнге ие бола алмайды.";

41) 314-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер заңды тұлға күнтізбелік жыл басталғаннан кейін құрылған болса, құрылған күнінен бастап күнтізбелік жылдың соңына дейінгі уақыт кезеңі ол үшін бірінші салықтық кезең болып табылады.

Бұл ретте заңды тұлғаның тіркеуші органда мемлекеттік тіркелген күні оның құрылған күні болып есептеледі.";

42) 315-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Егер корпоративтік табыс салығы бойынша есептілік ұсынылған күнге қаржылық есептілік бойынша бекітілген аудиторлық есеп болмаған жағдайда, бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасын есептеу осы Кодекстің 211-бабының ережелері ескеріле отырып, қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп бекітілген күннен кейінгі алпыс жұмыс күні ішінде, бірақ есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей берілетін корпоративтік табыс салығы бойынша қосымша декларацияда жүргізіледі.";

43) 319-баптың 2-тармағы 25) тармақшасында:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары мүгедекке тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруі кезінде алынған материалдық пайда. Бұл ретте осы абзацтың ережесі:";

мынадай мазмұндағы сегізінші және тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:

"мүгедек;

жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедекке әлеуметтік қызметтер көрсететін жеке көмекші болып табылатын жеке тұлғаға қолданылады;"

44) 341-бапта:

1-тармақтың 13) тармақшасы екінші бөлігінің екінші абзацындағы "түзету мөлшері көрсетілген" деген сөздер "түзетуді қолдану үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер салық агенті жеке тұлғаның кірістен жеке табыс салығын ұстап қалу күнінен кеш өтініш жасауы себебінен жеке тұлғаның осындай кірісіне осы баптың 1-тармағының 13), 14) және 23) тармақшаларында көзделген кіріс түзетуді қолданбаған жағдайда, жеке тұлға осындай кірістен жеке табыс салығын ұстап қалуды жүргізген салық агентіне өтініш пен растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы, солардың негізінде

салық агенті осы Кодекстің 48-бабының 2-тармағында көзделген талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде кірістерге қайта есептеу жүргізеді.";

45) 343-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жеке тұлға міндетті зейнетақы жарналары және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары түріндегі салықтық шегерімдерді қоспағанда, салықтық кезеңде салықтық шегерімнің белгілі бір түрін бір салық агентінде ғана қолдануға құқылы.";

46) 373-баптың 2-тармағының 5) тармақшасындағы "372-бабының 3-тармағына" деген сөздер "372-бабының 4-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 378-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлікте:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) көрсетілетін қызметтер мәдениет, ойын-сауық, ғылым, өнер, білім, дене шынықтыру немесе спорт саласындағы көрсетілетін қызметтерге жатса және іс жүзінде Қазақстан Республикасының аумағында көрсетілсе, Қазақстан Республикасы жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу орны болып танылады.

Осы тармақшаның мақсаттарында ойын-сауық саласындағы көрсетілетін қызметтерге, ойын мекемелерін, түнгі клубтарды, кафе-барларды, мейрамханаларды, интернет-кафелерді, компьютер, бильярд, боулинг клубтарды және кинотеатрларды қоса алғанда, ойын-сауық орындарында көрсетілетін ойын-сауық-демалу мақсатындағы көрсетілетін қызметтер жатады.";

4) тармақшада:

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші және төртінші бөліктердегі "Қазақстан Республикасының әділет органдарында" деген сөздер "тіркеуші органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"осындай тұлға тіркеуші органда мемлекеттік (есептік) тіркелу негізінде немесе салық органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қойылу негізінде Қазақстан Республикасының аумағында болған жағдайда және мынадай шарттардың бірі немесе бірнешеуі сақталған кезде:";

"осындай тұлға тіркеуші органда мемлекеттік (есептік) тіркелу негізінде немесе салық органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркеу есебіне қойылу негізінде Қазақстан Республикасының аумағында болған жағдайда – өзге жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты кәсіпкерлік немесе басқа да қызметті жүзеге асыру орны Қазақстан Республикасының аумағы болып есептеледі.";

48) 379-бапта:

2-тармақтағы "құжаттарын беру арқылы" деген сөздер "құжаттарының негізінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігі "жүктерді магистральдық" деген сөздердің алдынан " магистральдық газ құбыржолдарын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тауарлар уақытша кедендік декларациялау пайдаланылып, экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген жағдайда, кедендік декларациялауды жүргізген кеден органының белгілері бар тауарларға арналған толық декларацияның тіркелген күні;"

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) тауарларды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес мерзімдік кедендік декларациялау пайдаланылып, экспорт кедендік рәсімімен орналастыра отырып берудің мәлімделген кезеңі аяқталғаннан кейін енгізілетін, тауарларға арналған декларацияда мәлімделген, әкетілген тауардың нақты саны туралы мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) және өзге де жетіспейтін мәліметтер енгізілген күн тауарды өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.";

9-тармақта:

2) тармақшадағы "мерзімдік немесе" деген сөздер алып тасталып, "тіркелген күні тауарларды өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады." деген сөздер " тіркелген күні;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) тауарларды Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес мерзімдік кедендік декларациялау пайдаланылып, экспорт кедендік рәсімімен орналастыра отырып берудің мәлімделген кезеңі аяқталғаннан кейін енгізілетін, тауарларға арналған декларацияда мәлімделген әкетілген тауардың нақты саны туралы мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) және өзге де жетіспейтін мәліметтер енгізілген күн тауарды өткізу бойынша айналымды жасау күні болып табылады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Егер осы баптың 3 және 13-тармақтарында айқындалған құжаттарда бірнеше күн көрсетілсе, онда көрсетілген күндердің неғұрлым кеш болатыны құжатқа қол қойылған күн болып табылады.";

49) 381-бапта:

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасына сәйкес ислам банкі осы Кодекстің 372-бабы 2-тармағының 7) және 8) тармақшаларына сәйкес коммерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде жеке және заңды тұлғаларды қаржыландырған кезде өткізу бойынша айналымның мөлшері ислам банкінің алуына жататын кіріс мөлшерінде айқындалады.";

10-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тасымалдаушы және (немесе) басқа да өнім берушілер көлік экспедициясы шарты бойынша клиент болып табылатын тарап үшін көлік экспедициясы шартында айқындалған жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен кезде экспедитордың өткізу бойынша айналымының мөлшері мынадай сомалардың:";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Осы Кодекстің 394-бабында санамаланған тауарлар болып табылатын тауарлардан басқа, еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырыла отырып, қосылған құн салығынсыз сатып алынған тауар жоғалған кезде өткізу бойынша айналымның мөлшері салық төлеушінің бухгалтерлік есепке алуында көрсетілуге жататын (көрсетілген) тауарлардың жоғалған күнге баланстық құны мөлшерінде айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. Осы Кодекстің 16-бөлімінде көзделген казино, ойын автоматтары залы, тотализатор және букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету кезінде айналымның мөлшері салықтық кезеңде казино, ойын автоматтары залы, тотализатор және букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кіріс сомасы бойынша айқындалады.";

50) 384-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тіркеуші органның банкрот деп танылған дебиторды Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау туралы шешімі шығарылған салықтық кезеңде азайтуға құқығы бар.";

51) 386-баптың 2-тармағында:

3) тармақшаның үшінші абзацы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) тауарлар мерзімдік кедендік декларациялау пайдаланылып, экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген жағдайда, тауарларды берудің мәлімделген кезеңі аяқталғаннан кейін енгізілген өзгерістері (толықтырулары) бар, әкетілген тауардың нақты саны туралы мәліметтерді қамтитын тауарларға арналған декларацияның көшірмесі.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қосылған құн салығын төлеушілер осы Кодекстің 433-бабына сәйкес бақылау шоттарын пайдаланған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында белгіленген құжаттың болуы талап етілмейді.";

52) 389-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте салық төлеушінің осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тауарлар бойынша осы Кодекстің 422-бабының 1-тармағына сәйкес қосылған құн салығының мөлшерлемесін қолдануға құқығы бар.";

53) 394-баптың бірінші бөлігінің 20) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"20) тіркеуші органда тіркелген діни бірлестіктердің діни мақсаттағы заттарды өткізуі бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады.

Көрсетілген тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру өлшемшарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;"

54) 399-баптың 1-тармағының 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) тіркеуші органда тіркелген діни бірлестіктер әкелетін діни мақсаттағы заттардың импорты қосылған құн салығынан босатылады.

Көрсетілген тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру өлшемшарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді;"

55) 400-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығару кезінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі жазып берген шот-фактурада көрсетілген қосылған құн салығының сомасы осы Кодекстің 367-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы есепке жатқызатын қосылған құн салығының сомасы деп танылады. Қосылған құн салығының сомасы мынадай формула бойынша, бірақ осы тауарларды мемлекеттік материалдық резервке беру кезінде төленген салық сомасынан аспайтындай болып айқындалады:"

56) 404-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылады:

"2. Есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын азайту өздері бойынша қосылған құн салығы бұрын есепке жатқызуға жатқызылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мынадай жағдайларда:"

57) 405-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша міндеттеме тіркеуші органның банкрот деп танылған қосылған құн салығын төлеушіні-өнім берушіні Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау туралы шешімі шығарылған күнге толық немесе ішінара қанағаттандырылмаған жағдайда, онда есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығының сомасын азайту жағына қарай түзету, егер мұндай түзету осы баптың 1-тармағына сәйкес жүргізілмеген болса, бұрын есепке жатқызуға жатқызылатын деп танылған, осындай тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша төленуге жататын қосылған құн салығының сомасы мөлшерінде жүргізіледі. Осы тармақта көзделген түзету тіркеуші органның көрсетілген шешімі шығарылған салықтық кезеңде жүргізіледі.";

58) 410-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"410-бап. Тұрғын ғимаратты (тұрғын ғимараттың бір бөлігін) салуды немесе казино, ойын автоматтары залы, тотализатор және букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеушілердің есепке

жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілген қосылған құн салығының сомаларын айқындау тәртібі";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Казино, ойын автоматтары залы, тотализатор және букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде есепке жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілген қосылған құн салығы осы Кодекстің 381-бабының 16-тармағына сәйкес айқындалған салық салынатын айналымнан алынатын қосылған құн салығы сомасының 85 пайызы мөлшерінде айқындалады.";

59) 412-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) мемлекеттік материалдық резервтен тауарларды шығаруы кезінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінің "Виртуалды қойма" модулі арқылы электрондық шот-фактуралар жазып берілетін тауарлар тізбесін уәкілетті орган бекітеді және ол оның интернет-ресурсында орналастырылады.";

13-тармақ 6) тармақшасындағы "көрсетілген жағдайларда талап етілмейді." деген сөздер "көрсетілген;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) казино, ойын автоматтары залы, тотализатор және букмекерлік кеңсе қызметі бойынша қызметтер көрсетілген жағдайларда талап етілмейді.";

60) 413-баптың 1-тармағында:

1) тармақша "магистральдық" деген сөздің алдынан "магистральдық газ құбыржолдарын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) сәйкестендірілген тауарлардың сатып алушының билігіне берілгенін растайтын тауарға билік ету құжаттарының негізінде тауарлар өткізілген кезде – осындай тауарлар бойынша өткізу жөніндегі айналымды жасау күні тура келетін айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей;"

61) 421-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Казино, ойын автоматтары залы, тотализатор және букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету жөніндегі қызмет бойынша қосылған құн салығының сомасы салықтық кезең үшін мынадай тәртіппен есептеледі:

осы Кодекстің 381-бабының 16-тармағына сәйкес айқындалған салық салынатын айналымнан алынатын қосылған құн салығының сомасы

алу

осы Кодекстің 410-бабының 3-тармағына сәйкес айқындалған есепке жатқызуға жатқызылуына рұқсат берілген қосылған құн салығының сомасы.";

62) 424-бапта:

3-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Казино, ойын автоматтары залы, тотализатор және букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қосылған құн салығын төлеушілер осы Кодекстің 16-бөлімінің ережелеріне сәйкес салықтық есептілікті ұсынады.";

63) 429-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, қосылған құн салығын қайтарудың оңайлатылған тәртібіне құқығы бар қосылған құн салығын төлеушіде қалыптасқан қосылған құн салығының асып кетуі қайтарылуға жатады.

Осы тармақта белгіленген қосылған құн салығының асып кетуі салық төлеушінің осы Кодекстің 431 және (немесе) 433 және (немесе) 434-баптарында белгіленген тәртіпті және мерзімдерді таңдауы бойынша қайтарылады.

Осы Кодекстің 434-бабын таңдаған жағдайда салық төлеуші қосылған құн салығының асып кетуінің қалған бөлігіне осы Кодекстің 431 және (немесе) 433-баптарын қолдануға құқылы.";

64) 433-бапта:

1-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосылған құн салығын есепке алу үшін екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған, қосылған құн салығының сомаларын есептеу кезінде, оның ішінде:

импортқа және бейрезидент үшін қосылған құн салығын қоса алғанда, қосылған құн салығын бюджетке төлеу;

тауарларды берушілерге қосылған құн салығын төлеу;

тауарларды сатып алушылардың (алушылардың) қосылған құн салығын төлеуі;

қосылған құн салығын төлеушінің өзге банктік шотынан ақшаны есепке жатқызу үшін пайдаланылатын ағымдағы шот осы Кодекстің мақсаттары үшін бақылау шоты болып табылады.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте қосылған құн салығын төлеушінің құрылымдық бөлімшесі бақылау шотын ашуға және пайдалануға құқылы.";

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінің қатысушылары болып табылатын қосылған құн салығын төлеушілердің (олардың құрылымдық бөлімшелерінің) бақылау шотын пайдалануға құқығы бар.";

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығының асып кетуін қайтару сатып алынған (алынған), өткізілуі кезінде қосылған құн салығының сомаларын есептеу бақылау

шоттарын пайдалану арқылы жүргізілген тауарлар бойынша қалыптасқан қосылған құн салығының асып кету сомасы бөлігінде жүргізіледі.

5. Осы бапқа сәйкес қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығының асып кету сомасының анықтығын растау салық органдарының ақпараттық жүйелерінде бар деректердің негізінде жүргізіледі.

Қосылған құн салығының асып кету сомасының анықтығы расталмаған жағдайда:

осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген салық төлеушілерге қосылған құн салығының асып кетуін қайтаруға құқығы жоқ екендігі туралы хат жіберіледі;

осы баптың 3-тармағының 2) – 5) тармақшаларында көрсетілген салық төлеушілерге олардың осы Кодекстің 429, 431 және 432-баптарында көзделген қосылған құн салығының асып кетуін қайтару тәртібін қолдану құқығы туралы хат жіберіледі.";

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару салықтық кезеңдегі қосылған құн салығы бойынша декларацияда көрсетілген қосылған құн салығының асып кету сомасын қайтару туралы талаптың негізінде, салықтық тексеру жүргізілместен он бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.";

8-тармақ алып тасталсын;

65) 447-баптың 3-тармағында:

7) тармақшаның үшінші абзацы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) тауарлар мерзімдік кедендік декларациялау пайдаланылып, экспорт кедендік рәсімімен орналастырыла отырып әкетілген жағдайда, тауарларды берудің мәлімделген кезеңі аяқталғаннан кейін енгізілген өзгерістері (толықтырулары) бар, әкетілген тауардың нақты саны туралы мәліметтерді қамтитын тауарларға арналған декларацияның көшірмесі";

66) 485-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілгендерді қоспағанда, салықтық кезеңде кіріс алмаған дара кәсіпкерлерге және жеке практикамен айналысатын адамдарға қолданылмайды.";

67) 516-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы немесе ағымдағы төлемдердің қосымша есеп-қисабы ағымдағы төлемдерді төлеудің кезекті мерзімі басталған айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша, салықтық міндеттемелер туындаған немесе өзгертілген объектілер бойынша ұсынылады.";

68) 525-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктің үшінші абзацындағы "жер салығы" деген сөздер "салық" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте ағымдағы төлемдердің есеп-қисабы немесе ағымдағы төлемдердің қосымша есеп-қисабы ағымдағы төлемдерді төлеудің кезекті мерзімі басталған айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша, салықтық міндеттемелер туындаған немесе өзгертілген объектілер бойынша ұсынылады.";

69) 553-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тіркеу алымдарының мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай алымдарды төлеу күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі осы тараудың мәтіні бойынша – АЕК) еселенген мөлшерде айқындалады.

2. Коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

P/c №	Тіркеу әрекеттерінің түрлері	Мөлшерлемелер (АЕК)
1	2	3
1.	Коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін :	
1.1.	заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін	6,5
1.3.	саяси партияларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін	14
2.	Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерді , үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің кооперативтерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін	

	есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін :	
2.1.	мемлекеттік тіркегені, қызметтің тоқтатылуын тіркегені, есептік тіркегені, есептік тіркеуден шығарғаны үшін	1
2.2.	қайта тіркегені үшін	0,5
3.	Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктердің филиалдарын есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін :	
3.1.	тіркегені үшін (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде)	2
3.2.	қайта тіркегені, қызметтің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), есептік тіркеуден шығарғаны үшін	1

".

70) 554-баптың 4-тармағының кестесінде:

1.83.2. және 1.83.3.-жолдар алып тасталсын;

2.1, 2.2, 2.3, 3 және 3.1-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

2.1.	1.51. – 1.53., 1.55. – 1.59., 1.79. – 1.80.-тармақтарда көрсетілгендерді қоспағанда, барлық қызмет түрлеріне	осы кестенің 1-тармағында белгіленген тиісті мөлшерлеменің 100 %-ы
2.2.	1.51. – 1.53., 1.55. – 1.59.-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлеріне	осы кестенің 1-тармағында белгіленген тиісті мөлшерлеменің 10 %-ы

2.3.	1.79 – 1.80-тармақтарда көрсетілген қызмет түрлеріне	1
3	Лицензияларды қайта ресімдегені үшін мөлшерлемелер:	
3.1.	тауарлардың экспорты мен импортына, сондай-ақ экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортына лицензияны қайта ресімдеуді қоспағанда, барлық лицензия түрлері үшін	осы кестенің 1-тармағында белгіленген тиісті мөлшерлеменің 10 %-ы

";

71) 635-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Егер кірістер және мүлік туралы декларация ұсынылған күнге қаржылық есептіліктің бекітілген аудиторлық есебі болмаған жағдайда, бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасын есептеу осы Кодекстің 211-бабының ережелері ескеріле отырып, қаржылық есептіліктің аудиторлық есебі бекітілген күннен кейінгі алпыс жұмыс күні ішінде, бірақ есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей ұсынылатын кірістер және мүлік туралы қосымша декларацияда жүргізіледі.";

72) 638-баптың 2-тармағында:

бірінші бөліктің алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мт – осы Кодекстің 340-бабы 3-тармағының 2) – 6) тармақшаларында көрсетілген кірістерден Қазақстан Республикасында төлем көзінен ұстап қалынған табыс салығы есепке алынбай, осы Кодекстің 294-бабы 4-тармағының 12) тармақшасына сәйкес есептелген тиімді мөлшерлеме.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың ережелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелген бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне қолданылмайды.";

73) 639-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасында дивидендтер түріндегі кірістерден төлем көзінен ұстап қалынған корпоративтік табыс салығы сомасын қоспағанда, бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған, осы Кодекстің 340-бабына сәйкес бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде салық салуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына қосылған кірісінен немесе салық салынатын кірісінен салықтық кезеңде Қазақстан Республикасында төлем көзінен, резиденттің

бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне тікелей, жанама, конструктивті қатысу немесе тікелей, жанама, конструктивті бақылау үлесіне мөлшерлес ұстап қалынған корпоративтік табыс салығының сомасы. Осы тармақшаның ережесі 10 пайыздан азды құрайтын мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген, төлем көзінен ұстап қалынған корпоративтік табыс салығының сомасына және резидент осы Кодекстің 638-бабы 2-тармағының ережелері қолданбаған жағдайда қолданылады;"

2) тармақшада:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

" $C_{ш} = K \times K_{ф} \times (M_{к} - M_{т}) / 100\%$, мұнда:"

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

" $K_{ф}$ - резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне тікелей, жанама, конструктивті қатысу немесе тікелей, жанама, конструктивті бақылау коэффициенті;"

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) немесе 2) тармақшасының ережелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелмеген бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне және резидент-жеке тұлғада мынадай:"

74) 645-баптың 7-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы бөлімнің мақсатында осы Кодекске және Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасына сәйкес салық салу объектілерін түзету кезінде туындайтын дивидендтерге салық салынған кезде осы Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес кірісті айқындау кірісті төлеу деп түсініледі. Бұл ретте есепті салықтық кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызы кірісті төлеу күні болып табылады."

үшінші бөлік алып тасталсын;

75) 656-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бапта белгіленген салық салу тәртібі бейрезидент-заңды тұлға Қазақстан Республикасына жіберген шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың кірістеріне, оған қоса осы Кодекстің 322-бабының 1-тармағында айқындалған:

жұмыс беруші болып табылатын осындай бейрезидент-заңды тұлғамен жасалған еңбек шарты (келісімі, келісімшарты) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен;

осындай бейрезидент-заңды тұлғамен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт (келісімшарт) бойынша Қазақстан Республикасындағы қызметтен;

Қазақстан Республикасындағы қызметпен байланысты осындай бейрезидент-заңды тұлғадан алынған материалдық пайда түрінде Қазақстан Республикасындағы қызметтен алынған (алынуға жататын) кірістерге;

Қазақстан Республикасында тұруға байланысты осындай бейрезидент-заңды тұлға төлейтін үстемеақыларға қолданылады.

Осы баптың ережелері, егер осы Кодекстің 655-бабының 7-тармағында өзгеше белгіленбесе, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі жоқ бейрезидент-заңды тұлғаның жұмыскері немесе мердігері болып табылған жағдайда, осы тармақта көрсетілген, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түскен кірістерге қолданылады.";

76) 679-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жаңадан құрылған заңды тұлғалар – тіркеуші органда мемлекеттік тіркеуден кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей салық органына ұсынылатын, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламада;"

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер үшін таңдалған арнаулы салық режимі, осындай салық салу режимі үшін осы бөлімде белгіленген арнаулы салық режимін қолдану шарттарына сәйкес келмеу жағдайларының туындауын қоспағанда, күнтізбелік жыл ішінде өзгертілуге жатпайды.

4. Шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режимінен салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібіне көшкен (ауысқан) кезде шағын бизнес субъектілеріне арналған арнаулы салық режиміне кейіннен көшу жалпыға бірдей белгіленген тәртіпті қолданудың күнтізбелік бір жылынан кейін мүмкін болады.";

8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қолданылатын салық салу режимі туралы хабарламаны осы бапта белгіленген мерзімде ұсынған жаңадан құрылған заңды тұлғалар үшін – тіркеуші органда мемлекеттік тіркеу күні;"

77) 683-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте осы тармақшаның бірінші бөлігінің үшінші абзацында көрсетілген кіріске дара кәсіпкердің республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 70 048 еселенген мөлшері шегіндегі, үш құрамдасты интеграцияланған жүйені міндетті түрде қолдана отырып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар арқылы алған кірістері қосылмайды.";

78) 723-баптың 12-тармағында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау туралы заңнамасына сәйкес шикі газды, оның ішінде қайта өңдеуден өткен газды ұлттық оператор мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде сатып алған жағдайда, онда жер қойнауын пайдаланушы мұндай шикі газды, оның ішінде қайта өңдеуден өткен газды өткізуден түсетін кірісті осы Кодекстің 227-бабына сәйкес айқындайды.";

бесінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

" (GP1 x 0,857)

CF x ----- x r

OP + (GP1 x 0,857)

CP = -----, мұнда:

GP1";

79) 745-бапта:

3-тармақтың 3) тармақшасындағы "бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) өткен минералды шикізатты" деген сөздер "минералды шикізатты, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана өткен минералды шикізатты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана өткен минералды шикізатты" деген сөздер "минералды шикізатты, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана өткен минералды шикізатты" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана өткен минералды шикізатты" деген сөздер "минералды шикізатты, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана өткен минералды шикізатты" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) өткен минералды шикізатты " деген сөздер "минералды шикізатты, оның ішінде бастапқы қайта өңдеуден (байытудан) ғана өткен минералды шикізатты" деген сөздермен ауыстырылсын;

80) 747-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тараудың мақсаттары үшін өндірілген кең таралған пайдалы қазба және емдік балшық көлемінің бірлігі бір текше метр немесе бір тонна болып танылады.";

81) 748-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кең таралған пайдалы қазбаларға және емдік балшықтарға арналған пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемелері өндірілген кең таралған пайдалы қазба мен емдік балшық көлемінің бірлігі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің мөлшері негізге алына отырып есептеледі және мыналарды құрайды:

P/c №	Пайдалы қазбалардың атауы	Мөлшерлемелер, АЕК-пен

1	2	3
1.	Метаморфалық жыныстар, оның ішінде мәрмәр, кварцит, кварцтық-далалық шпат жыныстары	0,02
2.	Магмалық тау жыныстары, оның ішінде гранит, сиенит, диорит, габбро, риолит (липарит), андезит, диабаз, базальт, вулкандық туфтар, шлактар, пемзалар, вулкандық шынылар және шыны тектес жыныстар (перлит, обсидиан)	0,02
3.	Шөгінді тау жыныстары, оның ішінде жұмыртастар мен қиыршық тас, қиыршық тасты-кұмды (кұмды-қиыршық тасты) қоспа, құм және құмтастар, саз және сазды жыныстар (саздақ топырақ, алевролиттер, аргиллиттер, сазды тақта тастар), ас тұзы, гипстік жыныстар, мергельдер, әктастар, оның ішінде қабықшалар, борлы жыныстар, доломиттер, әктас-доломитті жыныстар, кремнийлі жыныстар (трепел, опока, диатомит), табиғи пигменттер, шымтезек	0,015
4.	Емдік балшықтар	0,02

".

10. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-І, 23-ІІ, 110-құжат; 2018 ж., № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат):

1) 19-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес алынған кез келген ақпарат:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік органына;

Қазақстан Республикасының үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы заңнамасына сәйкес тергеп-тексеру мақсаттары үшін Комиссияға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы, өтемақылық тергеп-тексерулерін жүргізу кезінде шет мемлекеттің және (немесе) шет мемлекеттер одағының құзыретті органына;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтемақы тергеп-тексеруін жүргізу кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің құзыретті органына және

(немесе) Еуразиялық экономикалық комиссияға ақпарат беру жағдайларын қоспағанда, жария етілуге және таратылуға жатпайды.";

2) 150-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) енгізілетін өзгерістер тауарларға арналған тіркелген декларацияда көрсетілген тауарларға қарағанда өзге тауарлар туралы мәліметтерді мәлімдеуге алып келетін жағдайларды қоспағанда, егер бұзушылықтар төленуге жататын кедендік төлемдер мен салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының мөлшеріне әсер етсе, бұзушылықтарды талап қоюдың ескіруі мерзімі ішінде (өздері бойынша көшпелі кедендік тексеру басталған кедендік декларациялардан басқа) дербес анықтаған және өз еркімен жойған;"

3) 189-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

3-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Декларанттың уәжді жолданымы бойынша толық декларацияны (толық декларацияларды) беру мерзімін кеден органы беруді аяқтауға қажетті, бірақ қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартады.";

4) 266-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қайта өңдеу өнімдерін ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастыру кезінде салықтар мынадай тәртіппен есептеледі:

1) есептелуге жататын қосылған құн салығының сомасы тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерде қайта өңдеу жөніндегі операциялардың құны негізге алынып айқындалады.

Егер қайта өңдеу өнімдерін кедендік декларациялау кезінде мәлімделген тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерде қайта өңдеу жөніндегі операциялардың құны құжатпен расталмаған не ұсынылған құжаттар осындай операциялардың құны туралы мәлімделген мәліметтерді растамаған жағдайда, ол осы баптың 3-тармағына сәйкес айқындалады.

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерде қайта өңдеу жөніндегі операциялардың құны осы баптың 2-тармағына сәйкес айқындалады;

2) осы тармақшаның екінші бөлігінде көрсетілген жағдайды қоспағанда, акциз толық көлемде есептеледі.

Егер Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілген тауарларды жөндеу Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерде қайта өңдеу жөніндегі операция болып табылған жағдайда, акциздер есептелмейді және төленбейді.
";

5) 291-бапта:

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының ережелері өзінің шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА аумағына осы баптың 7-1-тармағының ережелері ескеріле отырып, кейіннен пошта байланысының тағайындалған операторының Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерге әкетуіне жататын пошта жөнелтілімдерін қалыптастыру мақсаттары үшін іргелес жатқан шет мемлекет аумағынан әкелінетін тауарларға қатысты қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Пошта байланысының тағайындалған операторы осы баптың 6-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген тауарлардан қалыптастырған халықаралық пошта жөнелтілімдерінің партиясы осындай халықаралық пошта жөнелтілімдерін осы Кодекстің 370-бабында көзделген ерекшеліктерді қолданып, кедендік транзит кедендік рәсіміне орналастыра отырып, өзінің шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА аумағынан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс жерге әкетілуге жатады. Бұл ретте пошта байланысының тағайындалған операторы Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде халықаралық пошта жөнелтілімдерінің қалыптастырылған партияларына қатысты көзделген құжаттарды өзінің шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА аумағында ресімдейді.

Пошта байланысының тағайындалған операторы осындай тауарлардан халықаралық пошта жөнелтілімдерінің партияларын қалыптастыру жөніндегі операцияларды жасау үшін іргелес жатқан шет мемлекеттің аумағынан әкелінетін шетелдік тауарларды есепке алуды жүргізеді.

Пошта байланысының тағайындалған операторы бақылаушы мемлекеттік органның немесе құқық қорғау органының сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген тауарлар туралы мәліметтерді береді.";

8-тармақтың екінші бөлігіндегі "тауарлардың тізбесін" деген сөздер "тауарлардың тізбесін және санаттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1-тармақпен толықтырылсын:

"14-1. Осы баптың 11, 12, 13 және 14-тармақтарының ережелері іргелес жатқан шет мемлекеттің аумағынан әкелінетін шетелдік тауарлардан халықаралық пошта жөнелтілімдерінің партияларын қалыптастыру жөніндегі операцияларды жасау үшін осындай тауарларға қатысты қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тауарларға қатысты, көрсетілген тауарлардан халықаралық пошта жөнелтілімдерінің партияларын қалыптастыруға, қалыптастырылған халықаралық пошта жөнелтілімдерін осы баптың 7-1-тармағына сәйкес өзінің шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының

учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін АЭА аумағынан әкету кезінде Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде көзделген құжаттарды ресімдеуге байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібін уәкілетті орган кеден саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.";

6) 369-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде көзделген және халықаралық пошта жөнелтілімдеріне ілеспе құжаттар халықаралық пошта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларды – ішкі тұтыну үшін шығару, экспорт кедендік рәсімдеріне сәйкес, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан халықаралық пошта жөнелтілімдерімен әкетілген және алушыларға табыс етілмеген тауарларды кері импорт кедендік рәсіміне сәйкес кедендік декларациялау кезінде мынадай:

1) осындай тауарларға қатысты кедендік баждар, салықтар төленуге жатпайтын;

2) осындай тауарларға қатысты тыйым салулар мен шектеулер белгіленбеген, ішкі нарықты қорғау шаралары қолданылмайтын жағдайларда, тауарларға арналған декларация ретінде пайдаланылуы мүмкін.";

7) 417-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Камералдық кедендік тексеруді кеден органдары тексерілетін тұлғаға бармай, сондай-ақ кеден органының камералдық кедендік тексеруді жүргізу туралы шешімін (нұскаласын) ресімдемей, кеден органының тұрған жері бойынша жүргізеді.

Кеден органы тексерілетін тұлғаны камералдық кедендік тексеруді жүргізудің басталғаны туралы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысан бойынша хабардар етеді.

Бұл ретте тексерілетін тұлғаға осы хабарламаның шеңберінде осы баптың 5-тармағына сәйкес құжаттар және (немесе) мәліметтер ұсыну жөнінде талап жіберуге құқылы.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген, кеден органының басшысы немесе кеден органы басшысының орынбасары қол қойған хабарламаны жіберген күн камералдық кедендік тексеруді жүргізу басталған күн болып саналады.

Камералдық кедендік тексеруді жүргізу мерзімі алты айдан аспауға тиіс.";

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Камералдық кедендік тексеруді жүргізу үшін:";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы баптың 3-тармағының 3), 4), 5), 6) және 8) тармақшаларында көзделген негіздерді қоспағанда, кеден органы бұрын камералдық кедендік тексеру жүргізген тауарларға нақ сол кеден органының қайтадан камералдық кедендік тексеру жүргізуіне жол берілмейді.

Осы Кодекстің 202-бабында көзделген шартты түрде шығарылған тауарларға, өздеріне қатысты 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа

да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 250-бабында және 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 427-бабында көзделген пайдаланылуы және билік етілуі бойынша шектеулер бар тауарларға қатысты, сондай-ақ осы Кодекстің 416-бабының 6-тармағында көзделген жүргізілетін камералдық кедендік тексеру нысанасы алдыңғы камералдық кедендік тексерулерде қамтылмаған жағдайларда қайтадан камералдық кедендік тексеруге жол беріледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Камералдық кедендік тексеруді жүргізу барысында кеден органы тексерілетін тұлғаға осы Кодекстің 426-бабында көзделген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ұсыну жөнінде талап жібереді.

Құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсыну мерзімі талап табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күнінен аспауға тиіс. Қажет болған кезде, кеден органы құжаттарды ұсыну мерзімін тексерілетін тұлғаның уәжді сұрау салуы бойынша бес жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін.";

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Камералдық кедендік тексеру кезінде тексерілетін тұлға кедендік декларацияда мәлімделген құжаттарды талап ету бойынша ұсынбаған жағдайда, осындай құжаттардың негізінде кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтер анық мәлімделмеген болып есептеледі.".

11. 2017 жылғы 27 желтоқсандағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 23-IV, 112-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

179-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік 4) тармақшасындағы "сатып алу арқылы жүзеге асырылады." деген сөздер "сатып алу арқылы;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) тауар биржаларында жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Тауарларды тауар биржалары арқылы сатып алу Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес биржалық тауарлар тізбесі бойынша жүзеге асырылады. Егер биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды сатып алудың жылдық көлемдері биржалық тауарлар тізбесінде көзделген партияның ең аз мөлшерінен аспаған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушы тауарларды сатып алудың өзге тәсілін таңдауға құқылы.".

12. "Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 13, 41-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар

Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді әділет органдары жүзеге асырады.

Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (тіркеуші органдар) жүзеге асырады.";

2) 5-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Заңға сәйкес коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді";

3) мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-баптармен толықтырылсын:

"5-1-бап. Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді (қайта тіркеуді) және есептік тіркеуден шығаруды жүзеге асыру кезінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының құзыреті

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы:

осы Заңға сәйкес коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді (қайта тіркеуді) және есептік тіркеуден шығаруды;

Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізуді;

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы филиалдарының осы Заң талаптарын сақтауын бақылауды;

коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) және есептік тіркеуден шығару мәселелері бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарауды;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда бақылау және қадағалау функциялары берілген мемлекеттік органдарға олардың сұрау салуы бойынша ақпарат беруді жүзеге асырады.

5-2-бап. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу саласындағы қызметін мемлекеттік бақылау

1. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу саласындағы қызметін мемлекеттік бақылауды әділет органдары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік бақылау "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу саласындағы қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының:

1) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу;

2) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу;

3) көрсетілетін қызметті алушылардың коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу мерзімдерін бұзу фактілерін анықтау және олар туралы әділет органдарын хабардар ету жөніндегі талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған жағдайда әділет органдары тіркеуші органға бұзушылықтарды жою туралы ұсыну жібереді. Бұзушылық белгіленген мерзімде жойылмаған кезде әділет органдары анықталған Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жоюға мәжбүрлеу туралы талап қойып, сотқа жүгінуге құқылы.";

4) 6-бапта:

алтыншы және оныншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Орта және ірі кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде өтінішке құрылтайшы немесе құрылтайшылардың біреуі қол қояды не шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе мемлекеттік органдар не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жалғыз құрылтайшы не құрылтайшылардың бірі болып табылатын жағдайларда, құрылтайшының уәкілеттік берген адамы қол қояды және оны Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, нотариаттық тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттарын қоса бере отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына береді.";

"Тіркеуші органға бір мезгілде коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат не шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына ақы төленгенін растайтын құжат ұсынылады.";

5) 6-2-бапта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу үшін тіркеуші органға Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі. Өтінішке филиалды (өкілдікті) құратын заңды тұлға уәкілеттік берген адам қол қояды және ол заңды тұлғаның мөрімен бекемделеді.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда, өтінішті мөрмен бекемдеу талап етілмейді.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтінішке коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат не коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына ақы төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.";

6) 6-3-баптың тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6-3-бап. Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу

Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның құрылтай

құжаттарында уәкілеттік берілген органның шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда сот шешімі;

3) заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешімді қабылдаған орган бекіткен, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқық мирасқорлығы туралы ережелер көрсетіле отырып, бірігу, қосылу, қайта құрылу кезінде – тапсыру актісі, бөліну, бөлініп шығу кезінде – бөліну балансы және заңды тұлғаның уәкілетті органының тапсыру актісі мен бөліну балансын бекіту туралы шешімі;

4) заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы кредиторлардың жазбаша хабардар етілгенін растайтын құжат;

5) коммерциялық емес ұйым болып табылатын қайта ұйымдастырылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

6) коммерциялық ұйым болып табылатын қайта ұйымдастырылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылғаны үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына ақы төленгенін растайтын құжат беріледі.";

7) 8-баптың екінші бөлігіндегі "(банк филиалының бір облыс, республикалық маңызы бар қала, астана шегінде орналасқан барлық үй-жайларының мекен-жайы)" деген сөздер алып тасталсын;

8) 10 және 14-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Тіркеу алымын төлеу

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу), есептік тіркеуден шығару кезінде коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен тіркеу алымы алынады.

Тіркеуші орган өткізетін, коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу бойынша көрсетілетін қызметтердің бағаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен орталық мемлекеттік органдар қатарынан айқындалатын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілейді.

Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады.";

"14-бап. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда заңды тұлға, филиал (өкілдік) мемлекеттік (есептік) қайта тіркелуге жатады.

Бұл ретте тіркеуші органға:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) заңды тұлғаның уәкілетті органының заңды тұлға мөрімен бекемделген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделетін, мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы шешімі не шешімінен үзінді-көшірме ұсынылады. Егер заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда, құжаттарды мөрмен бекемдеу талап етілмейді;

3) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары (өкілдіктері) үшін енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар құрылтай құжаттарының (ережелерінің) үш данасы;

4) жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның бұрынғы құрылтай құжаттарының, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелердің төлнұсқалары;

5) коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркегені немесе оның филиалын (өкілдігін) есептік қайта тіркегені үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

6) коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркегені немесе оның филиалын (өкілдігін) есептік қайта тіркегені үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына ақы төленгенін растайтын құжат ұсынылады.";

9) 16-бапта:

бірінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарату негізі бойынша заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

2) заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не бұған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының заңды тұлға мөрімен бекемделген шешімі ұсынылады. Егер заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда, құжаттарды мөрмен бекемдеу талап етілмейді;

3) заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлардың талаптарды мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми баспасөз басылымдарында жарияланғанын растайтын құжат;

4) облигациялардың және (немесе) акциялардың күшін жою туралы куәлік және (немесе) облигацияларды өтеу қорытындылары туралы есеп не Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкінде тіркелген акциялар және (немесе) облигациялар шығарылымдарының жоқ екендігі туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің хаты;

5) заңды тұлғаның мөрін (ол болған кезде) жою туралы құжат;

6) коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

7) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына ақы төленгенін растайтын құжат ұсынылады.";

"Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін сатып алушы:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органның) мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы шешімін;

3) мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартының көшірмесін;

4) мемлекеттік кәсіпорынның тапсыру актісінің көшірмесін;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркегені үшін ақы төленгенін растайтын құжатты ұсынады.";

мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылсын:

"Бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келген: бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен тіркеуші органға өтініш жасамаған; мемлекеттік кіріс органдарында салық төлеушілер ретінде тіркелмеген кезде заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) қызметі мәжбүрлі тәртіппен тоқтатылуға жатады. Қызметті мәжбүрлі тәртіппен тоқтату заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның арызы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі. Заңды тұлғаларды Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау соттың заңды күшіне енген, мәжбүрлеп тарату туралы шешімінің негізінде жүргізіледі.";

10) 16-1-баптың тақырыбы, бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1-бап. Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару

Филиал (өкілдік):

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша филиалдың (өкілдіктің) қызметін тоқтату туралы заңды тұлғаның өтініші;

2) филиал (өкілдік) туралы ереже;

3) коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығарғаны үшін тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат;

4) коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығарғаны үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына ақы төленгенін растайтын құжат негізінде есептік тіркеуден шығарылуға жатады.

Мемлекеттік кіріс органдары бизнес-сәйкестендіру нөмірлері ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде шетелдік заңды тұлғаның қызметін тоқтататын филиалы (өкілдігі) бойынша, есепке алынуы мемлекеттік кіріс органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ұсынады не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) міндеттемелерді "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен орындамаған жағдайда, берешек туралы көрсетілген мәліметтерді ұсынудан бас тартады.

Сот оған қатысты борышкерді банкрот деп тану және оны банкроттық рәсімін қозғай отырып тарату туралы шешім шығарған заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару соттың банкроттық рәсімді аяқтау туралы заңды күшіне енген ұйғарымының негізінде жүзеге асырылады.

Сот оған қатысты мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығарған заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару филиал (өкілдік) туралы ереже қоса беріле отырып, осындай заңды күшіне енген шешім негізінде жүзеге асырылады."

13. "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 7, 49-құжат; № 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 56-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 14, 84-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

9-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Шаруашылық серіктестігі таратылған кезде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына тарату балансы ұсынылады, соның негізінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне серіктестіктің таратылғаны туралы тиісті жазба енгізіледі."

14. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 137-құжат; № 22-I, 140, 143-құжаттар; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 55-құжат; № 8-I, 65-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 21-құжат; № 13, 45-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында (бұдан әрі – Корпорация) банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және банк операцияларын жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі лицензиясының болуымен айқындалады.";

2) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Банкті мемлекеттік тіркеу

Банкті мемлекеттік тіркеуді Корпорация уәкілетті органның банк ашуға берген рұқсатының және оның құрылтай құжаттарының уәкілетті органмен келісілгенін растайтын деректердің негізінде жүзеге асырады.

Құрылтайшылар уәкілетті органның банкті ашуға рұқсаты алынған күннен бастап бір ай ішінде банкті мемлекеттік тіркеу үшін Корпорацияға өтініш жасауға міндетті.";

3) 28-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Құрылтай құжаттарына енгізілетін, Корпорацияда қайта тіркелуді талап ететін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды мемлекеттік тіркегеннен кейін банк қайта тіркеу күнінен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға Корпорацияның белгісі мен мөрі соғылған құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

Құрылтай құжаттарына қайта тіркелуді қажет етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда банк Корпорацияның банктің хатын қабылдап алғаны туралы белгісі соғылған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға банктің осы хатының көшірмесін, сондай-ақ құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.";

4) 29-бапта:

2-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банк өзінің филиалы мен өкілдігі Корпорацияда есептік тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде олардың ашылғаны туралы уәкілетті органға:";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Корпорацияның белгісі мен мөрі соғылған филиал немесе өкілдік туралы ереженің нотариат куәландырған көшірмесін;";

6 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Филиалды Корпорацияда есептік тіркеген күннің немесе филиал туралы ережеге банктің жұмыс істеп тұрған филиалының қосымша үй-жайларының, оның ішінде бірнеше мекенжайдағы үй-жайларының санын көбейту бөлігінде толықтырулар енгізу туралы банктің хатын қабылдап алғаны туралы Корпорацияның белгісі соғылған күннің алдындағы үш ай ішінде уәкілетті органның банкке осы Заңның 47-2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген санкцияны, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаларды қолданбауы банктің филиалдар ашуының, жұмыс істеп тұрған филиалдардың қосымша үй-жайларының, оның ішінде бірнеше мекенжайдағы үй-жайларының санын көбейтудің міндетті шарты болып табылады.";

"8. Филиал, өкілдік туралы ережелерге Корпорацияда есептік қайта тіркелуді талап ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде Қазақстан Республикасының резидент-банкі Корпорацияда есептік қайта тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға филиал, өкілдік туралы ережелерге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

Филиал, өкілдік туралы ережелерге Корпорацияда есептік қайта тіркелуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде Қазақстан Республикасының резидент-банкi Корпорацияның банктің хатын қабылдап алғаны туралы белгісі соғылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға банктің көрсетілген хатының көшірмесін, филиал, өкілдік туралы ережелерге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуға міндетті.";

11-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң өкілдігі Корпорацияда есептік тіркелген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ашылғаны туралы:";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Корпорацияның белгісі мен мөрі соғылған өкілдік туралы ереженің нотариат куәландырған көшірмесін;";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң өкілдігі Корпорацияда есептік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органды осы құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілгені туралы хабардар етуге міндетті.

Өкілдік туралы ережеге қайта тіркелуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң өкілдігі Корпорацияның Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi өкілдігінің хатын қабылдап алғаны туралы белгісі соғылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi өкілдігінің көрсетілген хатының көшірмесін, өкілдік туралы ережеге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынуға міндетті.

14. Банк өзінің филиалы және (немесе) өкілдігі Корпорацияда (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде филиалдың немесе өкілдіктің қызметі тоқтатылған кезде – мемлекеттің тиісті тіркеуші органында) есептік тіркеуден шығарылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органды банк филиалының және (немесе) өкілдігінің есептік тіркеуден шығарылғанын растайтын Корпорация құжатының нотариат куәландырған көшірмесін қоса бере отырып, олардың қызметінің тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге тиіс.";

5) 38-баптың 1-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мемлекеттік кіріс органдарына қосылған құн салығын есепке алу үшін ашылған ағымдағы шоттар бойынша ақпарат беру үшін ақпараттандыру саласындағы

уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өздерінің ақпараттық жүйелерінің мемлекеттік кіріс органдарының ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылын жүзеге асырады.";

6) 48-1-баптың 8-тармағындағы "әділет органының" деген сөз "Корпорацияның" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 52-15-баптың 2-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) банкті ислам банкі етіп мемлекеттік қайта тіркеу үшін Корпорацияға өтініш жасау;"

8) 52-17-бапта:

тақырыптағы "әділет органдарында" деген сөздер "Корпорацияда" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті орган осы баптың 1-тармағында көрсетілген есепті мақұлдағаннан кейін банк банкті мемлекеттік қайта тіркеу үшін күнтізбелік отыз күн ішінде Корпорацияға өтініш жасауға міндетті.";

5-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Банк Корпорацияда мемлекеттік қайта тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, бірақ уәкілетті органның рұқсатында көрсетілген айналдыру мерзімі аяқталғанға дейін отыз жұмыс күнінен кешіктірмей, уәкілетті органға:";

9) 69-бапта:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ерікті түрде таратылуға рұқсат алғаннан кейін банк бұл туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауға міндетті.";

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тарату комиссиясы тарату балансы мен банкті тарату туралы есеп бекітілгеннен кейін жеті күн мерзімде оларды Корпорацияға және уәкілетті органға ұсынуға міндетті.";

10) 73-баптың 7-тармағының үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін Корпорацияға және уәкілетті органға жібереді.

Тарату комиссиясы тарату балансы мен тарату туралы есеп бекітілгеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде оларды – Корпорацияға, ал көрсетілген құжаттардың көшірмелерін уәкілетті органға ұсынуға міндетті."

15. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; №

8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-VII, 117-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 14-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер құрылтай шартында өзгеше көзделмесе, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтай шарты коммерциялық құпияны білдіретін құжаттар құрамына кіреді және мемлекеттік және өзге де ресми органдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға серіктестік органдарының шешімімен ғана не Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда ұсынылуға жатады.

Мемлекеттік тіркеу кезінде құрылтай шартын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына ұсыну талап етілмейді.";

2) 19-баптың 2 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікті мемлекеттік тіркеуді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.";

"5. Егер серіктестіктің құрылтайшылары өз қызметін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үлгілік жарғысы негізінде жүзеге асыру шешімін қабылдаған жағдайда, онда "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш ұсынылады.".

16. "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 13, 196-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

1) 1-баптың 2) тармақшасындағы "жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне кепіл туралы шарттағы немесе кепіл талаптары бар өзге де шарттағы мәліметтерді енгізу жөнінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде туындайтын қатынастарға қатысушылардың іс-қимылдары жиынтығын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік беруді" деген сөздер "жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде туындайтын қатынастарға қатысушылардың кепіл туралы шарттағы немесе кепіл талаптары бар өзге де шарттағы мәліметтерді жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне енгізу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік беру, кепіл шартына өзгерістер, толықтырулар

енгізу, сондай-ақ тіркелген кепілді тоқтату жөніндегі іс-қимылдарының жиынтығын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-баптың 5-тармағының бірінші бөлігіндегі "Кепіл ұстаушы" деген сөздер "Егер кепіл міндеттемесі тараптарының келісімі бойынша жылжымалы мүлік кепілін тіркеуден шығару бойынша өтініш иесі кепіл ұстаушы болып табылса, онда соңғысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 17-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кепіл беруші тіркелген кепілді тоқтату туралы өтінішті жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы берген кезде кепілдің тоқтатылуын тіркеу кепіл берушінің кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелерді орындағанын растайтын кепіл ұстаушының өтініші негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте кепіл ұстаушы тіркелген кепілді тоқтату туралы өтінішті кепіл беруші берген кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, осы өтінішті жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы жіберуге міндетті.";

4) 18-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ақпарат беру "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген нормалар сақтала отырып жүзеге асырылады.";

2-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын.

17. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 771-құжат; 2001 ж., № 10, 122-құжат; 2003 ж., № 24, 175-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 12, 77-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7-құжат; № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 9, 18-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 46-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат);

5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің немесе осы саладағы қызметті жүзеге асырушының — заңды тұлғаның акцияларының (үлестерінің, пайларының) 20 пайызынан астамын шетелдіктердің және шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі электрондық коммерцияға арналған интернет-ресурстарға қолданылмайды."

18. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 94-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-III, 149-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат):

1) 5-1-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасы резиденттеріне теңіз көлігінің (каботаж қызметтерін ұсынатын кемелерді қоспағанда), коммерциялық авиацияның көрсетілетін қызметтеріне, ғарыштық ұшуларды (спутниктерді қоса алғанда) іске қосудың және оның фрахтының көрсетілетін қызметтеріне және олармен байланысты көрсетілетін қызметтерге (тауарларды тасымалдау, тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарының өздерін сақтандыру және осыдан туындайтын кез келген жауапкершілік) байланысты тәуекелдер бөлігінде жол беріледі.";

2) 8-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы "сақтандыруды" деген сөзден кейін "және туристі міндетті сақтандыруды" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 15-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, осы Заңның 5-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыру шарттарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымымен сақтандыру шартын жасасу жөніндегі делдалдық қызметке жол берілмейді.

4. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының атынан Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге шығатын автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, осы Заңның 5-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тәуекелдерді сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті тиісті сақтандыру сыныбы көрсетілген уәкілетті органның лицензиясы бар Қазақстан

Республикасының резидент-сақтандыру ұйымдары да және аталған Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымымен жасалған тиісті шарты болған жағдайда Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру брокерлері де жүзеге асыра алады.";

4) 22-баптың 2-тармағындағы "әділет органдарында" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында (бұдан әрі – Корпорация)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 29-баптың 3) тармақшасындағы "әділет органдарында" деген сөздер " Корпорацияда" деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 30-бапта:

1-тармақтағы "әділет органдары" деген сөздер "Корпорация" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "әділет органына" деген сөздер "Корпорацияға" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар

Құрылтай құжаттарына енгізілетін, Корпорацияда қайта тіркелуді талап ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар мемлекеттік тіркелгеннен кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қайта тіркелу күнінен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмесін ұсынуға міндетті.

Құрылтай құжаттарына қайта тіркелуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының хатын қабылдап алғаны туралы Корпорацияның белгісі соғылған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының көрсетілген хатының көшірмесін, құрылтай құжаттарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмесін ұсынуға міндетті.";

8) 33-бапта:

2-тармақта:

бірінші абзацтағы "әділет органдарында" деген сөздер "Корпорацияда" деген сөзбен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) филиал немесе өкілдік туралы ереженің көшірмесін;"

7-тармақтағы "әділет органдарында" деген сөздер "Корпорацияда" деген сөзбен ауыстырылсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Филиал, өкілдік туралы ережелерге Корпорацияда есептік қайта тіркелуді талап ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, Қазақстан

Республикасының резиденттері болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері Корпорацияда есептік қайта тіркелу күнінен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға филиал, өкілдік туралы ережелерге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмесін ұсынуға міндетті.

Филиал, өкілдік туралы ережелерге Корпорацияда есептік қайта тіркелуді талап етпейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабарламаны қабылдап алуға уәкілеттік берілген орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің құжаттарын қабылдап алған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға олардың қабылдап алынғанын растайтын құжатты, филиал, өкілдік туралы ережелерге өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың көшірмесін ұсынуға міндетті.";

12-тармақта:

бірінші абзацтағы "әділет органдарында" деген сөздер "Корпорацияда" деген сөзбен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өкілдік туралы ереженің көшірмесін";

14-тармақтың бірінші бөлігіндегі "әділет органдарында есептік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өкілдік туралы ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгені туралы, осы құжаттардың нотариат куәландырған" деген сөздер "Корпорацияда есептік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өкілдік туралы ережеге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілгені туралы, осы құжаттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтағы "әділет органдарында (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде филиалдың немесе өкілдіктің қызметі тоқтатылған кезде мемлекеттің тиісті тіркеу органында) есептік тіркеуден шығарған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері филиалының және (немесе) өкілдігінің есептік тіркеуден шығарылғанын растайтын әділет органы құжатының нотариат куәландырған көшірмесін қоса бере отырып, өздерінің" деген сөздер "Корпорацияда (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде филиалдың немесе өкілдіктің қызметі тоқтатылған кезде – мемлекеттің тиісті тіркеуші органында) есептік тіркеуден шығарған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру брокері филиалының және (немесе) өкілдігінің есептік тіркеуден шығарылғанын растайтын Корпорация (Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде филиалдың немесе өкілдіктің қызметі тоқтатылған кезде – мемлекеттің тиісті тіркеуші органы) құжатының көшірмесін қоса бере отырып, олардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 37-бапта:

5-тармақтағы "сақтандырудың осы сыныптары алып тастала отырып алып тасталған кезде" деген сөздер "және (немесе) қызмет түрлері алып тасталған кезде сақтандырудың осы сыныптарын және (немесе) қызмет түрлерін алып тастай отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-1-тармақтың бірінші бөлігіндегі "алып тастау, сақтандырудың осы сыныптары бойынша жаңа сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын" деген сөздер "және (немесе) қызмет түрлерін алып тастау сақтандырудың осы сыныптары және (немесе) қызмет түрлері бойынша жаңа сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 55-баптың 1-1-тармағы "жекелеген сыныптары" деген сөздерден кейін "және (немесе) қызмет түрлері" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 56-баптың 8-тармағындағы "және әділет органының" деген сөздер "және Корпорацияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 67-баптың 7-тармағындағы "әділет органдары" деген сөздер "Корпорация" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 70-баптың 5-тармағының үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін Корпорацияға, сондай-ақ уәкілетті органға жібереді.

Тарату комиссиясы тарату балансы мен тарату туралы есеп бекітілгеннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде оларды – Корпорацияға, ал көрсетілген құжаттардың көшірмелерін уәкілетті органға ұсынуға міндетті."

19. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 21-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 81-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 3, 21-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 49-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 67-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84, 86-құжаттар; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 118, 122-құжаттар; № 22, 131-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 19-II,

103-құжат; № 21-I, 121, 124, 125-құжаттар; № 21-II, 130, 132-құжаттар; № 22-I, 140-құжат; № 22-V, 154, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-I, 47, 49-құжаттар; № 8-II, 72-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 3, 6-құжат; № 8, 16-құжат; № 13, 45-құжат; № 15, 55-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 12, 39-құжат; № 16, 56-құжат; № 21, 72-құжат; № 22, 83-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

1) 27-баптың 1-тармағының 4-4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-4) стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және (немесе) маршруттарын айқындайды және бекітеді;"

2) 31-баптың 1-тармағының 4-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-2) стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және (немесе) маршруттарын айқындайды және бекітеді;"

20. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж., № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-II, 144-құжат; 2016 ж., № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 93-құжат):

19-баптың 2-тармағындағы "әділет органдарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99, 101-құжаттар; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 14, 51-құжат; № 22-

III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 24, 93-құжат):

1) 24-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) аумаққа құрылыс салу, құрылыстарды, ғимараттарды, құрылысжайларды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу), қалпына келтіру және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, облыстық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;"

2) 25-бапта:

1-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) аумаққа құрылыс салу, құрылыстарды, ғимараттарды, құрылысжайларды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу), қалпына келтіру және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, қалалық маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;"

2-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) аумаққа құрылыс салу, құрылыстарды, ғимараттарды, құрылысжайларды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу), қалпына келтіру және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;"

3-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) аумаққа құрылыс салу, құрылыстарды, ғимараттарды, құрылысжайларды, инженерлік және көліктік коммуникацияларды кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу), қалпына келтіру және күрделі жөндеу туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған құрылыс объектілерін консервациялау, жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;"

22. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-

құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 100-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-I, 60-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 9, 17-құжат; № 11, 29-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

89-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке тұлғадан түсетін кінә қоюға өтініш иесі өзінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, қол қояды.

Заңды тұлғадан түсетін кінә қоюға ұйымның басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам қол қояды және ол мөрмен куәландырылады.

Егер заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда, құжаттарды мөрмен бекемдеу талап етілмейді."

23. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 16, 53-құжат; № 24, 93-құжат):

1) 3-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді, орталық мемлекеттік органдардың және ведомстволардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету";

2) 18-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, сондай-ақ Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу;"

24. "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 63-құжат; № 16, 90-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42, 45-құжаттар; № 19-I, 101-құжат; № 19-II, 102-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 22, 82-құжат):

1) 1-баптың 8) тармақшасындағы "сондай-ақ номиналды" деген сөздер "сондай-ақ, егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, номиналды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 25-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Осы баптың 2, 3, 4, 6 және 7-тармақтарының талаптары:

тұлғаның (қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын өзі дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта иеленетін және осы бапта белгіленген міндеттерді бұрын орындаған) бағалы қағаздардың қайталама нарығында өзінің үлестес тұлғаларынан (қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын көрсетілген тұлғамен жиынтықта иеленетін және қоғамға бұрын жіберілген хабарламада көрсетілген) осы қоғамның дауыс беретін акцияларын сатып алуы;

үлестес тұлғаның (қоғамға бұрын жіберілген хабарламада көрсетілген және қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын осы бапта белгіленген міндеттерді бұрын орындаған тұлғамен жиынтықта иеленетін) бағалы қағаздардың қайталама нарығында басқа үлестес тұлғадан (қоғамға бұрын жіберілген хабарламада көрсетілген және қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызын осы бапта белгіленген міндеттерді бұрын орындаған тұлғамен жиынтықта иеленетін) осы қоғамның дауыс беретін акцияларын сатып алуы жағдайларына қолданылмайды.";

3) 25-1-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Осы Заңның 1-бабының 8) тармақшасында көрсетілген акциялар, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда өздері бойынша дауыс беру құқығы берілетін, орналастырылған, номиналды ұстаудағы және орталық депозитарийдің есепке алу

жүйесінде өзі туралы мәліметтер жоқ меншік иесіне тиесілі жай акциялар және (немесе) артықшылықты акциялар осы баптың мақсаттарында қоғамның дауыс беретін акциялары деп түсініледі.";

4) 53-1-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет тек қана директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруға тиіс.";

5) 63-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Егер мәміле жасасу туралы шешім қабылдау кезінде мұндай мүліктің құны оның "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы айқындаған нарықтық құнына анық мөлшерлес емес екені дәлелденетін болса, акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде қоғам немесе қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын иеленетін (жиынтықта иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан қоғам мүддесінде, жасалуына мүдделілік болған және нәтижесінде қоғам құны өзінің активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған, лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуына алып келген мәмілені қоғамның жасасуы нәтижесінде қоғамда туындаған зиян үшін лауазымды адамды жауаптылыққа тарту туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы.";

6) 73-баптың 1-тармағы "шешім" деген сөзден кейін ", осындай мәміленің үлгілік шарттарын қоғамның директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 74-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ірі мәмілені және жасалуына мүдделілік болған мәмілені жасасу кезінде осы Заңда көзделген талаптарды сақтамау, сондай-ақ өзге де мәмілелерді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жасасу осы мәмілелерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша сот тәртібімен жарамсыз деп тануға алып келуі мүмкін.

Егер мәміле жасасу туралы шешім қабылдау кезінде сатып алынған немесе иеліктен шығарылған мүліктің құны оның "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы айқындаған нарықтық құнына анық мөлшерлес емес екені дәлелденетін болса, жасалуына мүдделілік болған, нәтижесінде қоғам құны өзінің активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алған немесе иеліктен шығарған, лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуына алып келген және жасалуы нәтижесінде қоғамға зиян келтірілген мәміле қоғамның

дауыс беретін акцияларының бес немесе одан көп пайызын иеленетін (жиынтығында иеленетін) акционердің (акционерлердің) талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.";

8) 85-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қайта ұйымдастырылатын қоғам қызметін тоқтатпай, оның мүлкінің, құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігін бөліну балансына сәйкес бере отырып, қоғамның бір немесе бірнеше қоғам құруы қоғамның бөлініп шығуы деп танылады.

Бөлініп шығу кезінде қайта ұйымдастырылатын қоғамның жарғылық капиталы кемітілуге жатпайды.

Қайта ұйымдастырылатын қоғам бөлініп шыққан қоғамдарды әділет органдарында немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында тіркеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады."

25. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 25-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 24, 93-құжат):

14-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде өз қолданысын тоқтатпайды.

Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде, сақтандырушы бұл туралы бір жұмыс күні ішінде дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға хабарлайды."

26. 2003 жылғы 2 шілдедегі "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 125-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 128-құжат;

№ 22-III, 149-құжат; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 12, 87-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 50-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

107-баптың екінші бөлігіндегі "әділет органдары" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы және (немесе) әділет органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 14, 92-құжат; 2013 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 2, 11-құжат; № 11, 65-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 44-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2017 ж., № 15, 55-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жарнама, электрондық коммерция саласын қоса алғанда, таратудың, орналастырудың нысанына немесе пайдаланылатын құралына қарамастан, анық, тікелей ұсынылу кезінде арнаулы білімсіз немесе арнайы құралдарды қолданбай танылатын болуға тиіс".

28. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 70-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автоматты түрде лицензиялау (байқау) – жекелеген тауар түрлерінің экспорты және (немесе) импорты динамикасын мониторингтеу мақсатында белгіленетін уақытша шара;

2) ақпараттық-жарнамалық сауда алаңы – сатушылар, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды-сатуды ұйымдастыру мақсатында олар туралы жарнамалық (ақпараттық) мәліметтерді қамтитын интернет-ресурс;

3) айрықша құқық – сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың жекелеген тауар түрлерінің экспортын және (немесе) импортын жүзеге асыруына айрықша лицензия негізінде ұсынылатын құқық;

4) арзандатылған тауар – кемшілігінің болуына не кемшілігінің жойылуына байланысты төмендетілген бағамен өткізілетін тауар;

5) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәні – елде бағалардың негізсіз өсуіне жол бермеу, инфляцияны жол берілетін шектерде ұстау және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында белгіленетін бөлшек сауда бағаларының жол берілетін деңгейі, ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларын осы деңгейге дейін айқындауға құқылы;

6) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына жол берілетін шекті бөлшек сауда бағалары – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін асырған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар белгілейтін бөлшек сауда бағаларының деңгейі;

7) бақылау (сәйкестендіру) белгісі – қолдан жасаудан қорғау элементтері (құралдары) бар, сәйкестендіру құралын қамтитын және тауарларды таңбалауға арналған қатаң есептілік бланкісі (құжат) (қорғалған полиграфиялық өнім);

8) бөлшек сауда – сатып алушыға жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзгедей пайдалануға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

9) жаппай сату – тиісінше сападағы тауарларды төмендетілген бағалармен өткізу;

10) кедендік әкелу бажы – тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелу кезінде кеден органдары алатын міндетті төлем;

11) кедендік әкету бажы – тауарлардың экспорты кезінде алынатын міндетті төлем;

12) кедендік баждардың квотадан тыс мөлшерлемесі – кедендік әкелу немесе әкету бажының белгіленген тарифтік квотадан артық әкелінетін немесе әкетілетін тауарларға белгіленетін мөлшері (шамасы);

13) кедендік баждардың квотаішілік мөлшерлемесі – кедендік әкелу немесе әкету бажының белгіленген тарифтік квота шегінде әкелінетін немесе әкетілетін тауарларға белгіленетін мөлшері (шамасы);

14) көтерме сауда – кейіннен сатуға немесе жеке, отбасылық, үй ішінде және осындай өзгедей пайдаланумен байланысты емес өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

15) қоғамдық тамақтандыру – тамақ өнімдерін өндіруге, қайта өңдеуге, өткізуге және тұтынуды ұйымдастыруға байланысты кәсіпкерлік қызмет;

16) мамандандырылған электрондық сауда алаңы – экономикалық қызметтің бір сыныптағы тауарлары, бір түрдегі жұмыстары мен көрсетілетін қызметтері өткізілетін электрондық сауда алаңы;

17) материалдық жеткізгіш – қолдан жасаудан қорғау элементтерін (құралдарын) қамтитын немесе қамтымайтын және сәйкестендіру құралдарын басып беруге, сақтауға және беруге арналған, кез келген материалдан жасалған бақылау (сәйкестендіру) белгісі немесе объектісі;

18) өтемақы шарасы – осы шараны енгізуге өтініш берген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің экономикасы саласына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше субсидиялаушы мемлекеттің өзіндік ерекшелікті субсидиясының теріс әсерін бейтараптандыру жөніндегі шара;

19) рұқсат – автоматты түрде лизенциялау (байқау) белгіленген тауар нысанасы болып табылатын сыртқы сауда шартының (келісімшартының) негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға берілетін арнайы құжат;

20) рұқсат беру тәртібі – тауарлардың әкелінуін және (немесе) әкетілуін рұқсат беру құжаттарын (лицензия, мемлекеттік бақылау актісі, қорытынды, нотификация) беру арқылы реттеу шарасы;

21) сан жағынан шектеулер – тауарларлардың сыртқы саудасын саны жағынан шектеу жөніндегі, квоталарды белгілеу арқылы енгізілетін шаралар;

22) сауда алаңы – сауда объектісінің тауарларды сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет көрсетуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырсу жүргізуге, сатып алушылардың өтуіне арналған, арнайы жабдық қойылған алаңы;

23) сауда базары – сауда қызметіне арналған, аумақта шаруашылық қызмет көрсету, басқару және күзет функциялары орталықтандырылған, тұрақты негізде жұмыс істейтін және өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қою үшін алаңмен қамтамасыз етілген, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, өрт қауіпсіздігі, сәулет-құрылыс талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де талаптарға сәйкес келетін оқшауланған мүліктік кешен;

24) сауда желісі – сауда базарларын қоспағанда, ортақ басқару аясындағы және бірыңғай коммерциялық белгіленім мен өзге де дараландыру құралдарының аясында пайдаланылатын, екі және одан да көп сауда объектісінің жиынтығы;

25) сауда қызметі – ішкі және сыртқы сауданы қамтитын қызмет;

26) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда саясатын қалыптастыратын және сауда қызметі саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

27) сауда объектісі – тауарларды сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет көрсетуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырысу жүргізуге арналған және сол үшін пайдаланылатын жабдықпен арнайы жарақтандырылған ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі, құрылысжай немесе құрылысжайдың бір бөлігі, сауда базары, автоматтандырылған құрылғы немесе көлік құралы;

28) сауда орны – тауарларды сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет көрсетуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырысу жүргізуге арналған және сол үшін пайдаланылатын жабдықпен жарақтандырылған орын;

29) сауда саясаты – осы Заңда белгіленген мақсаттар мен қағидаттарды іске асыру үшін мемлекеттік органдар жүргізетін ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық, бақылау шаралары мен өзге де шаралардың жиынтығы;

30) сауда шаралары – арнайы қорғау, демпингке қарсы, өтемақы шаралары;

31) сәйкестендіру құралы – штрих код түрінде ұсынылған немесе радиожілік белгісіне жазылған немесе автоматты түрде сәйкестендірудің өзге құралы (технологиясы) пайдаланыла отырып ұсынылған, машинамен оқылатын нысандағы символдардың бірегей тізбегі;

32) стационарлық емес сауда объектісі – инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылуының (технологиялық жалғануының) болуына немесе болмауына қарамастан, жермен берік байланыспаған, уақытша құрылысжай немесе уақытша конструкция, оның ішінде автоматтандырылған құрылғы немесе көлік құралы;

33) стационарлық сауда объектісі – жермен берік байланысқан және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылған (технологиялық жалғанған) ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай), құрылысжай немесе құрылысжайдың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай);

34) сыртқы сауда (бұдан әрі – сыртқы сауда қызметі) – сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тауарларды Қазақстан Республикасынан әкетуге және (немесе) Қазақстан Республикасына әкелуге байланысты қызметі;

35) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар – сыртқы сауда қызметін жүзеге асыратын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар;

36) таңбаланған тауарлар – белгіленген талаптар сақтала отырып сәйкестендіру құралдары басылған және тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінің ұлттық құрамдасында өздері туралы анық мәліметтер (оның ішінде өздеріне басылған сәйкестендіру құралдары және (немесе) сәйкестендіру құралдарын қамтитын материалдық жеткізгіштер туралы мәліметтер) қамтылған тауарлар;

37) тарифтік жеңілдік – кедендік әкелу немесе кедендік әкету бажын төлеуден босату не оны төмендету;

38) тарифтік квота – тауардың белгілі бір санын (заттай немесе құндық мәнде) әкелу немесе әкету кезінде белгілі бір кезең ішінде кедендік әкелу немесе әкету бажының қолданыстағы мөлшерлемесімен салыстырғанда кедендік әкелу немесе әкету бажының неғұрлым төмен мөлшерлемесін қолдануды көздейтін, жекелеген тауар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді немесе Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуді реттеу шарасы;

39) тарифтік преференция – Қазақстан Республикасынан шығатын және Қазақстан Республикасы еркін сауда аймағы туралы келісімдер жасасқан елдерге әкетілетін тауарларға, осындай келісімдердің ережелеріне сәйкес көрсетілген елдерден шығатын және Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарларға және Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай тарифтік преференциялары жүйесін пайдаланушылардан – дамушы елдерден немесе неғұрлым төмен дамыған елдерден шығатын тауарларға қатысты кедендік баж мөлшерін азайту;

40) тауар – сатуға немесе айырбастауға арналған, айналымнан алынбаған кез келген еңбек өнімі;

41) Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторы – Ұлттық тауарлар каталогын әзірлеуді, жүргізу мен жаңалауды қоса алғанда, тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесін әзірлеуді, әкімшілендіруді, қолдап отыруды және пайдаланушылық қолдауды және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өзге де функцияларды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға;

42) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдар – өздері реттейтін салаларда тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануын жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

43) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші орган – тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы мәселелері бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

44) тауарлар сыныбы – ұқсас функционалдық мақсаты бар тауарлар жиынтығы;

45) Ұлттық тауарлар каталогы – Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторы әзірлеген, өнімнің бірыңғай номенклатурасын қамтитын және Қазақстан Республикасында тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы процестерін жүзеге асыру кезінде тауарлар анықтамалығы ретінде

пайдаланылуға міндетті, тауарлардың сипаттамаларын, сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының кодтарын және өзге де мәндерді қамтитын ақпараттық ресурс;

46) үшінші тарап – Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болып табылмайтын шет мемлекет, шет мемлекеттер одағы;

47) фулфилмент орталығы – электрондық сауда саласында сатып алушы тауарға тапсырысты ресімдеген кезден бастап және осы тапсырыс сатып алушыға жеткізілген кезге дейінгі бүкіл операциялар кешенін орындайтын, оның ішінде: тауарларды қоймада сақтау, тапсырыстарды қабылдау және өңдеу, тапсырыстарды жасақтау және қаптау, сатып алушылардан төлемдер алу, тапсырыстарды жеткізу, тапсырыстардың кері қайтарылуын қабылдау сияқты функцияларды орындайтын логистикалық орталық;

48) халықаралық мамандандырылған көрме – бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін:

ресми болып табылатын немесе халықаралық шарттарға сәйкес халықаралық үкіметаралық ұйым ресми таныған;

екі және одан көп мемлекет көрмеге қатысушы болып табылатын;

көрменің ұзақтығы кемінде алты аптаны құрайтын және алты айдан аспайтын;

өнер туындыларының көрмесі және коммерциялық сипаттағы көрме болып табылмайтын;

көрменің басталу және аяқталу күні Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға әзірлеген және халықаралық мамандандырылған көрмені өткізу туралы халықаралық шарт ережелерінің орындалуын бақылау үшін құрылған халықаралық үкіметаралық ұйым бекітетін тіркеу дерекнамасында көрсетілген көрме;

49) халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушы – нәрселерді (экспонаттарды) халықаралық мамандандырылған көрмеге қоятын және халықаралық мамандандырылған көрмеде ұлттық секцияларда тиісті елдің атынан өкілдік ететін жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ халықаралық шарттың талаптарына сәйкес қабылданатын, халықаралық мамандандырылған көрмені өткізудің ішкі қағидаларында айқындалған халықаралық ұйым не жеке немесе заңды тұлға;

50) халықаралық мамандандырылған көрменің аумағы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға әзірлеген және халықаралық мамандандырылған көрмені өткізу туралы халықаралық шарт ережелерінің орындалуын бақылау үшін құрылған халықаралық үкіметаралық ұйым бекітетін тіркеу дерекнамасында көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін жер учаскелері;

51) халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану – халықаралық мамандандырылған көрменің объектілерін басқару (объектілерді пайдалану);

52) халықаралық мамандандырылған көрменің объектілері – халықаралық мамандандырылған көрменің аумағында орналасқан, оны өткізгеннен кейін қалған ғимараттар, сәулет объектілері, құрылысжайлар, инженерлік және көліктік инфрақұрылым мен өзге де объектілер;

53) ірі сауда объектісі – сауда алаңы екі мың шаршы метрден кем емес сауда объектісі;

54) ішкі сауда – жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағында тауарларды сатып алуды-сатуды жүзеге асыруға бағытталған кәсіпкерлік қызметі;

55) ішкі сауда субъектісі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ішкі сауданы жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

56) электрондық коммерция – электрондық саудадағы, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатудағы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет;

57) электрондық сауда – тауарларды өткізу жөніндегі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет;

58) электрондық сауда алаңы – электрондық саудаға қатысушыларды инфрақұрылыммен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, олардың арасында жұмыстар мен қызметтер көрсетуге арналған шарттар жасасуды қамтамасыз ететін интернет-ресурс;

59) электрондық саудаға қатысушылар – сатып алушы, сатушы және (немесе) электрондық сауда алаңы ретінде қатысатын жеке және заңды тұлғалар.";

2) 3-бапта:

1-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;"

мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) мемлекет экономикасының орнықты дамуына жәрдемдесу;

7) азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

8) сыртқы нарықтарда қазақстандық өндірушілер үшін кемсітпейтін жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.";

2-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

3) 4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында қолданыста болады және сауда қызметі субъектілеріне қолданылады.";

4) 5-баптың 2-тармағы 5) тармақшасындағы "қатысу болып табылады." деген сөздер "қатысу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) қарсы шараларды қолдану;

7) тыйым салулар мен шектеулердің ерекше түрлерін қолдану;

8) өтемақы шараларын қолдану болып табылады.";

5) 6-бапта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) сауда қызметі саласында үшінші тараппен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды және шетелде Қазақстан Республикасының сауда өкілдіктерін ашуды жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 10-1), 11-1), 11-2) және 11-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) уәкілетті органның қорытындысы негізінде өтемақы шарасын қолдану туралы шешім қабылдайды;"

"11-1) таңбалануға жататын тауарлар тізбесін және оның енгізілетін күнін айқындайды;

11-2) Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторына қойылатын талаптар мен оны айқындау тәртібін, тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптарды бекітеді, сондай-ақ конкурс қорытындылары бойынша Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторын айқындайды;

11-3) тауарларды таңбалауда қолданылатын бақылау (сәйкестендіру) белгісі, сәйкестендіру құралдары құнының шекті мөлшерін айқындайды.";

6) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-3), 1-4), 1-5), 1-6), 1-7) және 2-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-3) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының сауда шараларын қолдану мәселелері жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

1-4) Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі – ДСҰ) жұмыс органдарымен және ДСҰ мүшелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

1-5) ДСҰ-ның Дауларды шешу органымен өзара іс-қимыл жасайды;

1-6) ДСҰ-ның жұмыс органдарымен және мүшелерімен өзара іс-қимыл жасау мәселелері жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

1-7) ДСҰ мәселелері жөніндегі ақпарат орталығының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;"

"2-3) сыртқы сауда қызметін реттеудің кедендік-тарифтік, тарифтік емес, сауда және өтемақы шараларын қолдану, өзгерту немесе олардың күшін жою туралы ұсыныстарды қарау тәртібін айқындайды;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) халықаралық сауда-экономикалық ұйымдарымен және интеграциялық бірлестіктермен, шет мемлекеттермен, шет мемлекеттердің одақтарымен келіссөздерде Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан әрекет етеді;"

мынадай мазмұндағы 15-3) тармақшамен толықтырылсын:

"15-3) өтемақы шарасын қолданудың орындылығы туралы қорытынды дайындау мақсатында тергеп-тексеру жүргізеді;"

7) мынадай мазмұндағы 7-2, 7-3, 7-4 және 7-5-баптармен толықтырылсын:

"7-2-бап. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдар:

1) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесіне қойылатын функционалдық талаптарды әзірлейді және тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен келіседі;

2) өз құзыреті шегінде өздері айқындаған тәртіптерге сәйкес тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануын жүзеге асырады;

3) таңбалау мен қадағалануды енгізудің орындылығына талдау жасай отырып, жекелеген тауар топтарын таңбалау мен олардың қадағалануы жөніндегі пилоттық жобаның қорытындылары бойынша тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша уәкілетті органға таңбалауға және қадағалануға жататын тауарлардың тізбесіне қосу туралы ұсыныстар енгізеді.

4) таңбалауға және қадағалануға жататын тауарларға реттеушілік әсер етуге талдау жүргізеді;

5) таңбалауға және қадағалануға жататын тауарлардың айналымына қатысушылардың тізілімдерін жүргізеді;

6) өз құзыреті шегінде таңбалауға және қадағалануға жататын, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара саудадағы тауарлар айналымына мониторингті жүзеге асырады;

7) тауарларды таңбалауда қолданылатын бақылау (сәйкестендіру) белгісі, сәйкестендіру құралы құнының шекті мөлшерін есептейді және оны тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады;

8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7-3-бап. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органның құзыреті

Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші орган:

1) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, олардың құзыреттері шегінде Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторына қойылатын талаптар мен оны айқындау тәртібін әзірлейді;

3) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, олардың құзыреттері шегінде тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптарды әзірлейді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7-4-бап. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторы

1. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторының құзыретіне:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесін әзірлеу, ендіру, әкімшілендіру, қолдап отыру және пайдаланушылық қолдау;

2) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде ақпараттық ресурстардың сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) сәйкестендіру құралдарын шығару және оларды есепке алу;

4) материалдық жеткізгішке сәйкестендіру құралдарын басып беру жөнінде қызметтер көрсету;

5) Ұлттық тауарлар каталогын әзірлеу, жүргізу және жаңалау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функциялар жатады

2. Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторының тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы процестерін қамтамасыз ететін ресурстары, оның ішінде:

1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін, сондай-ақ деректердің қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ететін деректерді өңдеу орталығы (орталықтары), деректерді беру желілері;

2) материалдық жеткізгішке сәйкестендіру құралдарын басып беру жөніндегі қызметтерді көрсету үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында аудандардың әкімшілік орталықтары деңгейіне дейін филиалдары, өкілдіктері және (немесе) өзге де құрылымдық бөлімшелері;

3) өз инфрақұрылымына техникалық қызмет көрсету үшін білікті персоналы;

4) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы процестерін іске асыру бойынша ақпараттық жүйесі;

5) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесін пайдаланушыларға қызмет көрсету үшін байланыс-орталығы;

6) тауар өндірушілерге – Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалдау (жалға алу), лизинг және басқа да қаржы құралдары шарттарымен берілетін материалдық жеткізгішке сәйкестендіру құралдарын басуға арналған жабдығы болуға тиіс.

7-5-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік кіріс органдарының құзыреті

1. Мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында:

1) көлік құралдарын, оның ішінде тауарлардың халықаралық тасымалдарын жүзеге асыратын көлік құралдарын тоқтатады;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тасымалдаушыдан немесе тұлғадан өткізілетін тауарларға қатысты қажетті ақпаратты, сондай-ақ құжаттар мен мәліметтерді сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес фактілер мен оқиғаларды құжаттауды, бейне- және аудиожазуды, киноға- және фотоға түсіруді жүргізеді.

2. Салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган нысанды киім үлгілерін, онымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын және айырым белгілерін, оны киіп жүру тәртібін, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында бақылауды жүзеге асыратын, нысанды киім киіп жүруге құқығы бар жұмыскерлердің тізбесін бекітеді.

3. Мемлекеттік кіріс органдары Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін жекелеген тауар түрлеріне қатысты тыйымдар мен шектеулердің сақталуын бақылауды салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырады.";

8) 8-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өз құзыреті шегінде ішкі сауда субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асырады;"

9) 9-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Ішкі сауда саласында баға белгілеу";

1-тармақтағы, 2-тармақтың бірінші және екінші бөліктеріндегі "сауда қызметінің", "сауда қызметі" деген сөздер "ішкі сауда" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 11-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде ішкі сауда субъектілері Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің және нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауды, сондай-ақ тауарларды тасымалдауға, сақтау мен сатуға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті.";

11) 14-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Ішкі саудадағы сатып алу-сату шарты";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауарларды көтерме сатып алу-сату шарты тауар беру шартының бір түрі болып табылып, онда ішкі сауда субъектілері тауарларды сауда объектілерінен өткізеді.";

12) 14-1-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ішкі сауда субъектілерін, оның ішінде отандық өндірістің азық-түлік тауарлары саудасын жүзеге асыратындарды экономикалық ынталандыру шараларын қолдану";

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) ішкі сауда субъектілерінің іскерлік белсенділігін сауда қызметі саласында көрмелер, жәрменкелер ұйымдастыру және өткізу арқылы ынталандыру."

13) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу

Сыртқы сауда қызметін кедендік-тарифтік реттеу шараларына:

1) кедендік баждарды;

2) тарифтік жеңілдіктерді;

3) тарифтік преференцияларды;

4) тарифтік квоталарды қолдану жатады.";

14) мынадай мазмұндағы 16-2 және 16-3-баптармен толықтырылсын:

"16-2-бап. Тарифтік жеңілдіктер

1. Тарифтік жеңілдіктер мынадай:

1) әкелінетін (әкелінген) тауарларға тарифтік жеңілдіктер беру Еуразиялық экономикалық комиссияның актілерінде айқындалған;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген;

3) акцизделетін тауарлардан (арнайы медициналық мақсаттарға арналған жеңіл автомобильдерді қоспағанда) басқа тауарлар үшінші тарап, халықаралық ұйымдар, үкіметтер желісі арқылы қайырымдылық мақсаттарда өтеусіз көмек (жәрдем), техникалық көмек (жәрдем) ретінде әкелінетін (әкелінген);

4) Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде үшінші тараппен жасалған халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларда беріледі.

2. Қазақстан Республикасынан әкетілетін тауарларға қатысты тарифтік жеңілдік беру туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

3. Орталық мемлекеттік органдардың және сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тарифтік жеңілдік беру туралы ұсыныстары осы Заңның 7-бабының 2-3) тармақшасында белгіленген тәртіппен енгізіледі.

4. Әкелінетін тауарларға қатысты тарифтік жеңілдіктер жеке-дара сипатта болмайды және тауарлардың шығарылған еліне қарамастан, ал әкетілетін тауарларға қатысты – сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға қарамастан қолданылады.

16-3-бап. Тарифтік преференциялар

1. Сауданы дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ еркін сауда аймағы туралы жасалған шарттар шеңберінде қабылданған міндеттемелерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және Қазақстан Республикасымен бірге еркін сауда аймағын құратын мемлекеттерден шығатын тауарлар еркін сауда аймағы туралы келісімдердің шарттарына қарай кедендік баждар салудан босатылады не мұндай тауарларға қатысты кедендік баждардың төмендетілген мөлшерлемелері қолданылады.

Қазақстан Республикасынан шығатын және Қазақстан Республикасымен бірге еркін сауда аймағын құратын мемлекеттерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін тауарлар еркін сауда аймағы туралы келісімдердің шарттарына қарай, егер мұндай босату не кедендік баждардың мөлшерлемелерін төмендету еркін сауда аймағы туралы келісімде көзделсе, кедендік баждар салудан босатылады не мұндай тауарларға қатысты кедендік баждардың төмендетілген мөлшерлемелері қолданылады.

2. Тарифтік преференциялар жүйесін пайдаланатын дамушы мемлекеттерден және неғұрлым төмен дамыған мемлекеттерден шығатын тауарлар саудасын ынталандыру мақсатында дамушы мемлекеттерден және неғұрлым төмен дамыған мемлекеттерден шығатын және әкелінетін тауарларға қатысты кедендік баждардың төмендетілген немесе нөлдік мөлшерлемелері қолданылады. Тауарлар мен елдердің тізбесін Еуразиялық экономикалық комиссия бекітеді.

3. Тарифтік преференциялар жүйесін пайдаланатын дамушы және неғұрлым төмен дамыған елдерден шығатын тауарларға қатысты қолданылатын кедендік әкелу баждары мөлшерлемелерінің мөлшерлерін Еуразиялық экономикалық комиссия айқындайды.";

15) 17, 18, 18-1 және 18-2-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу

1. Сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу шараларына:

1) тыйым салу;

2) сан жағынан шектеулер;

3) рұқсат беру тәртібі

- 4) айрықша құқық;
- 5) автоматты түрде лицензиялау (байқау) жатады.

2. Тарифтік емес реттеу шараларын уәкілетті орган, сондай-ақ өз құзыреті шегінде орталық мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша, уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес енгізеді.

18-бап. Тыйым салулар және сан жағынан шектеулер

1. Тыйым салулар және сан жағынан шектеулер:

- 1) қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау;
- 2) адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау;
- 3) алтынның немесе күмістің экспортын және (немесе) импортын реттеу;
- 4) мәдени құндылықтар мен мәдени мұраны қорғау;
- 5) орны толмайтын табиғи ресурстардың ішкі өндірілуі мен тұтынылуын бір мезгілде шектей отырып, олардың сарқылуын болғызбау;
- 6) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 7) халықаралық міндеттемелерді орындау;
- 8) жүзеге асырылатын тұрақтандыру жөніндегі шаралардың нәтижесінде осындай материалдарға ішкі баға әлемдік бағадан анағұрлым төмен деңгейде ұсталатын кезеңдер ішінде ішкі өңдеу өнеркәсібін отандық тауарлардың жеткілікті санымен қамтамасыз ету үшін осындай тауарлардың экспортын шектеу;
- 9) тауарлардың жалпы немесе жергілікті тапшылығы кезінде оларды сатып алу немесе бөлу;
- 10) Қазақстан Республикасында тауарларды өндіру және тұтыну құрылымында прогресшіл өзгерістерге жағдай жасау;
- 11) Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын қолдануға, зияткерлік меншікті қорғауға қатысты халықаралық міндеттемелерге сәйкес келетін нормативтік құқықтық актілердің және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету қажеттігі негізге алына отырып енгізіледі.

2. Елеулі маңызы бар тауарлар тізбесіне енгізілген азық-түлік тауарларының немесе өзге де тауарлардың ішкі нарықта айқын жетіспеушілігін болғызбау немесе азайту үшін орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде уәкілетті органмен келісу бойынша жекелеген тауарларды әкетуге тыйым салуды және оны сан жағынан шектеулерді енгізе алады.

Елеулі маңызы бар тауарлар тізбесін уәкілетті орган орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде айқындайды.

3. Тиісті орталық мемлекеттік органдар жекелеген тауарларды әкетуді және (немесе) әкелуді сан жағынан шектеулерді (квоталарды) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар

арасында бөлуді, квоталар мөлшерін және олардың қолданылу мерзімін уәкілетті органмен келісу бойынша өз құзыреті шегінде айқындайды.

Квоталарды бөлу тәртібін орталық мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша, өз құзыреті шегінде айқындайды.

Квоталар шеңберінде жекелеген тауарларды әкету және (немесе) әкелу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген лицензия негізінде жүзеге асырылады.

18-1-бап. Рұқсат беру тәртібі

Рұқсат беру тәртібі жекелеген тауар түрлерін әкелуді және (немесе) әкетуді реттеу мақсатында белгіленеді және рұқсат беру құжаттарын беру арқылы жүзеге асырылады.

18-2-бап. Қарсы шаралар

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін тиімді қорғау мақсатында, орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде қарсы шараларды, егер үшінші тарап:

1) халықаралық шарттар бойынша өзі Қазақстан Республикасына қатысты қабылдаған міндеттемелерді орындамаса;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін бұзатын шаралар, оның ішінде қазақстандық тауарлардың үшінші тарап нарығына кіруін негізсіз жабатын немесе оларды өзгеше түрде негізсіз кемсітетін шаралар қабылдаса, енгізеді.";

16) 20-бапта:

тақырыптағы "Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына ерекше" деген сөздер "Айрықша" деген сөзбен, 1-тармақтағы "Тауарлар жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына ерекше" деген сөз "Жекелеген тауар түрлерінің экспортына және (немесе) импортына айрықша" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық берілген тауарлар тізбесін, сондай-ақ айрықша құқық берілген сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тізбесін тиісті орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Айрықша лицензияны беруді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мемлекеттік орган жүзеге асырады.";

17) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Автоматты түрде лицензиялау (байқау)

1. Автоматты түрде лицензиялау (байқау) жекелеген тауар түрлерінің экспорты және (немесе) импорты динамикасын мониторингтеу мақсатында қолданылады және рұқсаттар беру арқылы іске асырылады.

2. Рұқсат алу үшін өтініш иесі уәкілетті органға:

жазбаша өтініш;

бір данада қағаз жеткізгіште белгіленген үлгідегі рұқсат жобасын және оның электрондық көшірмесін ұсынады.

3. Рұқсат жазбаша өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беріледі.

4. Рұқсаттар барлық өтініш иелеріне шектеусіз беріледі.

5. Рұқсаттың қолданылу мерзімі рұқсат берілген күнтізбелік жылмен шектеледі.

6. Берілген рұқсатқа өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

7. Берілген рұқсат басқа өтініш иелеріне қайта ресімделуге жатпайды.

8. Рұқсат жоғалған жағдайда, уәкілетті орган өтініш иесінің жазбаша жолданымы бойынша үш жұмыс күні ішінде рұқсаттың телнұсқасын береді.";

18) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Сауда шаралары

1. Үшінші тараптан келетін тауарлардың импортына қатысты сауда шараларын қолдану алдында тергеп-тексерулер жүргізу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ осындай шараны қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы заңнамасында айқындалады.

2. Үшінші тараптың Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты сауда шараларын қолдануы алдында тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Мемлекеттік органдардан және ұйымдардан алынған, оның ішінде құпия ақпаратты осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген тергеп-тексерулер шеңберінде үшінші тараптың құзыретті органдарына беруді уәкілетті орган, оны үшінші тараптың заңнамасында айқындалған тиісті ақпараттық жүйеге жүктеу арқылы беру жағдайларын қоспағанда, сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган арқылы жүзеге асырады.";

19) 4-тарау мынадай мазмұндағы 22-1, 22-2, 22-3 және 22-4-баптармен толықтырылсын:

"22-1-бап. Өтемақы шаралары

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қатысты өтемақы шарасын қолданудың орындылығы туралы қорытынды дайындау мақсатында тергеп-тексеру жүргізу шарттары мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өтемақы шарасын қолдануы алдында тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасасу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Мемлекеттік органдардан және ұйымдардан алынған, оның ішінде құпия ақпаратты осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген тергеп-тексерулер шеңберінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің құзыретті органдарына беруді уәкілетті орган сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган арқылы жүзеге асырады.

22-2-бап. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелік жағдайларындағы міндеттемелері шеңберінде мемлекеттік реттеу шараларын қолданудың бүкпесіздігін қамтамасыз ету

1. ДСҰ құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттамада айқындалған Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелік шеңберіндегі міндеттемелерін орындау мақсатында мемлекеттік органдар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілері осы Заңның 22-3-бабында белгіленген тәртіпке сәйкес, қолданылатын мемлекеттік реттеу шараларының және Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелік шеңберіндегі міндеттемелерін қозғайтын өзге де шаралардың бүкпесіздігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік реттеу шараларын қолданудың бүкпесіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік реттеу шараларының бүкпесіздігі мына құралдарды қолдану:

- 1) құқықтық актілер мен олардың жобаларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жариялау;
- 2) хабарламалар (нотификациялар) жіберу;
- 3) ДСҰ мәселелері жөніндегі ақпарат орталығының жұмысын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

22-3-бап. Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл

Қазақстан Республикасының ДСҰ шеңберіндегі міндеттемелерін қозғайтын мәселелер бойынша ДСҰ-ның жұмыс және консультативтік органдарымен, сондай-ақ ДСҰ-ның мүшелелерімен өзара іс-қимылды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл жасасу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

22-4-бап. Гуманитарлық көмек көрсету шеңберіндегі сыртқы сауда қызметін реттеу

Гуманитарлық көмекті және (немесе) дүлей зілзалалардың, авариялардың немесе апаттардың салдарларын жою мақсатында көрсетілетін көмекті беру (алу) шеңберінде

тауарларды әкету және (немесе) әкелу кедендік-тарифтік, тарифтік емес және сауда шаралары қолданылмай жүзеге асырылады.";

20) 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тапсырыстар бойынша сауда ішкі сауда субъектілерінің тапсырыстарды тікелей сатып алушыдан, көшпелі сауда орындарында беру және (немесе) қабылдау арқылы, телефон немесе пошта тапсырысы арқылы жүзеге асырылады.";

21) 27-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ішкі сауда субъектісі көшпелі сауданы республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы айқындаған арнайы бөлінген орындарда және (немесе) маршруттарда жүзеге асырады.

Ішкі сауда субъектісі сауданы бекітілген маршрут бойынша оның кез келген нүктесінде жүзеге асыра алады.";

22) 28-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

23) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Электрондық сауда

Электрондық саудаға қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.";

24) 29-1-баптың 1-1, 2-1, 3, 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Сатушының, сол сияқты сатып алушының электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде басқа тараптан электрондық сауда алаңында жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауын талап етуге құқығы бар.";

"2-1. Электрондық сауда алаңындағы электрондық коммерция инфрақұрылымында:

1) электрондық сауда алаңының электрондық саудаға қатысушыларға қоятын ішкі талаптары;

2) тауар, жұмыс және көрсетілетін қызмет үшін банктік төлем жүйелерін пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз есеп айырысу мүмкіндігі;

3) тауардың немесе көрсетілетін қызметтің жеткізілуін ұйымдастыру немесе үйлестіру;

4) сатып алушы мен сатушы арасындағы, оның ішінде тауарды қайтарып беру кезіндегі өзара есеп айырысуды қамтамасыз ету;

5) сатып алу-сату шартын, қызметтер көрсету шартын электрондық құжаттар немесе электрондық хабарлар алмасу жолымен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жасасу мүмкіндігін беру қамтылады.

Мамандандырылған электрондық сауда алаңдары қызметінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.

3. Электрондық сауда алаңы электрондық коммерцияны жүзеге асыру кезінде:

1) ақпараттық ресурстарда қамтылған ақпараттың, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің тұтастығы мен құпиялылығын;

2) электрондық сауда алаңында жасалған мәмілелер бойынша сатып алушының өз міндеттемелерін орындауын, егер мұндай шарттарды электрондық сауда алаңы іске асырған жағдайда, қамтамасыз ету шарттарын айқындайды.

4. Электрондық коммерциядағы электрондық сауда алаңы, ақпараттық-жарнамалық сауда алаңы:

1) электрондық құжаттарда немесе электрондық хабарларда қамтылған ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге;

2) электрондық құжаттарды, электрондық хабарларды немесе олардың көшірмелерін, оның ішінде оларда қамтылған ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге, егер оның электрондық саудаға басқа қатысушылармен жасасқан шартында немесе Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе;

3) егер оның электрондық саудаға басқа қатысушылармен жасасқан шартында немесе Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, электрондық құжаттардың немесе электрондық хабарлардың мазмұнын не оларды пайдалану тәртібін өзгертуге құқылы емес.

5. Электрондық сауда алаңының сатушысы және (немесе) иесі электрондық сауда кезінде ақпараттың келісімге сәйкес және онда көзделген шарттарда сақталуын қамтамасыз етеді.";

25) мынадай мазмұндағы 29-2-баппен толықтырылсын:

"29-2-бап. Фулфилмент орталықтарының функциялары

Фулфилмент орталығы мына функцияларды:

1) өндірушіден, сатушыдан, делдалдан немесе фулфилмент орталығының қызметтерін көрсетуге шарт жасасқан басқа тұлғадан тауар қабылдауды;

2) қабылданған тауарды қоймада сақтауды;

3) тауарға тапсырыстарды, оның ішінде электрондық байланыс құралдары арқылы қабылдау мен өңдеуді;

4) тауарға келіп түскен тапсырыстарға сәйкес тауарды жасақтауды;

5) тауарды қаптауды;

6) тауарды сатып алушыға жеке жеткізу қызметімен жеткізуді немесе тауарды бөгде жеткізу қызметтері арқылы жөнелтуді;

7) сатып алушылардан тауар үшін төлемақы алуды;

8) қайтарып берулерді өңдеуді жүзеге асырады.";

26) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Ішкі сауда субъектілеріне және тауарларға қойылатын талаптар";

27) 31-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Ішкі сауда субъектілеріне қойылатын талаптар";

1-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ішкі сауда субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде:";

мынадай мазмұндағы 1-1) және 2-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) отандық өндіріс тауарларын көрнекі және физикалық қолжетімді жерлерде орналастыруға;"

"2-1) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және (немесе) заңнамасына сәйкес таңбалау туралы шешім қабылданған, таңбаланған тауарларды сатуға;"

2, 3, 4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілерінің тауарлар беру туралы шарт жасасудан негізсіз бас тартудан не көрінеу кемсітушілік сипаты бар және:

1) ішкі сауда субъектісінің осындай қызметті жүзеге асыратын басқа ішкі сауда субъектілерімен, сондай-ақ басқа ішкі сауда субъектілерімен осындай немесе өзге талаптарда тауарлар беру шарттарын жасасуына тыйым салу туралы талаптар;

2) тауарлар беруді жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісінің осындай қызметті жүзеге асыратын басқа ішкі сауда субъектілерімен жасалатын шарттар туралы мәліметтер ұсынуы туралы талап қамтылатын шарт жасасудан көрінетін, тауарлардың сауда желілеріне немесе ірі сауда объектілеріне кіруін шектеуіне тыйым салынады.

3. Ішкі сауда субъектілерінің осы Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына нормативтік құқықтық актілерде белгіленген жол берілетін шекті бөлшек сауда бағасының мөлшерін бұзуына тыйым салынады.

4. Осы баптың 2 және 3-тармақтарын бұзған кезде ішкі сауда субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5. Егер сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі мен азық-түлік тауарларын беруші арасында мұндай тауарларды сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісіне бергеннен кейін белгілі бір уақыттан соң оларға ақы төлеу талабымен тауарлар беру шарты жасалған жағдайда, осы шартта белгілеу үшін мұндай тауарларға ақы төлеу мерзімі мынадай қағидалар бойынша айқындалады:

1) сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі күнтізбелік он күннен аз жарамдылық мерзімі белгіленген азық-түлік тауарларына мұндай тауарлар берілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ақы төлеуге тиіс;

2) сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі Қазақстан Республикасының

аумағында өндірілген, күнтізбелік он және одан да көп күн жарамдылық мерзімі белгіленген азық-түлік тауарларына мұндай тауарлар берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде ақы төлеуге тиіс.

6. Тауарларға осы баптың 5-тармағында белгіленген мерзімдерде ақы төлеу тауарлар беруді жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне немесе шартқа сәйкес тауарларға қатысты құжаттарды беру жөніндегі міндетті орындаған жағдайда жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі мен азық-түлік тауарларын беруші арасында азық-түлік тауарларын беру шартын жасасу кезінде азық-түлік тауарының бағасына ішкі сауда субъектісінің өнім берушіден белгілі бір азық-түлік тауарларының санын сатып алуына байланысты оған төленетін сыйақыны енгізу көзделуі мүмкін. Көрсетілген сыйақының мөлшері осы шарт тараптарының келісіп алуына жатады және сатып алынған азық-түлік тауарлары бағасының бес пайызынан аспайды. Сыйақының көрсетілген жиынтық мөлшерін есептеу кезінде қосылған құн салығының сомасы есепке алынбайды. Ішкі сауда субъектісінің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеде көрсетілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жекелеген түрлерін сатып алуына байланысты осы тармақта көрсетілген сыйақыны төлеуге жол берілмейді.";

28) 32-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар сапасына қойылатын жоғарыда аталған талаптар туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде затбелгілерде, жапсырмаларда, қосымша парақтарда, материалдық жеткізгіштерде қамтылуға тиіс.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) бақылау (сәйкестендіру) белгілері немесе материалдық жеткізгіштері жоқ, бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен немесе материалдық жеткізгіштермен таңбалануға жататын тауарларды;"

29. "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16, 90-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 33-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; 2011 ж., № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2018 ж., № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 50-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 5-баптың 5-тармағында:

бірінші бөліктегі "Әділет органдарында" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында (бұдан әрі - Корпорация)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктердегі "әділет органдарында" деген сөздер "Корпорацияда" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 37-баптың 9-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы "не жылжымайтын мүлік қоры" деген сөздер алып тасталсын.

30. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 21-құжат; № 12, 85-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 79-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-II, 131-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 8-II, 70-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 14, 54-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат):

1) 1-баптың 38) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"38) электр энергиясының бөлшек сауда нарығы – электр энергиясы бөлшек сауда нарығының субъектілері арасындағы жария шарттар (электр энергиясын сатып алу-сату, беру және тұтыну, сондай-ақ осыған байланысты көрсетілетін қызметтер ұсыну) негізінде көтерме сауда нарығынан тыс жұмыс істейтін қарым-қатынастар жүйесі;"

2) 13-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Энергиямен жабдықтау тұтынушының кінәсіз тоқтатылған жағдайда, энергиямен жабдықтаушы ұйым – электр энергиясын кепілдікпен беруші тұтынушыларды жария шарттар негізінде энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

3. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар өзінің тұтынушыларын энергиямен жабдықтау мақсатында энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электрмен жабдықтау бойынша қызметтер көрсету үшін электрмен жабдықтаудың үлгілік шарттарына сәйкес электрмен жабдықтауға арналған жария шарттар жасасуға міндетті.

Электрмен жабдықтаудың үлгілік шарттары энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.";

3) 18-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бөлшек сауда нарығында электр және жылу энергиясын сатып алу-сату тұтынушылар энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен жасасатын энергиямен жабдықтаудың жария шарттары негізінде жүзеге асырылады."

31. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 107-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

29-баптың 1-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиті ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап келесі жылдың 1 шілдесіне дейінгі кезеңге белгіленеді."

32. "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 5, 41-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53-құжат; 2017 ж., № 11, 29-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 94-құжат):

10-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацындағы "орталығы" деген сөзден кейін "консультация жасау және" деген сөздермен толықтырылып, 3) тармақшасындағы "мүше елдермен, халықаралық" деген сөздер "мүшелермен, стандарттау жөніндегі халықаралық және шетелдік" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымындағы міндеттемелеріне байланысты мәселелер бойынша Дүниежүзілік сауда ұйымының Хатшылығымен және Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелермен өзара іс-қимыл Дүниежүзілік сауда ұйымы мәселелері жөніндегі ақпарат орталығы арқылы жүзеге асырылады."

33. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж.,

№ 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат; № 20-I, 110-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VII, 161-құжат; № 23-II, 172-құжат; 2016 ж., № 8-I, 65-құжат; № 8-II, 72-құжат; 2017 ж., № 12, 34-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 42-құжат):

1) 1-бапта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қоры – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған, азық-түлік тауарларының жедел қоры;"

10-1), 10-2), 10-3) және 10-4) тармақшалар алып тасталсын;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары – тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, адамның физиологиялық қажеттіліктері қанағаттандырылатын азық-түлік тауарлары;"

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетігі – мынадай: тұрақтандыру қорларының қызметі; кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тетіктерін іске асыру;"

25) және 26-2) тармақшалар алып тасталсын;

2) 5-бапта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін бекіту;"

7) тармақша алып тасталсын;

3) 6-баптың 1-тармағының 39) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"39) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

4) 7-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;"

17-2) тармақша алып тасталсын;

17-3) және 17-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"17-3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдардан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;

17-4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі комиссияны құру және оның жұмысын ұйымдастыру;" ;
мынадай мазмұндағы 17-10) және 17-11) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-10) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

17-11) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін бекіту;" ;

5) 9-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;" ;

6) 12-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;" ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері іске асырылады."
;

3 және 4-тармақтар алып тасталсын;

7) 19-2-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

8) 19-3-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;" ;

9) 19-4-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"19-4-бап. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссия";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін тиімді және уақтылы қолдануды қамтамасыз ету мақсатында құрылады." ;

2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақта:

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі тетікті іске асыру мақсатында өңірлік азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін айқындау;"

3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5), 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;

6) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін айқындау;

7) мамандандырылған ұйымның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесін айқындау жөніндегі ұсыныстарын қарау жатады."

34. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 101-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 15, 78-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; 2016 ж., № 22, 116-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 14, 44-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) тіркеуші органдар – мәліметтерді тіркеуді және сәйкестендіру нөмірі бар құжаттарды беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы;"

2) 8-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеуші органдардың, мемлекеттік органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелердің міндеттері";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тіркеуші органдар мен өзге де мемлекеттік мекемелер өтініш жасаған кезден бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, оларға ақпарат беруді жүзеге асыруға міндетті."

35. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 95-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат; № 16, 79-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 50-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 1-баптың 31) тармақшасы "құжаттың" деген сөзден кейін ", мұрагерлікке құқық туралы куәліктің, меншік құқығы туралы куәліктің" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау үшін тіркеуші орган өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары

1. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу жөніндегі, құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендірілу және техникалық мәліметтерін енгізу және ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша тіркеуші орган жүзеге асырады.

2. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды, оның ішінде жеделдетілген тәртіппен мемлекеттік тіркегені және ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарағаны үшін тіркеуші орган өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша орталық мемлекеттік органдар қатарынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалатын уәкілетті орган белгілейді.";

3) 18-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

4) 20-бапта:

1-1-тармақ "куәландырылған мәміле" деген сөздерден кейін ", мұраға құқық туралы куәлік, меншік құқығы туралы куәлік" деген сөздермен толықтырылсын.

2-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) нотариус мәмілені куәландырғаннан, мұраға құқық туралы куәлікті немесе меншік құқығы туралы куәлікті бергеннен кейін:";

5) 23-бапта:

1-тармақтағы "Осы баптың 1-1, 2 және 3-тармақтарында" деген сөздер "Осы баптың 1-1, 1-2, 1-3 және 2-тармақтарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-3-тармақпен толықтырылсын:

"1-3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) жеделдетілген тәртіппен мемлекеттік тіркеу өтініш иесінің қалауы бойынша, тіркеуші органға өтініш келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі."

36. "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 65-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 11, 80-құжат; 2013 ж., № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат):

3-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес тауар биржасында биржалық тауарлармен жасалған мәмілелер бойынша бақылау жүзеге асырылмайды."

37. "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 15, 97-құжат; ; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 101-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-III, 149-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 24, 126-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 1-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

1-1), 2), 3), 5), 7) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) биржалық брокер (бұдан әрі – брокер) – тауар биржасында өз қызметін жүзеге асыратын және клиенттің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүддесі үшін биржалық тауармен мәмілелер жасайтын заңды тұлға;

2) биржалық дилер (бұдан әрі – дилер) – тауар биржасында өз қызметін жүзеге асыратын және өзінің мүддесі үшін және өзінің есебінен биржалық тауармен мәмілелер жасайтын заңды тұлға;

3) биржалық сауда – тауар биржасында электрондық нысанда биржалық сауда-саттықтар өткізу, мәмілелерді тіркеу және ресімдеу арқылы жүзеге асырылатын биржалық тауарларды, стандартталмаған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;"

"5) биржалық сауда-саттықтар – биржалық мәмілелер жасасу процесін автоматтандыруды қамтамасыз ететін тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне берілген электрондық өтінімдер негізінде биржалық тауарлар, стандартталмаған тауарлар бойынша мәмілелер жасауға бағытталған, биржалық сауда қағидалары шеңберінде жүргізілетін процесс;"

"7) биржалық тауар – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілген стандартталған біртекті тауар, оның бірліктері барлық жағынан да бір-біріне сәйкес келеді, сол бір функцияларды орындауына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары болады және ұқсас құрамдастардан тұрады, түрлі өндірушілерден шыққан бірін-бірі толық алмастыратын қасиетке ие партиялар, сондай-ақ мерзімді келісімшарт;"

"9) бұйрық – клиент тауар биржасында нақты биржалық тауарларға қатысты белгілі бір әрекетті жүзеге асыруды көрсете отырып, брокерге ұсынатын құжат;"

9-2) тармақша алып тасталсын;

10), 11-1), 11-2) және 14-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) клиент – биржалық тауармен мәмілелер жасау үшін брокердің көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;"

"11-1) кросс-мәміле – брокер екі әртүрлі клиенттің тапсырмасы бойынша әрекет ете отырып, сатушы тарапынан да, сатып алушы тарапынан да әрекет ететін биржалық мәміле;

11-2) қосарланған қарсы аукцион режимі – биржалық мәмілелер сатушылар мен сатып алушылар бәсекелестігі нәтижесінде анонимді түрде жасалатын, ал биржалық немесе стандартталмаған тауарға баға сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігі деңгейінде белгіленетін сауда режимі;"

"14-1) өзін-өзі реттейтін ұйым – брокерлердің немесе дилерлердің ерікті қатысуына негізделген және тауар биржалары саласындағы өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізіліміне енгізілген, қауымдастық (одақ) нысанындағы коммерциялық емес ұйым;"

мынадай мазмұндағы 14-2) тармақшамен толықтырылсын:

"14-2) сақтандыру қоры – биржада жасалған мәмілелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында биржа және (немесе) оның клирингтік орталығы биржа мүшелерінің міндетті жарналары есебінен қалыптастыратын ақша қоры;"

16-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1) стандартталмаған тауар – биржалық тауарларды, жылжымайтын мүлікті және зияткерлік меншік объектілерін қоспағанда, айналымнан алынбаған немесе айналымы шектелмеген, тауар биржасы биржалық саудаға жіберген тауар;"

мынадай мазмұндағы 16-2) тармақшамен толықтырылсын;

"16-2) стандартты аукцион режимі – стандартталмаған тауарлар бойынша биржалық мәмілелер төмендетуге немесе жоғарылатуға арналған аукцион барысында сатып

алушы (сатушы) – аукционның бастамашысы үшін ең үздік баға бойынша жасалатын сауда режимі";

2) 4-бапта:

2-2) және 3-5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2) биржалық тауарлардың тізбесін бекітеді, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді";

"3-5) тауар биржаларының қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін әзірлейді";

мынадай мазмұндағы 4-1), 5-1), 6-1), 10-1) және 10-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады";

"5-1) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қағидалары мен стандарттарын келіседі";

"6-1) тауар биржасындағы брокерлерді және (немесе) дилерлерді аккредиттеу қағидаларын келіседі";

"10-1) тауар биржаларының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асырады;

10-2) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізеді";

3) 8-баптың 1-тармағындағы "әділет органдарында" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында" деген сөздермен ауыстырылсын.

4) 10-баптың 2-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тауар биржасының мүшелерін аккредиттеу, оларды аккредиттеуді тоқтата тұру және тоқтату шарттары мен тәртібін";

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

3-1) өзін-өзі реттейтін ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ брокерлер мен дилерлердің биржалық мәміленің заңдылығын қамтамасыз етуін";

5) 13-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2), 2-3) және 2-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) бағамен айла-шарғы жасау фактілерін анықтауды;

2-2) биржалық баға белгілеуді қалыптастыруды;

2-3) тауар биржасының мүшелеріне аккредиттеу жүргізуді;

2-4) тауар биржасының аккредиттелген мүшелерінің биржалық сауда қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін, олардың көрсетілген қағидалардың талаптарын сақтауын бақылауды";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауар биржасы өз қызметін брокерлік, дилерлік және депозитарлық қызметпен, сондай-ақ бағалы қағаздарды басқару жөніндегі қызметпен қоса атқаруға құқылы емес."

6) 13-2-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) өзінің интернет-ресурсында тауар биржасының аккредиттелген мүшелерінің жаңаланған тізбесін орналастыруға міндетті.

Тізбеде тауар биржасының аккредиттелген мүшелерінің атауы, орналасқан жері, басшысы мен қызметкерлерінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

Тауар биржасы мүшелерінің атауы, орналасқан жері өзгерген, сондай-ақ басшысы ауысқан және (немесе) қызметкерлерінің құрамы өзгерген кезде, тауар биржасына тауар биржасының мүшелерінен ақпарат келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде тауар биржасы тізбені жаңартады;"

7) 15-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Биржалық тауарлардың тізбесінде мыналар қамтылады:

1) биржалық тауарлардың қысқаша атаулары және олардың Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес кодтары;

2) жекелеген биржалық тауарлар бойынша – беру партиясының ең төмен мөлшері, ол тең болған немесе одан асып кеткен кезде, оларды өткізу тауар биржасында ғана жүзеге асырылуға жатады;

3) жекелеген биржалық тауарлар бойынша – тауар биржалары арқылы міндетті түрде өткізілуге жататын ең аз үлес, сондай-ақ өздеріне осындай міндет қолданылатын субъектілер санаты;"

8) 15-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Биржалық сауда-саттық мынадай сауда режимдерінде жүргізіледі:

1) стандартты аукцион режимі;

2) қосарланған қарсы аукцион режимі;"

2-тармақ алып тасталсын;

3-тармақтың 3) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) стандартталмаған тауарды сатып алушының немесе сатушының тапсырысы бойынша аукцион өткізу;"

"5) аукцион қорытындылары бойынша стандартталмаған тауардың биржалық мәміле жасалатын бағасын қалыптастыру және оны төмендетуге арналған аукционға қатысушылар ұсынған бағалар арасында ең төмен баға және жоғарылатуға арналған аукционға қатысушылар ұсынған бағалар арасында ең жоғары баға ретінде айқындау;"

4-тармақтың 2) тармақшасындағы "адрестік мәміле және" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Тауар биржалары стандартталмаған тауарлар бойынша жасалатын мәмілердің жеке есебін жүргізеді.";

9) 17-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тауар биржасы клирингтік қызмет көрсету туралы шарт жасасқан дербес клирингтік ұйым тауар биржасының клирингтік орталығы болып табылады. Бұл ретте шетелдік заңды тұлғаның тауар биржасына оның клирингтік орталығы функцияларын орындай отырып, клирингтік қызмет көрсетуіне жол берілмейді.";

3-тармақ алып тасталсын;

10) 19-бапта:

1 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тауар биржасындағы брокерлік және дилерлік қызмет тауар биржасында аккредиттеу негізінде жүзеге асырылады.

Тауар биржасында аккредиттеуден теріс себептер бойынша шығарылған кезде, брокерлер және (немесе) дилерлер екі жыл бойы басқа тауар биржаларында аккредиттеле алмайды.";

"3. Брокер мен оның клиенттері арасындағы қатынастар брокерлік қызметтер көрсету туралы, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормалары қолданылатын шарттың негізінде туындайды.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жеке тұлға екі және одан көп брокердің және (немесе) дилердің басшысы бола алмайды.";

11) мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын:

"19-1-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның қызметі және өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелік (қатысу)

1. Өзін-өзі реттейтін ұйым өз қызметін осы Заңға, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысына, стандарты мен қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелік (қатысу) ерікті негізде жүзеге асырылады.

3. Брокерлер немесе дилерлер өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) болып табылады. Брокерлер мен дилерлер тек бір өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері (қатысушылары) бола алады.

4. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) қабылдау және ондағы мүшелікті (қатысуды) тоқтату шарттары мен тәртібі өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысында, стандарты мен қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) қабылдаудан бас тарту, мүшелерінен (қатысушыларынан) шығару туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

5. Өзін-өзі реттейтін ұйым өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелерінің (қатысушыларының) тізбесін өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті. Тізбеде мүшелердің (қатысушылардың) атауы, басшысы мен қызметкерлерінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

Мүшелердің (қатысушылардың) басшысы ауысқан және (немесе) қызметкерлерінің құрамы өзгерген кезде, өзін-өзі реттейтін ұйым үш жұмыс күні ішінде тізбені жаңартады.

6. Өзін-өзі реттейтін ұйымның өз мүшелерінің (қатысушыларының) қызметін бақылауы "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және негіздерде жүзеге асырылады.

Бұл ретте өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелеріне (қатысушыларына) тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі өзін-өзі реттейтін ұйымның уәкілетті органмен келісілген қағидаларында айқындалады.

7. Өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелік (қатысу) мынадай негіздер бойынша:

1) брокердің және дилердің өтініші бойынша;

2) мүшесі (қатысушы) осы Заңды, биржалық сауда қағидаларын, өзін-өзі реттейтін ұйымның жарғысын, стандарттары мен қағидаларын бірнеше рет бұзған жағдайда тоқтатылады.

Өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелігі (қатысуы) теріс себептермен тоқтатылған мүшелері (қатысушылары), сондай-ақ осы Заңды бұзған басшылар мен қызметкерлер кемінде екі жыл мерзімде биржалық саудаға қатыса алмайды.

8. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімінен шығару Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және негіздерде жүзеге асырылады.";

12) 20 және 21-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Брокердің және дилердің мәмілелер жасауы

1. Брокер биржалық мәмілелер жасауды – клиенттің бұйрығына сәйкес, дилер өз мүддесі үшін және өз есебінен жүзеге асырады. Клиенттердің бұйрықтарының түрлері, олардың мазмұны мен ресімделуі тауар биржасының ішкі құжаттарында белгіленеді.

2. Брокер клиенттің бұйрығын орындауды осы бұйрықта көрсетілген мәмілелерді жасау шарттарын сақтай отырып жүзеге асырады. Егер мәміле жасау кезінде мәміле шарттарын өзгерту қажеттігі туындаса, брокер өз әрекеттерін клиентпен келісуге міндетті.

21-бап. Тауар биржасында брокер мен оның клиенттерінің арасындағы қатынастар

Тауар биржасы өз өкілеттіктері шегінде брокерлер мен олардың клиенттерінің өзара қатынастарын регламенттейді, биржалық сауданы бұзушыларға шаралар қолданады.";

13) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Брокерлер жасалатын биржалық мәмілелердің есебін әрбір клиент бойынша жеке жүргізуге және осы мәмілелер туралы мәліметтерді мәміле жасалған күннен бастап бес жыл бойы сақтауға міндетті.";

14) 25 және 27-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау жоспардан тыс тексеріс, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың қызметін мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерістер және профилактикалық бақылау арқылы жүзеге асырылады.

3. Жоспардан тыс тексеріс және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

"27-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган олардың қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру жолымен жүзеге асырады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың жолын уақтылы кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға салынатын әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау бақылау субъектілері ұсынатын есепті, сондай-ақ бақылау субъектісінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау арқылы жүргізіледі.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша тауар биржалары саласындағы бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау органы бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным ресімдейді және жібереді.

5. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырыс хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жіберілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

7. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, ұсынымды жіберген уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі."

38. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; № 14, 84-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 22-I, 140-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 12, 87-құжат; № 23, 118-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат):

1) 5-баптың 3-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) клиентті (оның өкілін), бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіруге қажетті мәліметтердің анықтығын тексеру және клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту.

Клиенттің өкіліне қатысты осындай тұлғаның клиенттің атынан және (немесе) оның мүддесінде әрекет етуге өкілеттігі қосымша тексеріледі.

Мәліметтерді жаңарту клиент, бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің анықтығына күмәндануға негіздер болған кезде, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.";

2) 7-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды жүзеге асыру кезінде қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді тиісінше тексеруі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қаржы мониторингі субъектілері ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар жүргізілгенге дейін, осы Заңның 5-бабының 3-1 және 3-2-тармақтарында көзделген жағдайларды және осындай шаралар іскерлік қатынастар орнатылған кезде қабылданған жағдайды қоспағанда, осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген шараларды қабылдайды.";

3) 10-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат жинау";

1-тармақ алып тасталсын.

39. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 9, 43-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; № 22-VII, 161-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат; № 8-II, 70-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат; № 19, 62-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

1) 2-1-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) электрондық коммерцияда тұтынушылардың заңды мүдделерінің басқа сауда нысандарында ұсынылатын қорғау деңгейінен кем емес қорғалуын қамтамасыз ету;"

2) 24-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Электрондық саудада сатушы сатып алу-сату шартын жасасу алдында тұтынушыға тауарға ақы төлеу рәсімі және оның құны туралы ақпарат беруге міндетті.";

3) 25-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген ақпарат тұтынушының назарына тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) қоса берілетін құжаттамада, тұтыну ыдысында, затбелгілерде немесе тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жекелеген түрлері үшін қабылданған өзге тәсілмен қазақ және орыс тілдерінде жеткізіледі.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Тауарды электрондық сауда арқылы өткізу кезінде тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) атауы, тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алу құны мен шарттары туралы ақпарат, сондай-ақ тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) негізгі тұтынушылық қасиеттері туралы, өнімнің тағамдық, биологиялық және энергетикалық құндылығы туралы мәліметтер, сондай-ақ оларды жекелеген аурулар кезінде қолдануға қарсы көрсетілімдер туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен тұтынушының

назарына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қазақ және (немесе) орыс тілдерінде жеткізіледі.

Сатушы электрондық сауда мақсатында пайдаланатын интернет-ресурста тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) негізгі тұтынушылық қасиеттері туралы мәліметтер қамтылған интернет-ресурстарға сілтемелерді орналастыруға жол беріледі."

;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тауарды үлгі және (немесе) сипаттама бойынша сату кезінде, сондай-ақ тауарды электрондық саудада өткізу кезінде сатушы тұтынушыға үлгіге және (немесе) сипаттамаға сәйкес келетін тауарды беруге міндетті.";

4) 28-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Сатушы тауарды электрондық саудада өткізген кезде, техникалық өткізу жағдайында тұтынушыға тауарды және сатушыны бағалау немесе түсіндіру (тауар және сатушы туралы пікір қалдыру) мүмкіндігі берілуге тиіс.";

5) 30-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі 5) тармақшасындағы "клеенканы қоспағанда, егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, егер шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті." деген сөздер "клеенканы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын қоспағанда, егер тиісті сападағы азық-түліктік емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, егер шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.";

7-тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тауар үшін төленген ақшаны тұтынушыға қайтару кезінде сатушы (дайындаушы) одан тауардың толық немесе ішінара пайдаланылуы, оның тауарлық түрін жоғалтуы немесе басқа да осындай мән-жайлар себепті тауардың құны төмендеген соманы ұстап қалуға құқылы емес.

Кемшіліктері бар тауарды дәл сондай маркалы (модельді, артикулді) тауарға ауыстыру кезінде бағаны қайта есептеу жүргізілмейді.

Шартты бұзу кезінде тұтынушымен есеп айырысулар тауардың сатып алу кезіндегі бағасын негізге ала отырып жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 8-1 және 10-тармақтармен толықтырылсын:

"8-1. Тауарды электрондық саудада өткізу кезінде тауарды жеткізу мүмкіндігі мен оның құны туралы ақпарат тұтынушыға сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін беріледі.";

"10. Электрондық саудада тұтынушыға сатып алу-сату шартын жасасу алдында жеткізудің немесе шартты орындаудың басқа да талаптары туралы ақпарат қолжетімді болуға тиіс.";

б) 4-тарау мынадай мазмұндағы 33-1-баппен толықтырылсын:

"33-1-бап. Электрондық сауда алаңының міндеттері

1. Тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында электрондық сауда алаңы заңсыз сауданы болғызбау үшін сатушылардың жөнсіз әрекеттеріне және олардың анық емес ақпарат ұсынуына жол бермеу жөніндегі ішкі рәсімдердің болуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Электрондық сауда алаңы пайдаланатын, электрондық сауданы және электрондық сауда алаңының жұмысын қамтамасыз ететін және қолдап отыратын бағдарламалық қамтылым, техникалық кешендер қорғалған байланыс арналары арқылы жүзеге асырылуға тиіс."

40. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 19-I, 99-құжат; № 19-II, 103, 105-құжаттар; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-I, 124-құжат; № 21-II, 130-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 145, 148-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-II, 170, 172-құжаттар; 2016 ж., № 7-I, 47-құжат; № 7-II, 56-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; № 9, 22-құжат; № 11, 29-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 51, 54-құжаттар; № 15, 55-құжат; № 20, 96-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 1, 4-құжат; № 7-8, 22-құжат; № 10, 32-құжат; № 11, 37-құжат; № 15, 47-құжат; № 19, 62-құжат; № 22, 82-құжат; № 23, 91-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"21) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, өзіне мемлекеттік мүлікті ұйымдастыру және есепке алу саласында бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін басқару мен пайдалану жөніндегі функциялар жүктелген, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға;"

2) 14-бап мынадай мазмұндағы 26-1), 26-2) және 26-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"26-1) мемлекеттік материалдық резервті және жедел басқарудағы мүлікті қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша, жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті мүлікпен қамтамасыз етеді;

26-2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға сенімгерлік басқаруға береді;

26-3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің мүлкін басқару мен күтіп-ұстау үшін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторды қаржыландыруды жүзеге асырады;"

3) 75-баптың 11-тармағы мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша салықтық міндеттемелер сенімгерлік басқарушының орындауына жататын мемлекеттік мүліктің түрлері мен санаттары мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларында айқындалады.";

4) 97-баптың 5-тармағындағы "таратылуға жатады" деген сөздер "қосылу не бірігу арқылы қайта ұйымдастырылуға жатады немесе таратылуға жатады" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 101-баптың 6-тармағының бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарттарында мерзімдер туралы талаптар қамтылуға тиіс, осы мерзімдер ішінде сатып алушы кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын тіркеу үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына өтініш жасайды.";

6) 200-баптың 9-тармағында:

мынадай мазмұндағы 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өзіне сенімгерлік басқаруға берілген активтерін тиісінше пайдалану жай-күйінде ұстайды;

11) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өзіне сенімгерлік басқаруға берілген мүлкін басқару және пайдалану жөніндегі, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес жекеше әріптестерге берілген активтерін мониторингтеу жөніндегі функцияларды жүзеге асырады;

12) мемлекеттік мүлік тізіліміне мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өзіне сенімгерлік басқаруға берілген активтері жөнінде мәліметтер енгізеді.";

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген функцияларын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұқсас функцияларды орындау үшін айқындалған, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға жүзеге асыруға құқылы.

Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шартында айқындалады."

41. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 13, 113-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 11, 80-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 8-II, 66-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1) 8-бап мынадай мазмұндағы 10-2) тармақшамен толықтырылсын:

"10-2) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган ұсынған, мұнай өнімдерін тауар биржалары арқылы көтерме саудада өткізу тәртібін келіседі,";

2) 18-баптың 7 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын және (немесе) қайта өңдеу өнімдерін беру графигі және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағында бөлшек сауда арқылы өткізілуіне бағаларды мемлекеттік реттеу белгіленген мұнай

өнімдерін тұтынудың облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынатын болжамы негізінде ай сайын, жоспарланатын айдың алдындағы айдың 25-інен кешіктірмей, алдағы күнтізбелік айға мұнай өнімдерін беру жоспарын бекітеді және оны өзінің ресми интернет-ресурсында жариялайды.

Мұнай өнімдерін беру жоспарында:

1) өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі шикі мұнайдың және (немесе) газ конденсатының көлемінен өндірілген мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының ішкі нарығына беруге міндетті мұнай өнімдерін өндірушілердің және мұнай берушілердің тізбесі;

2) әрбір мұнай өнімдерін өндіруші және мұнай беруші алдағы күнтізбелік айда Қазақстан Республикасының ішкі нарығына беруге міндетті мұнай өнімдерінің әрбір түрінің көлемі;

3) әрбір мұнай өнімдерін өндіруші және мұнай беруші Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес тауар биржалары арқылы өткізуге міндетті мұнай өнімдерінің әрбір түрінің көлемі көрсетіледі.

8. Мұнай өнімдерін өндірушілер және мұнай берушілер мұнай өнімдерін берудің бекітілген жоспарына сәйкес, өздеріне меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тиесілі шикі мұнайдың және (немесе) газ конденсатының көлемінен өндірілген мұнай өнімдерін беруді жүзеге асыруға міндетті.

Мұнай өнімдерін беру жоспары шеңберінде мұнай өнімдерін одан әрі өткізу мақсатында сатып алуды жүзеге асырған тұлғалар сатып алынған мұнай өнімдерін осы Заңның талаптарына сәйкес тек қана Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өткізуге міндетті.";

3) 21-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Мұнай өнімдерін тауар биржалары арқылы көтерме саудада өткізу тәртібін сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

42. "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 15, 119-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 3, 19-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 11, 63-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 19-I, 99-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 156, 158-құжаттар; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 22-III, 109-құжат; № 23-III, 111-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат):

12-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "әділет," деген сөз "әділет органы, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы," деген сөздермен ауыстырылсын.

43. "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 2, 8-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 8-II, 72-құжат; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 15, 49-құжат; № 19, 62-құжат):

1-баптың 41) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"41) ұлттық оператор – акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакетінің меншік иесі мемлекет не ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық компания немесе Ұлттық әл-ауқат қорының тобына кіретін компания болып табылатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және Қазақстан Республикасының тауарлық газға деген ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында газ және газбен жабдықтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;"

44. "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 11, 79-құжат; 2014 ж., № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат; № 20-IV, 113-құжат; 2016 ж., № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 19, 62-құжат):

1-баптың 25) тармақшасындағы "акцияларының бақылау пакетінің меншік иесі" деген сөздер "акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакетінің меншік иесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

45. "Микроқаржы ұйымдары туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 20, 120-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 24, 126-құжат; 2017 ж., № 9, 21-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 1-баптың 7) тармақшасындағы "әділет органдарында" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "әділет органдарында" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында" деген сөздермен ауыстырылсын.

46. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 5-6, 29-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 21-I, 121-құжат; № 22-II, 145-құжат; № 22-V, 154, 156-құжаттар; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 11, 36-құжат):

11-1-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік корпорация жеке және (немесе) заңды тұлғаларға "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету, жеке және заңды тұлғалардың міндетті мемлекеттік тіркелуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын техникалық зерттеп-қарау, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу саласындағы қызметті жүзеге асыратын бірыңғай провайдер болып табылады."

47. "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 4-5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 15, 78-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 117-құжат; № 21-III, 136-құжат; № 22-I, 143-құжат; № 22-VI, 159-құжат; 2016 ж., № 6, 45-құжат; № 7-II, 53, 55-құжаттар; № 24, 124-құжат; 2017 ж., № 4, 7-құжат; 2018 ж., № 9, 31-құжат; № 10, 32-құжат; № 14, 44-құжат):

1) 50-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолдануға тыйым салу түріндегі салдар осы Заңның 104-1-бабына сәйкес банкроттық рәсімінде борышкердің кепіл мүлкіне өндіріп алуды қолдану жағдайларына қолданылмайды.";

2) 90-бап мынадай мазмұндағы 10 және 11-тармақтармен толықтырылсын:

"10. Егер кепілді кредитор кепіл мүлікті осы Заңның 104-1-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімдерде өткізбеген жағдайда, банкроттықты басқарушы кепіл мүлікті өткізу мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай кредитордың талаптарын оған кредиторлар жиналысында дауыс беру құқығын бере отырып, кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізеді.

11. Егер кепілді кредитор талаптарының сомасы кепіл мүлікті өткізуден түскен, оны өткізуге байланысты шығыстар шегерілген соманың мөлшерінен асып кеткен жағдайда, банкроттық басқарушы кепіл мүлік өткізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай кредиторға кредиторлар жиналысында дауыс беру құқығын бере отырып, мұндай айырманы кредиторлар талаптарының тізіліміне қайтарады.";

3) 100-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Кепілді кредиторлардың талаптары осы Заңның 104-1-бабына сәйкес кепіл мүлікті заттай қабылдау арқылы не кепіл мүлікті өткізуден алынған сома шегінде, басқа кредиторлардың алдында артықшылықпен қанағаттандырылады. Кепілді кредитор кепіл мүлікті қабылдаудан немесе өткізуден бас тартқан жағдайда, мұндай кредиторлардың талаптары осы Заңның 104-бабына сәйкес қанағаттандырылады.";

4) мынадай мазмұндағы 104-1-баппен толықтырылсын:

"104-1-бап. Кепілді кредиторлардың талаптарын кепіл мүлікті заттай қабылдау арқылы не кепіл мүлікті өткізуден алынған сома шегінде қанағаттандыру

1. Кредиторлар талаптарының тізілімінде кепілді кредитордың талаптары болған кезде уақытша басқарушы борышкердің банкрот деп танылған кезінен бастап бес жұмыс күні ішінде кепілді кредиторға пошта арқылы хабарламасы бар тапсырыс хатпен кепіл мүлікті заттай қабылдау не оны кепілді кредитордың өзі дербес өткізуі туралы ұсыныс жібереді.

2. Уақытша басқарушының ұсынысына кепілді кредитордың жауабы болмаған немесе кепілді кредитор кепіл мүлікті заттай қабылдаудан не өзі дербес өткізуден бас тартқан жағдайда, уақытша басқарушы хабарлама жіберген күннен бастап он жұмыс күні ішінде кепіл мүлік банкроттың мүліктік массасына енгізіледі. Бұл ретте кепілді кредитордың талаптары екінші кезек құрамында қанағаттандырылуға жатады.

3. Уақытша басқарушы кепілді кредитордың кепіл мүлікті заттай қабылдауға келісімі алынған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, кепіл мүлікке бағалау жүргізеді және кепіл мүлікті кепілді кредиторға беруді жүзеге асырады. Бұл ретте мұндай кредиторлардың талаптары кредиторлар талаптарының тізілімінен алып тасталады.

Егер кепіл мүлікті бағалауға жұмсалған шығыстарды шегергенде оның бағалау құны кепілді кредитордың кепілмен қамтамасыз етілген талаптарынан көп болған жағдайда, кепілді кредитор кепіл мүлік кепілді кредиторға берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осы айырманы банкроттың мүліктік массасына береді.

Егер кепіл мүлікті бағалауға жұмсалған шығыстарды шегергенде оның бағалау құны кепілді кредитордың талаптарынан аз болған жағдайда, кепілді кредитордың айырма мөлшеріндегі талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі және төртінші кезек құрамында қанағаттандырылуға жатады.

4. Кепілді кредитор кепіл мүлікті өзі дербес өткізуге келіскен кезде уақытша басқарушы кепіл мүлікті мүліктік массаға енгізбейді және осындай кредитордың талаптарын кредиторлар талаптарының тізілімінен алып тастайды.

Кепілді кредитор кепіл мүлікті Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және (немесе) "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өткізеді, бұл ретте кепіл мүлікті өткізу мерзімі кепілді кредитор уақытша басқарушыға кепіл мүлікті өзі дербес өткізуге келісімін жіберген күннен бастап алты айдан аспауға тиіс.

Кепілді кредитор кепіл мүлік өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, банкроттықты басқарушыны оны өткізу сомасы туралы хабардар етеді.

5. Кепіл мүлік осы баптың 4-тармағында белгіленген мерзім ішінде өткізілмеген жағдайда, банкроттықты басқарушы мұндай кепіл мүлікті банкроттың мүліктік массасына енгізеді және мұндай кепілді кредитордың талаптары кредиторлар

талаптарының тізіліміне енгізіледі және екінші кезек құрамында қанағаттандырылуға жатады.

6. Егер кепіл мүлікті өткізуге байланысты шығыстарды шегергенде оны өткізуден түскен сома кепілді кредитор талаптарының сомасынан асып кеткен жағдайда, мұндай айырма осындай мүлік өткізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, банкроттың мүлктік массасына қайтарылады.

7. Егер кепілді кредитор талаптарының сомасы кепіл мүлікті өткізуге байланысты шығыстарды шегергенде оны өткізуден түскен сома мөлшерінен асып кеткен жағдайда, кепілді кредитордың айырма мөлшеріндегі талаптары кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізіледі және төртінші кезектегі құрамда қанағаттандырылуға жатады.

8. Борышкер банкроттық туралы іс қозғалғанға дейін шарттық міндеттемелерді орындау процесінде қандай да бір сомаларды өтеген жағдайда, кепілді кредиторлардың талаптары олар өтелген бөлікте қанағаттандырылуға жатпайды.

Кепіл мүлікті жоғалтқаны немесе зақымдағаны үшін сақтандыру өтемі жағдайында кепілді кредиторлардың талаптары ол өтелген бөлікте қанағаттандырылуға жатпайды және осы талаптардың кез келген өтелмеген бөлігі екінші кезек шеңберінде өтелуге тиіс."

48. "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 9, 51-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 2, 3-құжат; № 8, 45-құжат; № 9, 46-құжат; № 11, 57-құжат; № 16, 79-құжат; № 19-II, 103-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 21-I, 128-құжат; № 21-III, 135-құжат; № 22-II, 144, 145-құжаттар; № 22-V, 156, 158-құжаттар; № 22-VI, 159-құжат; № 23-I, 169-құжат; 2016 ж., № 1, 2, 4-құжаттар; № 6, 45-құжат; № 7-I, 50-құжат; № 7-II, 53-құжат; № 8-I, 62-құжат; № 8-II, 68-құжат; № 12, 87-құжат; 2017 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 7-құжат; № 9, 21, 22-құжаттар; № 11, 29-құжат; № 12, 34-құжат; № 23-III, 111-құжат; № 23-V, 113-құжат; № 24, 115-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47, 49-құжаттар; № 23, 91-құжат; № 24, 94-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 6-құжат; 2019 жылғы 19 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1-қосымшаның 47 және 48-жолдары алып тасталсын.

49. "Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы" 2015 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 11, 51-құжат; 2017 ж., № 23-III, 111-құжат):

4-бапта:

1) және 3) тармақшалардағы "шараларын қолдану" деген сөздер "шараларының" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "шараларын қолдану туралы" деген сөздер "шараларының мәселелері жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "шараларын қолдану" деген сөздер "шараларының" деген сөзбен ауыстырылсын.

50. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-V, 153-құжат; 2016 ж., № 7-I, 50-құжат; № 22, 116-құжат; № 24, 123-құжат; 2017 ж., № 14, 51-құжат; № 16, 56-құжат; 2018 ж., № 12, 39-құжат; 2019 жылғы 25 ақпанда "Казахстанская правда" және 2019 жылғы 26 ақпанда "Егемен Қазақстан" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

16-баптың 3-тармағында:

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) жұмыста (қызметте) дәлелді себепсіз қатарынан үш және одан көп сағат бойы болмауы негізінде шығарылғаннан кейін үш жыл өткен соң мемлекеттік қызметке кіруге құқығы бар азаматты осындай шығару жағдайларын қоспағанда, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан және соттардан, әскери қызметтен теріс себептер бойынша шығарылған азаматты;"

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда қабылдауға болмайды."

51. "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 7-II, 52-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) уәкілетті ұйым – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы тікелей не жанама түрде мемлекетке тиесілі, мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламалары шеңберінде астанада, республикалық маңызы бар қалаларда не өзге әкімшілік-аумақтық бірліктерде тұрғын үй құрылысының проблемалы объектілерін аяқтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;"

2) 3-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың ережелері тұрғын үй құрылысының проблемалы объектілерін аяқтау үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшасын тартатын уәкілетті ұйымдардың қызметіне қолданылмайды.";

4-тармақтың 2) тармақшасы "Кепілдік беру қорын" деген сөздерден кейін "және уәкілетті ұйымдарды" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 5-бап мынадай мазмұндағы 11-1) және 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"11-1) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру тәсілдерін өзгерту қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

11-2) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай ақпараттық жүйесін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

4) 7-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды ұйымдастыру тәсілдерін өзгертуге жол беріледі.";

5) 8-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өзінің аудиторлық қорытындымен расталған қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы екі қаржы жылында қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шегергеннен кейін қалатын активтерінің болуы;"

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Құрылыс салушы және (немесе) уәкілетті компания Кепілдік беру қорына өтінім берілгенге дейін осы баптың 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген аяқталмаған құрылыстағы құрылыс-монтаждау жұмыстарына толық көлемде ақы төлеуге және ол тапсырыс беруші мен мердігердің арасындағы өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеру актілерімен расталуға тиіс.";

6) 9-баптың 4-тармағындағы "бір жер учаскесінде (бөліп беруде)" деген сөздер алып тасталсын;

7) 12-баптың 1-тармағы "уәкілетті компанияның" деген сөздердің алдынан "тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың бірыңғай ақпараттық жүйесі пайдаланыла отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

8) 19-баптың 10-тармағы "міндеттемелері бойынша" деген сөздерден кейін "үлескерлер алдында" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 20-баптың 8-тармағының 3) тармақшасындағы "бес пайызынан аспайтын" деген сөздер "он пайызынан аспайтын" деген сөздермен ауыстырылсын.

52. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 12, 86-құжат; № 23, 119-құжат; 2017 ж., № 12, 36-құжат; № 13, 45-құжат; № 14, 53-құжат; № 21, 98-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 13, 41-құжат; № 14, 44-құжат; № 15, 47-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 17-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "әділет органдарында" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 25-баптың 10-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен банктер мен мемлекеттік кіріс органдарының ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимыл жасасуы арқылы мемлекеттік кіріс органдарына қосылған құн салығын есепке алуға арналған ағымдағы шоттарды иеленушілер туралы мәліметтерді, олардың ашылуы және жабылуы, осындай шоттар бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, сондай-ақ ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты береді."

53. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік және тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2016 ж., № 24, 124-құжат):

2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңның 1-бабының 2-тармағы 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін."

54. "Коллекторлық қызмет туралы" 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 9, 20-құжат; № 22-III, 109-құжат; 2018 ж., № 14, 44-құжат; 2019 ж., № 2, 6-құжат):

1) 7-баптың 1-тармағындағы "әділет органдарында" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "әділет органдарында" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында" деген сөздермен ауыстырылсын.

55. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-III, 108-құжат; 2018 ж., № 10, 32-құжат; № 14, 42, 44-құжаттар; № 22, 83-құжат; № 24, 93-құжат; 2019 ж., № 1, 4-құжат):

1) 1-бапта:

2) тармақшадағы "412-баптың 5-тармағының 12) тармақшасын," деген сөздер алып тасталсын;

3) тармақшадағы "абзацын қоспағанда, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін." деген сөздер "абзацын;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 412-баптың 5-тармағының 12) тармақшасын қоспағанда, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін.";

2) мынадай мазмұндағы 6-1-баппен толықтырылсын:

"6-1-бап. Салық кодексінің 41-бабының қолданысы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"41-бап. Мемлекеттік мекемелердің және жекелеген заңды тұлғалар санаттарының мүлікті сенімгерлік басқаруға беруі кезінде салықтық міндеттемені орындау ерекшеліктері

1. Мемлекеттік мекемелер мүлікті сенімгерлік басқаруға берген кезде, егер мүлікті сенімгерлік басқару шартында (мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде) немесе осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша салықтық міндеттемелер сенімгерлік басқарушының орындауына жатады.

2. Сенімгерлік басқарушы сенімгерлік басқару жөніндегі қызмет бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген салықтар және жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салықтық міндеттемені, егер бір мезгілде мынадай шарттар сақталған жағдайда:

1) сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы:

ұлттық басқарушы холдинг немесе

ұлттық компания немесе

дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлға болып табылса, немесе

жарғылық капиталға қатысу үлестерінің елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық компанияға тиесілі заңды тұлға болып табылса;

2) сенімгерлік басқаруға алынған мүлік халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес сенімгерлік басқарушыда негізгі құралдардың, жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құрамында есепке алынуға жататын болса, орындауға құқылы.

3. Сенімгерлік басқарушы, егер мүлікті сенімгерлік басқару шартында (мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде) өзгеше белгіленбесе, салықтарды есептеу және төлеу, салықтық есептілікті жасау және ұсыну бойынша салықтық міндеттемелерді:

егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлік басқару құқығын мемлекеттік тіркеу талап етілетін жағдайда – мұндай құқық мемлекеттік тіркелген;

егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлік басқару құқығын мемлекеттік тіркеу талап етілмейтін жағдайда – мүлікті сенімгерлік басқару шарты (мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы акті) жасалған күннен бастап орындайды.

4. Сенімгерлік басқарушы:

егер мүлікті сенімгерлік басқару шартында (мүлікті сенімгерлік басқаруды құру туралы актіде) өзгеше белгіленбесе, салықтарды есептеу және төлеу, салықтық есептілікті жасау және ұсыну бойынша салықтық міндеттемелерді өз атынан, қатарына осындай сенімгерлік басқарушы жататын тұлғалар үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінде белгіленген мөлшерлемелер бойынша және тәртіппен орындайды;

мүлікті сенімгерлік басқаруға беру кезінде салықтық міндеттемені орындау мақсатында осы Кодекстің 194-бабына сәйкес бөлек есепке алуды жүргізуге міндетті.

5. Егер мемлекеттік мекемелер мүлікті сенімгерлік басқаруға берген кезде мемлекеттік мекеменің мүлкі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес сенімгерлік басқарушыда негізгі құралдардың, жылжымайтын мүлікке инвестициялардың құрамында есепке алынбайтын жағдайда, онда мұндай мүлікті қабылдап алу-беру актісінде мұндай мүліктің акт жасалған күнге баланстық құны көрсетілуге тиіс.";

3) 7-баптың жиырма жетінші абзацы "талап қоюдың" деген сөздердің алдынан "осындай хабарламада көрсетілген мәселе бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 22-бапта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Салық кодексінің 166-бабының қолданысы 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:";

2) тармақшада:

отыз екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"7) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін бағасы;"

мынадай мазмұндағы отыз бесінші – қырық бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"10) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауы;

11) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің саны, олардың өлшем бірлігі;

12) тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасы;

13) егер салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда – қосылған құн салығы салынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі айналымдар бойынша мөлшерлеме көрсетіле отырып, қосылған құн салығының сомасы;

14) бақылау-касса машинасы пайдаланылатын жердің мекенжайы;

15) бақылау-касса машинасының чегі туралы ақпаратты кодталған түрде қамтитын штрих код.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 9) және 15) тармақшаларының ережелері деректерді беру функциясы жоқ бақылау-касса машиналарының чектеріне қолданылмайды.";

3) тармақша алып тасталсын;

5) 23-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Салық кодексінің 167, 168 және 169-баптарының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы баптар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:";

6) мынадай мазмұндағы 31-1, 31-2, 32-1 және 32-2-баптармен толықтырылсын:

"31-1-бап. Салық кодексінің 268-бабы 7-тармағының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"7. Осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушіні бірігу, қосылу, бөліну немесе бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыруға байланысты тіркелген актив алынған кезде, осы баптың 2-тармағының негізінде тіркелген активтердің бастапқы құнына қосылмайтын шығындарды (шығыстарды) қоспағанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бастапқы тану кезінде осындай активтің құнын ұлғайтатын іс жүзіндегі шығындар есепке алына отырып, осындай активтің беру актісінде немесе бөлу балансында көрсетілген баланстық құны оның бастапқы құны болып табылады.

Берілетін тіркелген активтердің салықтық есепке алу деректері бойынша құны осы Кодекстің 270-бабының 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес беру актісінде көрсетілген жағдайда, бірігу арқылы құрылып, жаңадан пайда болған заңды тұлғаның немесе өзіне басқа заңды тұлға қосылған заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы осындай құнға ұлғайтылады.

Берілетін тіркелген активтердің салықтық есепке алу деректері бойынша құны осы Кодекстің 270-бабы 6-тармағының екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес беру актісінде көрсетілген жағдайда, осындай құн Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес бөлініп шығу арқылы немесе қайта ұйымдастырылу күнінде ірі салық төлеушілер мониторингінде болған заңды тұлғадан бөлініп шығу арқылы құрылып, жаңадан пайда болған заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансына қосылады."

31-2-бап. Салық кодексінің 270-бабы 6-тармағының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"6. Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе, тіркелген активтер бірігу, қосылу, бөліну немесе бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыру нәтижесінде шығып қалған кезде қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы берілген активтердің беру актісінде немесе бөлу балансында көрсетілген баланстық құнына азайтылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес заңды тұлғаны бөлініп шығу арқылы немесе қайта ұйымдастырылу күнінде ірі салық төлеушілер мониторингінде болған заңды тұлғадан бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ бірігу, қосылу арқылы қайта ұйымдастыру кезінде салық төлеушілер салықтық есепке алу мақсаттары үшін, беру актісінде берілетін тіркелген активтердің қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның салықтық есепке алу деректері бойынша құнын:

1) I топтың тіркелген активтері бойынша – тіркелген активтердің осы Кодекстің 267-бабының 3-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген қалдық құнын;

2) II, III, IV топтардың тіркелген активтері бойынша топтың барлық тіркелген активтерін беру шартымен – топтың құндық балансының осы Кодекстің 267-бабының 8-тармағында айқындалған тәртіппен есептелген шамасын көрсетуге құқылы. Осы тармақшаның ережелері осы Кодекстің 194-бабында көзделген бөлек салықтық есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылатын топтардың құндық баланстарына қатысты да қолданылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда, бірігу, қосылу, сондай-ақ бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғаның кіші тобының (тобының) құндық балансы берілетін тіркелген активтердің осы тармаққа сәйкес беру актісінде көрсетілген салықтық есепке алу деректері бойынша құнына азайтылады."."

"32-1-бап. Салық кодексінің 294-бабы 1-тармағының қолданысы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін тұлға:

1) осындай тұлға мынадай тұлғалардың бірі:

Қазақстан Республикасы қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарт жасасқан шет мемлекетте тіркелген бейрезидент-заңды тұлғаны қоспағанда, бейрезидент-заңды тұлға;

Қазақстан Республикасы қосарланған салық салуды болғызбау және салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу мәселелерін реттейтін халықаралық шарт жасасқан шет мемлекетте тіркелген ұйымның өзге нысанын қоспағанда, заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың өзге шетелдік нысаны (бұдан әрі – ұйымның өзге нысаны) болып табылса;

2) осындай тұлға мынадай шарттардың біріне сай келсе:

тұлғаға қатысу үлесінің (дауыс беретін акциялардың) 25 және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды немесе жеке тұлғаға (бұдан әрі осы тараудың мақсаттарында – резидент) тікелей немесе жанама немесе конструктивті тиесілі болса;

тұлға резидентпен бақылау арқылы байланысты болса (егер резиденттің тұлғаға тікелей немесе жанама немесе конструктивті бақылауы болған жағдайда);

3) осындай тұлға мынадай шарттардың біріне сай келсе:

осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған, бейрезидент-заңды тұлғаның немесе ұйымның өзге нысанының пайдасына салынатын салықтың тиімді мөлшерлемесі 10 пайыздан азды құраса;

бейрезидент-заңды тұлға немесе ұйымның өзге нысаны немесе оның құрылтай құжаты (құрылуы туралы құжаты) немесе өзіне осындай ұйымның өзге нысаны бойынша кірістер мен шығыстарды есепке алуды жүргізу немесе активтерді басқару жүктелген қатысушы жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелсе, бақыланатын шетелдік компания болып танылады.

Бақыланатын шетелдік компанияны айқындау мақсаттарында "бақылау" ұғымы осы баптың 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес айқындалады."

32-2-бап. Салық кодексінің 297-бабы 4-тармағының және 10-тармағы 6) тармақшасының қолданысы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы нормалар мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"4. Резиденттің растайтын құжаттары болған кезде бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасын мынадай сомаларға азайтуға құқығы бар:

1) егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі шоғырландырылған қаржылық пайдасы осындай соманы есепке алған жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған, топшілік операциялардан болатын пайда (залал) сомасына, қауымдастырылған (бірлескен) ұйымдардың кірістеріндегі үлеске азайтылған еншілес ұйымдардың салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының (залалының) сомалары. Осы тармақшаның ережесі, егер бақыланатын шетелдік компания тіркелген мемлекеттің заңнамалық актілерінде шоғырландырылмаған жеке қаржылық есептілік жасамай, еншілес (қауымдастырылған, бірлескен) ұйымдардың деректерін көрсете отырып, шоғырландырылған қаржылық есептілік жасау жөнінде міндеттеме белгіленген жағдайда қолданылады;

2) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = ҚП \times (К/ЖКС)$, мұнда:

A - азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

К - егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осы тармақшада көрсетілген салық салынатын кірісті есепке алған жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның филиал, өкілдік, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтен түскен, Қазақстан Республикасында 20 пайыз мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған салық салынатын кірісі;

ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы;

3) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = ҚП \times (К/ЖКС)$, мұнда:

А - азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

К – егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осы тармақшада көрсетілген кірісті есепке алған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, бұдан бұрын Қазақстан Республикасында төлем көзінен 20 пайыз мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмай қызметтер көрсетуден (жұмыстар орындаудан) түскен кіріс;

ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы;

4) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = ҚП \times (К/ЖКС)$, мұнда:

А - азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

Д – егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осындай дивидендтерді қамтыған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған дивидендтер;

ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы;

5) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = ҚП \times (К/ЖКС)$, мұнда:

А - азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

К – егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осы тармақшада көрсетілген кірісті қамтыған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, бұдан бұрын Қазақстан Республикасында төлем көзінен 20 пайыз мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған, осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделгеннен өзге кіріс;

ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы;

б) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = ҚП \times (К/ЖКС)$, мұнда:

А - азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

К – шоғырландырылған топтың біртұтас ұйымдық құрылымына кіретін бақыланатын шетелдік бір компания бақыланатын шетелдік басқа компаниядан алған дивидендтер сомасы. Егер бақыланатын шетелдік бір компанияның қаржылық пайдасы бұдан бұрын Қазақстан Республикасында осындай бақыланатын шетелдік басқа компанияның қаржылық пайдасынан корпоративтік табыс салығы салынған және (немесе) есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде осы баптың 4-тармағының 4) тармақшасына немесе осы тармақшаға сәйкес азайтылған осындай дивидендтерді қамтыған жағдайда;

ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы.

Осы тармақтың ережелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелген бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне қолданылмайды.";

"б) осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 6) тармақшасын қолдану үшін:

резиденттің бақыланатын шетелдік екі компаниясының арасында дивидендтердің бөлінгенін және төленгенін растайтын құжаттардың көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына резиденттің бақыланатын шетелдік басқа компаниясы төлеген (төлейтін) дивидендтердің қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) ішкі құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

бақыланатын шетелдік компанияның қаржылық пайдасынан корпоративтік табыс салығының есептелгенін және төленгенін растайтын құжаттардың көшірмесі;

шоғырландырылған топтың барлық қатысушысының толық атауы, резиденттік елі және қатысу үлестері (дауыс беретін акциялары) көрсетілген құрылымын айқындайтын құжаттар. Осындай құжаттармен қатар сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) үзінді-көшірме немесе шоғырландырылған топтың қатысушысы тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге ұқсас құжат ұсынылады.

Осы баптың 3 немесе 4-тармақтарының ережелерін қолданатын резидентте осы тармақта көрсетілген құжаттар немесе олардың көшірмесі бар болуға тиіс."."

7) 33-баптың 2) тармақшасында:

сексен төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мүгедекке тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беруі кезінде алынған материалдық пайда. Бұл ретте осы абзацтың ережесі:"

мынадай мазмұндағы сексен бесінші және сексен алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"мүгедек;

жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедекке әлеуметтік қызметтер көрсететін жеке көмекші болып табылатын жеке тұлғаларға қолданылады;"

екі жүз алтыншы абзац алып тасталсын;

екі жүз он бірінші абзацтағы "жеке тұлғаларға жүзеге асыратын төлемдер жатады." деген сөздер "жеке тұлғаларға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы екі жүз он екінші абзацпен толықтырылсын:

"5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлем түрінде жеке тұлғаларға жүзеге асыратын төлемдер жатады.";

екі жүз отыз төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі көздерден алынған мүлікті өткізуден түсетін кірісі;"

үш жүз елу төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер осы Кодекстің 77-тарауында өзгеше тәртіп белгіленбесе, шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің кірісі осы бапқа сәйкес айқындалады.";

үш жүз сексен бірінші – үш жүз тоқсан бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = \text{ҚП} \times (K/\text{ЖКС})$, мұнда:

A - азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

К - егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осы тармақшада көрсетілген салық салынатын кірісті есепке алған жағдайда, бақыланатын шетелдік компанияның филиал, өкілдік, тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтен түскен, Қазақстан Республикасында 10 және одан көп пайызды құрайтын мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған салық салынатын кірісі;

ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы;

3) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = ҚП \times (К/ЖКС)$, мұнда:

А - азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

К – егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осы тармақшада көрсетілген кірісті қамтыған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, бұдан бұрын Қазақстан Республикасында төлем көзінен 10 және одан көп пайызды құрайтын мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған, Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмай қызметтер көрсетуден (жұмыстар орындаудан) түскен кіріс;

ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы;

4) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = ҚП \times (К/ЖКС)$, мұнда:

А - азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

Д – егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осындай дивидендтерді қамтыған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған дивидендтер;

ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы;

5) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = ҚП \times (К/ЖКС)$, мұнда:

А - азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

К – егер бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасы осы тармақшада көрсетілген кірісті қамтыған жағдайда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған, бұдан бұрын Қазақстан Республикасында төлем көзінен 10 және одан көп пайызды құрайтын мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығы салынған, осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделгеннен өзге кіріс;"

мынадай мазмұндағы үш жүз тоқсан екінші – төрт жүз он бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы;

б) мына формула бойынша айқындалатын шама:

$A = ҚП \times (К/ЖКС)$, мұнда:

А – азайту сомасы;

ҚП – бақыланатын шетелдік компанияның салық салынғанға дейінгі қаржылық пайдасының оң шамасы;

К – шоғырландырылған топтың біртұтас ұйымдық құрылымына кіретін бақыланатын шетелдік бір компания бақыланатын шетелдік басқа компаниядан алған дивидендтер сомасы. Егер бақыланатын шетелдік бір компанияның қаржылық пайдасы бұдан бұрын Қазақстан Республикасында осындай бақыланатын шетелдік басқа компанияның қаржылық пайдасынан корпоративтік табыс салығы салынған және (немесе) есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде осы баптың 4-тармағының 4) тармақшасына немесе осы тармақшаға сәйкес азайтылған осындай дивидендтерді қамтыған жағдайда;

ЖКС – бақыланатын шетелдік компанияның немесе бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесінің есепті салықтық кезең үшін аудитпен расталған қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кірісінің сомасы.

Осы тармақтың ережелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелген бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне қолданылмайды.";

төрт жүз жиырма төртінші абзацтағы "шекте кірісті түзету мөлшері көрсетілген" деген сөздер "шекте кірісті түзетуді қолдану үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

төрт жүз сексен төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қайтыс болуы туралы анықтама немесе қайтыс болуы туралы куәлік болған кезде – жерлеуге арналған төлемдер.";

бес жүз жиырма алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер салық агенті жеке тұлғаның кірістен жеке табыс салығын ұстап қалу күнінен кеш өтініш жасауы себебінен жеке тұлғаның осындай кірісіне осы баптың 1-тармағының 13), 14) және 18) тармақшаларында көзделген кіріс түзетуді қолданбаған жағдайда, онда жеке тұлға осындай кірістен жеке табыс салығын ұстап қалуды жүргізген салық агентіне өтініш пен растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы, солардың негізінде салық агенті осы Кодекстің 48-бабының 2-тармағында көзделген талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде кірістерге қайта есептеу жүргізеді.";

бес жүз қырық алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салықтық шегерімді және осы Кодекстің 345-бабының 1-тармағында көрсетілген зейнетақы төлемдері бойынша салықтық шегерімді қоспағанда, салық агенті салықтық шегерімдерді төлем көзінен:";

бес жүз елу бірінші және бес жүз елу екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жеке тұлға міндетті зейнетақы жарналары түріндегі салықтық шегерімді қоспағанда, салықтық кезеңде салықтық шегерімнің белгілі бір түрін бір салық агентінде ғана қолдануға құқылы.

4. Егер салық агенті жеке тұлғаның кірістен жеке табыс салығын ұстап қалу күнінен кеш өтініш жасауы себебінен жеке тұлғаның осындай кірісіне салықтық шегерімдерді қолданбаған жағдайда, онда жеке тұлға осындай кірістен жеке табыс салығын ұстап қалуды жүргізген салық агентіне өтініш пен растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы, солардың негізінде салық агенті осы Кодекстің 48-бабының 2-тармағында көзделген талап қоюдың ескіру мерзімі шегінде кірістерге қайта есептеу жүргізеді.";

алты жүз қырық төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жұмыскердің салықтық кезеңге есептелген, төлем көзінен салық салынуға жататын кірістерінің сомасы,";

алты жүз қырық алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Кодекстің 341-бабының 1-тармағында көзделген, салықтық кезеңдегі кірісті түзету сомасы,";

алты жүз алпыс бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"осы Кодекстің 345-бабының 1-тармағында және 346-бабы 1-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген тәртіппен және мөлшерлерде салықтық шегерімдер сомасы,";

жеті жүз жиырма үшінші – жеті жүз отыз бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жеке табыс салығы мынадай тәртіптердің бірімен айқындалатын шамаға азайтылады:

1) Қазақстан Республикасында дивидендтер түріндегі кірістерден төлем көзінен ұстап қалынған корпоративтік табыс салығы сомасын қоспағанда, бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған, осы

Кодекстің 340-бабына сәйкес бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында есепті немесе алдыңғы салықтық кезеңде салық салуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына қосылған кірісінен немесе салық салынатын кірісінен салықтық кезеңде Қазақстан Республикасында төлем көзінен, резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне тікелей, жанама, конструктивті қатысу немесе тікелей, жанама, конструктивті бақылау үлесіне мөлшерлес ұстап қалынған корпоративтік табыс салығының сомасы. Осы тармақшаның ережесі 10 пайыздан азды құрайтын мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген, төлем көзінен ұстап қалынған корпоративтік табыс салығының сомасына және резидент осы Кодекстің 359-бабы 2-тармағының ережелері қолданбаған жағдайда қолданылады;

2) мынадай тәртіппен айқындалатын шама:

$Cш = K \times Kф \times (Kм - Mт) / 100 \%$, мұнда:

Cш – осы тармақшаға сәйкес шегеруге жататын салық;

K – дивидендтер түріндегі кірістерді қоспағанда, бақыланатын шетелдік компания Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кіріс немесе салық салынатын кіріс;

Kф - резиденттің бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне тікелей, жанама, конструктивті қатысу немесе тікелей, жанама, конструктивті бақылау коэффициенті;

Kм – Қазақстан Республикасында бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірісінен немесе салық салынатын кірісінен 10 пайыздан азды құрайтын мөлшерлеме бойынша ұстап қалынған корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі (бұдан әрі – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі);

Mт – бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірісін немесе салық салынатын кірісін қамтитын, осы Кодекстің 359-бабының 2-тармағына сәйкес есепке жатқызуға жатқызылған немесе есепке жатқызуға жатқызылуға тиіс пайдаға салынатын шетелдік салық есептелген қаржылық пайдасынан шет мемлекетте төленген пайдаға салынатын шетелдік салықтың немесе Қазақстан Республикасындағы корпоративтік табыс салығына ұқсас өзге шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесі (бұдан әрі – пайдаға салынатын шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесі).

Егер резидент-жеке тұлға осы Кодекстің 359-бабы 2-тармағының ережелерін қолданған және егер корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі пайдаға салынатын шетелдік салықтың тиімді мөлшерлемесінен көп болған жағдайларда, осы тармақтың бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережесі пайдаланылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1) немесе 2) тармақшасының ережесі жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелмеген бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне және резидент-жеке тұлғада мынадай:

резиденттің бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасындағы көздерден алған кірісінен немесе салық салынатын кірісінен корпоративтік табыс салығын төлем көзінен ұстап қалғанын және Қазақстан Республикасының бюджетіне аударғанын растайтын құжаттардың;

бақыланатын шетелдік компанияның Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын (салық салынған) қаржылық пайдасына Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістің немесе салық салынатын кірістің қосылғанын растайтын, шет тілде жасалған (қазақ немесе орыс тіліне міндетті түрде аударма жасалған) ішкі құжаттың (құжаттардың);";

мынадай мазмұндағы жеті жүз отыз алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы қолданылған жағдайда, осы Кодекстің 303-бабы 4-тармағының бесінші бөлігінде көрсетілген құжаттардың көшірмелері болған кезде қолданылады.";

жеті жүз қырық үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Мт – осы Кодекстің 340-бабы 3-тармағының 2) – 6) тармақшаларында көрсетілген кірістерден Қазақстан Республикасында төлем көзінен ұстап қалынған табыс салығы есепке алынбай, осы Кодекстің 294-бабы 4-тармағының 12) тармақшасына сәйкес есептелген тиімді мөлшерлеме.";

мынадай мазмұндағы жеті жүз қырық төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың ережелері жеңілдікті салық салынатын мемлекеттерде тіркелген бақыланатын шетелдік компанияға және (немесе) бақыланатын шетелдік компанияның тұрақты мекемесіне қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы сегіз жүзінші абзацпен толықтырылсын:

"3. Егер жеке табыс салығы бойынша декларация ұсынылған күнге қаржылық есептіліктің бекітілген аудиторлық есебі болмаған жағдайда, бақыланатын шетелдік компаниялардың немесе бақыланатын шетелдік компаниялардың тұрақты мекемелерінің жиынтық пайдасын есептеу осы Кодекстің 211-бабының ережелері ескеріле отырып, қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп бекітілген күннен кейінгі алпыс жұмыс күні ішінде, бірақ есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей ұсынылатын жеке табыс салығы бойынша қосымша декларацияда жүргізіледі.";

сегіз жүз он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 299 және 300-баптарында белгіленген залалдарды ауыстыру тәртібіне ұқсас тәртіппен ауыстырылатын залалдар.";

сегіз жүз он сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында, осы Кодекстің 241-бабы 2-тармағының ережелері ескеріле отырып, осы Кодекстің 241-бабының 1-тармағында белгіленген жылдық жиынтық кірісті түзетуді айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен

айқындалған, дара кәсіпкердің салықтық кезең үшін жиынтық түрде алынған кірісін түзету,";

сегіз жүз жиырмасыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында осы Кодекстің 241-бабының 3-тармағында белгіленген жылдық жиынтық кірісті түзетуді айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындалған, дара кәсіпкердің салықтық кезең үшін жиынтық түрде алынған кірісін түзету.";

8) мынадай мазмұндағы 35-1, 35-2, 43-4, 43-5, 43-6, 43-7, 48-1, 48-2, 55-1 және 57-2-баптармен толықтырылсын:

"35-1-бап. Салық кодексінің 369-бабы 1-тармағының қолданысы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Мыналар салық салынатын айналым болып табылады:

1) осы Кодекстің 370-бабында көрсетілген салық салынбайтын айналымды қоспағанда, қосылған құн салығын төлеуші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша жасайтын айналым.

Осы Кодекстің 197-бабында белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда, бұрын мүлікті қаржы лизингіне беру кезінде босатылған айналым өткізу бойынша айналым жасалған күннен бастап ретроспективті түрде салық салынатын айналым деп танылады ;

2) осы Кодекстің 373-бабына сәйкес бейрезиденттен жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қосылған құн салығын төлеуші жасайтын айналым;

3) осы Кодекстің 370-бабының 3) тармақшасында көрсетілген салық салынбайтын айналымды қоспағанда, тауарлардың қалдықтары түріндегі айналым.

Егер осы тармақшада өзгеше көзделмесе, өздері бойынша қосылған құн салығы есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы ретінде есепке алынған және қосылған құн салығын төлеуші қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен:

қосылған құн салығы бойынша таратудың салықтық есептілігі ұсыныла отырып шығарылған кезде – осындай есептілік ұсынылған күннің алдындағы күнге;

салық органының шешімі бойынша шығарылған кезде – осы Кодекстің 85-бабының 6-тармағында көрсетілген күнге оған меншік құқығымен тиесілі болатын тауарлар тауарлардың қалдықтары түріндегі айналым деп танылады.

Осы тармақшаның ережелері сондай-ақ қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару кезінде бұрын бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған заңды тұлғаны қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару күніне бар болған, бұрын беру актісі бойынша алынған тауарлардың қалдықтары бойынша қосылған құн салығы бойынша есепке қойғаннан кейін бес жыл бойы қолданылады.

Осы тармақшаның ережесі бірігу нәтижесінде жаңадан құрылған барлық заңды тұлғалар немесе өзіне басқа заңды тұлға (заңды тұлғалар) қосылған заңды тұлға қайта ұйымдастырудан кейін қосылған құн салығын төлеушілер болып табылады деген шарт орындалған кезде, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуына байланысты оны қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару кезінде қолданылмайды;

4) жаңадан пайда болған заңды тұлға бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастырудан кейін қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркелмеген жағдайда, осындай қайта ұйымдастыру кезінде беру актісінде көрсетілген берілетін тауарлар бойынша айналым.

Қайта ұйымдастырылатын тұлға осы тармақшаның ережелерін беру актісінде көрсетілген, өздері бойынша қосылған құн салығын осындай тұлға есепке жатқызуға жатқызылатын қосылған құн салығы ретінде есепке алған тауарларға қолданады."

35-2-бап. Салық кодексінің 380-бабы 4-тармағының қолданысы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"4. Осы Кодекстің 369-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген айналымының мөлшері осындай тауарлардың айналым жасалған күнге қосылған құн салығын осындай төлеушінің бухгалтерлік есепке алуында көрсетілуге жататын (көрсетілген) баланстық құны мөлшерінде айқындалады.

Осы тармақтың мақсаттары үшін қосылған құн салығын төлеушідегі тауардың баланстық құны:

1) қайта ұйымдастырылуына байланысты қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған кезде, сондай-ақ осы Кодекстің 369-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда, бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастыру кезінде – тауардың бөлу балансында немесе беру актісінде көрсетілген, бірақ айналым жасалған күнге қосылған құн салығын осындай төлеушінің бухгалтерлік есепке алуында көрсетілуге жататын (көрсетілген) баланстық құнынан төмен емес құны;

2) қалған жағдайларда – тауардың айналым жасалған күнге қосылған құн салығын осындай төлеушінің бухгалтерлік есепке алуында көрсетілуге жататын (көрсетілген) баланстық құны болып табылады."";

"43-4-бап. Салық кодексінің 490-бабы 7-тармағының қолданысы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"7. Мемлекеттік мекемелер және заңды тұлғалардың жекелеген санаттары сенімгерлік басқаруға берген көлік құралдары бойынша салық төлеуші осы Кодекстің 41-бабына сәйкес айқындалады."

43-5-бап. Салық кодексінің 498-бабы 5-тармағының қолданысы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5. Мемлекеттік мекемелер және заңды тұлғалардың жекелеген санаттары сенімгерлік басқаруға берген жер учаскелері бойынша салық төлеуші осы Кодекстің 41-бабына сәйкес айқындалады."

43-6-бап. Салық кодексінің 518-бабы 1-тармағының қолданысы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"1. Мемлекеттік мекемелер және заңды тұлғалардың жекелеген санаттары салық салу объектісін сенімгерлік басқаруға берген кезде салық төлеуші осы Кодекстің 41-бабына сәйкес айқындалады."

43-7-бап. "Салық кодексінің 560-бабы 2018 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Заңды тұлғалардың жекелеген санаттарымен жасалған шарт бойынша сенімгерлік басқаруда тұрған мүлік алып жатқан жер учаскелері бойынша пайдаланғаны үшін төлемақы төлеуші осы Кодекстің 41-бабының 2-тармағына сәйкес айқындалады."";

"48-1-бап. Салық кодексінің 686-бабы 2019 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

1) 2019 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде:

"2-1. Осы баптың 2-тармағына сәйкес есептелген жеке табыс салығының сомасы деректерді тіркеу және беру функциясы бар бір бақылау-касса машинасын не үш құрамдасты интеграцияланған жүйені сатып алуға 60 000 теңге сомасына, бірақ есептелген салық сомасының 50 пайызынан асырмай азайту жағына түзетілуге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген салықты азайту деректерді тіркеу және беру функциясы бар осындай бақылау-касса машинасы салық органдарында алғаш рет есепке қойылған немесе үш құрамдасты интеграцияланған жүйе орнатылған салықтық кезең үшін патент құнының соңғы есеп-қисабында жеке табыс салығының сомасын есептеу кезінде бір мезгілде бүкіл салықтық кезең үшін тұтас жүргізіледі.";

2) 2020 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде:

"2-1. Осы баптың 2-тармағына сәйкес есептелген жеке табыс салығының сомасы үш құрамдасты интеграцияланған жүйені сатып алуға 60 000 теңге сомасына, бірақ есептелген салық сомасының 50 пайызынан асырмай азайту жағына түзетілуге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген салықты азайту осындай үш құрамдасты интеграцияланған жүйе алғаш рет орнатылған салықтық кезең үшін патент құнының соңғы есеп-қисабында жеке табыс салығының сомасын есептеу кезінде бір мезгілде бүкіл салықтық кезең үшін, сондай-ақ осындай сатып алудың салықтық кезеңінен кейінгі салықтық кезең үшін тұтас жүргізіледі."

48-2-бап. Салық кодексінің 687-бабы 2019 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

1) 2019 жылғы 1 қаңтардан 2020 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде:

"2-1. Салық төлеуші деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасын немесе үш құрамдасты интеграцияланған жүйені салық органдарында есепке қойған күнтізбелік жылдың екінші жартыжылдығы үшін оңайлатылған декларацияда есептелген жеке табыс салығының сомасы осы салық төлеушінің 60 000 теңге сомасына, бірақ осындай күнтізбелік жылдың екі жартыжылдығы үшін есептелген салық сомасының 50 пайызынан асырмай азайту жағына түзетуіне жатады.

Салық төлеуші осындай үш құрамдасты интеграцияланған жүйе орнатылған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың екінші жартыжылдығы үшін жеке табыс салығын есептеген және оңайлатылған декларацияны тапсырған кезде де осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесін қолданады.";

2) 2020 жылғы 1 қаңтардан 2022 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде:

"2-1. Салық төлеуші үш құрамдасты интеграцияланған жүйені орнатқан күнтізбелік жылдың екінші жартыжылдығы үшін оңайлатылған декларацияда есептелген жеке табыс салығының сомасы осы салық төлеушінің 60 000 теңге сомасына, бірақ осындай күнтізбелік жылдың екі жартыжылдығы үшін есептелген салық сомасының 50 пайызынан асырмай азайту жағына түзетуіне жатады.

Салық төлеуші осындай үш құрамдасты интеграцияланған жүйе орнатылған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың екінші жартыжылдығы үшін жеке табыс салығын есептеген және оңайлатылған декларацияны тапсырған кезде де осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесін қолданады.".

"55-1-бап. Салық кодексінің 282-бабының 1-тармағында көзделген, қолданылу мерзімі ішінде, 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалған кірістерге салық салу мақсатында кірістердің асып кетуі пайда болған ұзақ мерзімді келісімшарт бойынша 2018 жылы кірісті осындай асып кету мөлшеріне азайту жолымен түзету жүргізіледі деп белгіленсін.";

"57-2-бап. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салықтық міндеттемені орындау мәселелері бойынша 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған салықтық тексерулерді аяқтау 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін .".

56. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2017 ж., № 22-III, 109-құжат):

1) 1-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 90-бапта:

1-1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 2026 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік есепке алуда көрсетілген, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алуға банктің еншілес ұйымына берілген күмәнді және үмітсіз активтерге қарсы есепті және (немесе) алдыңғы салықтық кезеңдерде шегерімдерге жатқызылған провизиялардың (резервтердің) сомалары танылады. Осы тармақшада көрсетілген провизиялардың (резервтердің) сомалары 2026 жылға тура келетін салықтық кезең үшін банктің жылдық жиынтық кірісіне енгізіледі."

;

2-тармақтың 6) тармақшасында:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымына;"

төртінші абзацтағы "банкке берген;" деген сөздер "банкке;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына берген;"

2) 11-бапта:

1) тармақшадағы "4)," деген цифр "4) тармақшасының бірінші – алтыншы абзацтарын," деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "27) тармақшасын" деген сөздер "4) тармақшасының жетінші және сегізінші абзацтарын, 27) тармақшасын" деген сөздермен ауыстырылсын.

57. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2018 ж., № 13, 41-құжат):

1) 1-бапта:

13-тармақта:

12) тармақшаның он төртінші абзацындағы "талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен" деген сөздер "уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде, талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшаның жетінші абзацындағы "талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мерзімде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен" деген сөздер "уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған

тәртіппен және мерзімдерде, талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-бапта:

1-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 10-тармағы 17) тармақшасының алпыс бесінші абзацын;"

6) тармақшадағы "абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі." деген сөздер "абзацтарын;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 17-тармағы 12) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған қайта сақтандыру шарттарын 2020 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының талаптарына сәйкес келтіруге міндетті.";

14-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы тармақтың мақсаттарында акционерлік қоғамның дауыс беретін акциялары деп "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-1-бабының 9-тармағына сәйкес айқындалған акциялар түсініледі.";

мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. 1-баптың 13-тармағының 12) тармақшасы он төртінші абзацының және 13) тармақшасы жетінші абзацының күші акционерлік қоғамның жай және (немесе) артықшылықты акциялар бойынша төленуі 2019 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде жүзеге асырылуға тиіс болған, бірақ акционерлік қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты 2019 жылғы 1 шілдеге дейін төленуі жүргізілмеген дивидендтерге қатысты қолданылады.".

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағы 2) тармақшасының бірінші, екінші және үшінші абзацтарын, 6) тармақшасын, 14) тармақшасының бірінші, төртінші және бесінші абзацтарын, 21), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 38) және 39) тармақшаларын, 40) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтарын, 42) және 46) тармақшаларын, 47) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші,

бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 48) тармақшасының бірінші, екінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтарын, 49) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 51) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші және төртінші абзацтарын, 56) тармақшасын, 60) тармақшасының бірінші, үшінші және төртінші абзацтарын, 65) және 68) тармақшаларын, 70) тармақшасының бірінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарын, 74) және 75) тармақшаларын, 76) тармақшасының бірінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 78) тармақшасының бірінші, екінші және үшінші абзацтарын, 79), 80) және 81) тармақшаларын, 10-тармағының 3) тармақшасын, 55-тармағының 1) және 7) тармақшаларын, 8) тармақшасының қырық екінші және қырық үшінші абзацтарын;

2) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағын, 9-тармағының 1) тармақшасын, 2) тармақшасының төртінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 3) тармақшасының бірінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 4) және 5) тармақшаларын, 14) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтарын, 20) тармақшасын, 24) тармақшасының бірінші, екінші, алтыншы және жиырма екінші абзацтарын, 26) және 37) тармақшаларын, 40) тармақшасының он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтарын, 48) тармақшасының үшінші абзацын, 49) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтарын, 51) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарын, 55), 58) және 59) тармақшаларын, 60) тармақшасының екінші абзацын, 61), 62), 63), 64) және 77) тармақшаларын, 14-тармағының 5) тармақшасын, 24-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларын, 52-тармағының 2) тармақшасын, 55-тармағының 4) тармақшасын, 57-тармағы 2) тармақшасының тоғызыншы және оныншы абзацтарын;

3) 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 1) тармақшасын, 2) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 5-тармағының 2) және 3) тармақшаларын, 6-тармағының 5) тармақшасын, 7-тармағының 2), 12) және 14) тармақшаларын, 9-тармағы 2) тармақшасының бесінші абзацын, 7), 8), 9), 12) және 13) тармақшаларын, 14) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 16), 18), 28) және 35) тармақшаларын, 40) тармақшасының төртінші абзацын, 41) тармақшасын, 47) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтарын, 50), 53), 54), 57) және 69) тармақшаларын, 76) тармақшасының екінші, үшінші, жетінші және сегізінші абзацтарын, 12-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 8), 9) және 10) тармақшаларын, 13-тармағын, 14-тармағының 1), 2), 3), 4), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларын, 15-тармағын, 18-тармағының 4), 5), 6), 7), 8), 11), 12) және 13) тармақшаларын, 20 және 23-тармақтарын, 24-тармағының 8) тармақшасын, 26-тармағын, 29-тармағының 1)

тармақшасын, 34-тармағын, 37-тармағының 3) тармақшасын, 40-тармағының 5) тармақшасын, 42, 45 және 46-тармақтарын, 52-тармағының 1) тармақшасын, 54-тармағын, 57-тармағы 2) тармақшасының он бірінші және он екінші абзацтарын;

4) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағы 3) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтарын, 17), 19), 23) және 66) тармақшаларын, 55-тармағының 3) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК